Төменде берілген сұрақтарды қолдана отырып бала мен әңгімелесу барысында, оның білімі туралы мағлұмат жиналады. Бұл әдістемені ойын ретінде балалар тобымен жүргізуге де әбден болады. Мысалы, психолог балаларды ертегі әлеміне қыдыруға шақырады. Бұл әлемдегі заттардың барлығы геометриялық бұралардан тұрады екен. Осы фигураларды дұрыс атағандар басқа бөлмеге шығуына, үзіліс жасауына, келесі тапсырманы орындауына рұқсат

алады (балаларды қызықтыратын нәрселерді қолдану қажет).

Әңгімелесуге келесі сұрақтарды қолдануға болады:

Қандай фигуралардың атын білесің?

Үстелдің беті қандай фигураға ұқсайды?

Терезе айналары фигураларын атап берші.

Ыдыстардың басым көбі қандай фигураға ұқсайды?

Дөңгелек пен шардың айырмашылығы неде?

Осы бөлмеде пирамидаға ұқсас не бар?

Сынып бөлмесінде үшбұрышқа ұқсайтын нәрселер бар ма?

Менің оң жағымда орналасқан нәрселерді аташы?

Олар қандай фигураларға ұқсайды?

Қиыққа ұқсас нәрсені тапшы.

Фигураларға қарап оларды ата: үшбұрыш, қиық, шаршы, төртбұрыш, ромб, куб, дөңгелек, сопақ, пирамида, бесбұрыш.

Бағалау шкаласы:

7-10 фигураны атасы – өте жақсы;

6-жақсы;

4-орта

3-төмен.

2. **“Мектеп мотивациясын тексеруге арналған” сауалнама.**

Авторы: Н. Г. Лусканова.

Оқушыларға «Мектеп маған не ұнайды?» деген тақырыпта сурет салу тапсырылады.

Автордың пікірінше тақырыпқа байланысты суреттегі мынандай жағдайларға көңіл аудару керек:

Мотивациясы дамымаған, мектеп моитациясы жоқ, бірақ та оқушының ойын және басқа мотивбері басым. Мұндай жағдайда оқшылар машинаны, әскери әрекеттегі ойыншықтарды, оюларды және т.б. суреттерді бейнелейді;

Балалық негативизм, оқушы мектеп тақырыбында сурет салудан бас тартып, өзі жақсы көріп салатын суретін бейнелейді, мұндай мінез-құлықты оқушының талаптан теңгейі жоғары және талаптарына қиындықпен бейімделуін көрсетеді;

Тапсырманы түсінбеуі немесе дұрыс қабылдамау, оқушылар ешнәрсе салмаса немесе басқа оқушының берілген тапсырмаға

қатысты емес суретін көшіріп салса, онда бұл жағдай психикалық дамуы артта қалған балаларға қатысты. Мұндай жағдай 0 балмен бағаланады;

Берілген тақырып бойынша салынған суреттердің сюжетін бағалау:

Оқушының таным мотиві мен оқу белсенділігі оқу жағдайындағы мектеп мотивациясының жоғарылығын көрсетеді, оны 30 балмен бағалайды.

Сыртқы мектеп атрибуттары оқуға қатысты емес жағдайда мектепке қатынасы оң оқушыларға тән, бірақ сыртқы мотивациясы 20 балмен бағаланады.

Мектептегі ойын жағдайы қатынасы оң оқушыларға тән, бірақ игерген ойын мотивациясы 10 балмен бағаланады.

3. "Оқу мотивациясын тексеруге арналған" сауалнама.

Оқу мотивациясының деңгейін скринингті бағалау үшін Н. Г. Лусканова арнайы сауалнама ұсынады. 10 сұрақтың жауаптарым 0-ден 3 балға дейін бағаланады (теріс жауап-0 балл, бейтрап-1 балл, оң жауап-3 балл). 30-25 балл жинағын оқушылар мектепке бейімделуінің жоғары деңгейін, 20-24 балл ортаңғы норманы, 15-19 балл ішкі мотивацияны, 10-14 балл және одан төменгі балл-мектепке деген теріс қарым-қатынасын, яғни мектеп дезадаптациясын көрсетеді.

Сауалнама сұрақтары.

Саған мектеп ұнай ма немесе ұнамайды ма?

Таңертең сен ұйқыдан тұрғанда мектепке қуанышты барасың ба, әлде үйде қалғың келеді ме?

Егер мұғалім ертең барлығының келуің шарт емес, келгісі келген оқушыларға ғана келсін десе, сен сабаққа келесің бе, әлде үйде қаласың ба?

Кейбір сабақтың болмай қалуы саған ұнайды ма?

Саған үй тапсырмасын бермегенін қалайсың ба?

Сен сабақты үзілістің көп болғанын қалайсың ба?

Сен ата-анаңа мектеп жайында жиі айтасың ба?

Саған мұғалімінің қатал болғаны ұнайды ма?

Сенің класта достарың көп пе?

Кластастарың саған ұнайды ма?

Оқу мотивациясының динамикасын бағалау үшін сауалнамада сұрақтар қайталанып келеді. Оқу мотивация деңгейінің төмендеуі баланың мектеп дезадаптациясының көрсеткішін, ал оның жоғарылауы-оқудағы және дамудағы оң динамикасын білдіреді.

Жүргізілген зерттеулер оқушының бейімделуінің үш деңгейін бөліп көрсетеді:

Жоғары деңгей-оқушының мектепке қатысты оң; берілген талаптарды адекватты қабылдайды; оқу материалдарын оңай меңгереді; мәліметтерді толық игерген; мұғалімінің айтқандарын мұқият тыңдайды; тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз-ақ орындайды; өзіндік жұмысқа, барлық пәндерге қызығушылықпен қарайды; тапсырмаларды мұқият орындайды; класта жоғары мәртебеге ие.

Ортаңғы деңгей-оқушының мектепке қатынасы оң; оқу материалдарын түсінеді; бағдарламаның негізгілерін меңгереді; тапсырмаларды өзбетінше орындайды, тапсырмаларды орындауда мұқият; бірақ бақылауды талап етеді; сабаққа қызығушылықпен дайындалады; кластағы көп оқушылармен достық қарым-қатынас жасайды.

Төмеңгі деңгей-оқушының мектепке қатынасы теріс; денсаулығының нашарлығына реніш білдіреді; көңіл-күйінің нашарлығын көрсетеді; тәртіп тұзады; оқу материалдарын фрагментарлы меңгереді; өзіндік тапсырмаларға қызығушылық көрсетпейді; сабақтарға немқұрайлы дайындалады; бақылау мен көмекті үзілісті қажет етеді; пассивті; класта жақын достары жоқ.

Әдебиеттер тізімі

Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – Москва: Педагогика, 1986.

Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – Санкт-Петербург: Питер, 2008.

Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Москва: Педагогика, 1973.

Гальперин П.Я. К проблеме формирования умственных действий.

– Москва: Наука, 1985.

Тихомирова Т.Н. Психодиагностика познавательных процессов.

– Москва: Академия, 2017.

Немов Р.С. Психология. В 3-х томах. – Москва: ВЛАДОС, 2003.

Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва: Наука, 1975.

Жақыпов С.М. Оқушылардың танымдық әрекетін дамыту. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.

Мұқанова Б. Балалар психологиясы. – Алматы: Білім, 2016.

Әбдіманапова Ш. Қазіргі білім беру жүйесіндегі диагностикалық әдістер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САБАҚҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.

Шагатаева Айнаш Тажихановна

Жамбыл облысы Меркі ауданы
№28 жалпы орта білім беретін мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыруда ойын технологиясын қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Ойын арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігі дамып, олардың танымдық қабілеттері артады. Ұлттық ойындар мен заманауи дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану арқылы балалардың ойлау дағдыларын жетілдіру, өзіндік жұмысқа дағдыландыру және оқу материалдарын жеңіл әрі қызықты түрде меңгеру мәселелері талданады. Сонымен қатар, ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру, зейінін шоғырландыру, өзара қарым-қатынасын нығайту және тілдік дағдыларын дамыту жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: ойын технологиясы, бастауыш сынып, оқушылардың қызығушылығы, шығармашылық белсенділік, танымдық қабілеттер, ұлттық ойындар, дидактикалық ойындар, ойлау дағдылары, өзіндік жұмыс, оқу мотивациясы, зейінді дамыту, қарым-қатынас, тілдік дағдылар, интерактивті оқыту, білім беру әдістері.



Жалпы бастауыш сынып оқушыларының оқыту үрдісіндегі әрекеттері тікелей ойынмен тығыз байланысты. Өзімнің неше жылдық тәжірибемде байқағаным: ойынды сабақта тиімді пайдалану оқушының ой өрісін шыңдай отырып, жаңа сабақты тез меңгеруіне және ақпаратты белсенді қабылдауына үлкен септігін тигізеді. Ол үшін мұғалімнің шеберлігі де үлкен роль атқарады. Ойынды сабақ кезеңдерінің қажетті кезінде орынды пайдалану-педогогтан сауаттылықты қажет етеді. Мәнсіз-мағынасыз қолдану сабақ түсінуге зиянын тигізеді. Сабақтағы қандай да бір дүниені дамытуға пайдалана білу керек деп ойлаймын. Менің өзекті тақырыбым: «Ойын технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың танымдық қабілетін дамыту»

Бұл өзекті тақырыпты алудағы мақсат, міндеттерім:

1. Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуына және өздігімен жұмыс істеу арқылы өз білімін қалыптастыруға дағдыландыру;

2. Бала тәрбиесіне әсер беретін ойындар жүйесін қалыптастыру;

3. Ұлттық ойындарды дәріптеу;

4. Зеректі , тапқыр, ойшыл болуға тәрбиелеу;

5. Танымдық қабілеттерін арттыру;

Ойын дегеніміз не? Ойын- балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасайтын өз бетінше іс-әрекет. Ойын арқылы баланы оқу-тәрбие үрдісіне қызықтыруға болады.

Ойын-баланың ақыл-ойын тәрбиелейтін құрал. Бала көп ойнайды, ойын арқылы тәрбие алады.

Ұлттық ойындар-заманында бірінші алға қойылған мақсатқа даярлау, отаншылдық сезімге баулу. Бұл оқу-тәрбие негіздерінің бірі.

Ойын нені қалыптастырады?

О-ойды

Й-икемді

Ы-ынтымақтастықты

Н-нақтылықты қалыптастырады

Ойынның қай-қайсысы болса да белгілі мақсат, міндеттерді көздей отырып ұйымдастырылады. Себебі, ойын ойыншының адамгершілік, мінез-құлық, дене қасиеттерінің даналық жақтарын, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді астарлы да ашық қамтиды.

Ойын қалай, қашан пайда болған? Ойын тарихының шығуы адамзат тарихының бір бөлігі ретінде сонау аң аулау мен терімшілік уақытында қатар пайда болып, дамып келеді. Содан бізге жетіп, ойналған ойындар ағылшын ғалымы Э. Манкейдің пайымдауынша 5000 жылдай бұрын ойналса керек. Қазақтың қонақжайлылығымен бірге енген ұлттық ойындары да бала болмысына үлкен әсер ететіні хақ. «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» деген сөз де содан шықса керек.

Ойын- бала тәрбиесімен егіз.Өйткені бала ойынсыз еспейді, жан-жақсыз дамымайды.Тек қимыл, қозғалыс қана дененің шынығып өсуін, жетілуін қамтамасыз ете алады

Халық ойындарын бүгінгі педагогикалық білім талаптарына сай іріктеп, ретті қолдана білсек, онда ол бала тәрбиесінің сапасын көтеріп, тиімділігін арттырады, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын жандандырады.

Ғалымдар, педагогтар ұлттық ойындарды зерттеп 5 топқа бөлген.

- 1.Аңға байланысты ойындар
- 2.Малға байланысты ойындар
- 3.Түрлі заттармен ойналатын ойындар
- 4.Зеректілікті, ептілікті, икемділікті қажет ететін ойындар
5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар

Ойындар оқушылардың ақыл-ойын жетілдіріп, дүниетанымын, рухани деңгейін кеңейтіп, олардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытады, алған білімдерін күнбе -күн өмірмен ұштастырады ,басқа да адамгершілік мінез-құлықтарды бойына сіңіруге мүмкіншіліктер береді. Сондықтан, тәрбие жұмысында халық ойындарын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Ойынның педагогикада, оқыту үрдісінде алатын орны Платон заманынан белгілі болған XVIII ғасырдың өзінеде-ақ Ж.Ж. Руссо

мен И.Г. Песталоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

- 1.Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді
- 2.Сөздік қоры байиды, тілі дамиды
- 3.Зейіні қалыптасады
- 4.Байқампаздығы артады
- 5.Өзара сыйластыққа үйретеді
- 6.Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды
- 7.Бір-біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды
- 8.Сабаққа қызығушылығы артады.
- 9.Бір-бірімен жақын қарым-қатынаста болады.
10. Қисынды ой-қабілетін дамытады.

Педагогикалық үрдісті жетілдіруде ойынның алар орнын қазақстандық ғалым Н. Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинг, күнделікті негізгі әрекет және оның жеке өмірі, – деп дәлелдеген. Н. Құлжанованың айтуы бойынша ойынды әдептілік, тәрбиелік мақсатта пайдалану–баланың болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеуі және өмірдің талаптарына сай бейімделуі басты педагогикалық мақсаттар. Ғалым «Бала ойында ғана тынығып», «жұмыс жасап», өсіп жетіледі. «Оның ойлау қабілеті жетіліп, қарым-қатынас жасау мүмкіндігі артады», –деп атап көрсеткен.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», –деп М. Жұмабаев атап көрсетсе, «Ойын–баланың рухани дамуының негізі», –деп Ж. Плаже, К. Левин, Л.С. Выгоский, Д.Б. Эльконин өз еңбектерінде атап көрсеткен.

1.Ойын–балалар үшін күрделі әрекет те бола алады. Балалар білімді ойын арқылы қабылдап, үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын оқушы білімін тыңдап, ой-өрісі кеңейте алады,

білім алудағы қызығушылығы артады. Ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Баланың жас ерекшелігіне, сабақтың мақсатына сай ұжымдастырылған ойындардың берері мол.

Білім берудің жаңа технологияларын пайдалану бойынша мемлекеттік стандарт жобасында оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. «Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын қарапайым тілдік жағдаяттарда білім алушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді», деп атап көрсетілген.

Сондай-ақ 12 жылдың білім беруде ұлттық ойындарға және шынайы өмірлік әрекетпен ойналатын ойындарға мән беріледі.

Ойын арқылы оқушының білімі мен бейімін, жеке тұлғалық қасиет-қабілеттерін арттыру мүмкіндіктері зерттелген. Ойындардың қажеттілігін іріктеп ала білу-ұстаз шеберлігіне байланысты. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның мақсаты-қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Мұғалім сол сабаққа қатысты жалпылама сөзді атайды, оқушылар қажетті сөздерді атайды немесе жазады. Бұл ойын оқушыларды талдау жасауға да үйретеді. Мысалы: тіл дамыту сабағында «Заттың атаулары» деген сөз аталса, оқушылар, бірнеше сөздер айтады және сұрақтар қояды. Жауаптарды жазады. Сондай-ақ оқушы зейінін қалыптастыруда «Кім тез, шапшаң» ойынын өткізуге болады. Бұл ойынды барлық сабақтарда қолдануға болады.

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өзбеттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әр түрлі

жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. Мұғалім ойындарды қолдану үшін жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді. Олар: грамматикалық лото, грамматикалық тренинг, грамматикалық гимнастика т.б.

Сабақ барысында оқушының тілін дамытатындай, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратындай ойындарды қолданамын. Олар: «Синтаксистік касса», «Сөйлем қуаласпақ», «Құсбегі», «Кедергіден өту», «Кім болам?», «Асауды ұстау», «Аударыспақ», «Вагондарды құрау», «Қай әріп жоғалды?», «Лоторея ұту», «Жасырынбақ», «Атын айт», «Түсін таны» «Не артық?» т.б. ойындар. Әр ойын сабақ мақсатына сай қолданыс табады.

«Синтаксистік касса» ойыны. Карточкада бірнеше суреттер көрсетіледі (адам, құс, т.б.) беріледі және қойылатын сұрақтар карточкасы жасалады. Суреттің үстіне сұрақтары айтылып қойылады.

«Сөйлем қуаласпақ» ойыны. Интерактивті тақтадан мазмұнды суреттер көрсетіледі. Топта сөйлемдер арқылы мәтін түрлері немесе хат, эссе, ой-толғау, хабарландыру, жарнама құрастырылады (ауызша).

«Кедергіден өту» ойыны. Интерактивті тақтадан «кедергілер» көрсетіледі. Әр кедергінің өз тапсырамасы тақтадан көрінеді. Тапсырмалар топқа беріледі. Осылайша ойын соңында кедергілерден өтіп мәреге жеткен топ жеңіске жетеді.

«Вагон құрау» ойыны. Әр топқа бірнеше вагондар беріледі. Әр балаға 1 вагоннан. Вагонның артындағы тапсырманы орындаған оқушы вагонды ретімен тақтаға келіп іледі. Қай топтың вагондары алдымен құралса, сол топ жеңіске жетеді.

«Алтын айт» ойыны. Интерактивті тақтадан бір-бірімен араласқан бірнеше суреттер тұрады. Оқушылар кезекпен шығып суреттерді «белгісі» арқылы топтан себебін түсіндіреді.

Сабақтан тыс уақытта қимыл-әрекет ойындарына көңіл бөлінеді. «Туған күні», «Ақ терек, көк терек», «Ақ тоқаш», «Айға

ұшу», «Кім болам?» сияқты ойындар ойналады. Қимылдары дамуымен қатар ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды.

Мысалы:Бүгін Анардың туған күніне

Ақ тоқаш пісірдік

Үлкендігі мынадай

Кішкентайлығы осындай

Ақ тоқаш-ау, ақ тоқаш

Біреуді сайлап, өзің қаш.

Сонымен қатар 12 жылдық білім беру және оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рольдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән беремін. Оқушылар алдына түрлі өмірлік жағдаяттар беріліп, оқушылар лайнай отырып, сол туындаған проблеманы шешуге дағдыланады. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Біздің үйіміз» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Сонымен, ойын келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі: баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. Баланың әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды. Қорыта айтқанда, сабақтарды ұйымдастыру барысында ойынды қолдана отырып, келесідей нәтижелерге қол жеткіздім.

Бастауыш сынып оқушыларының сабаққа деген қызығушылығын арттыруда ойын технологиясын қолдану – қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды әдістердің бірі болып табылады. Ойын технологиялары арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі артып, шығармашылық қабілеттері дамиды. Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты ойын – олардың негізгі іс-әрекеті болып табылады. Сондықтан, оқу үдерісіне ойын технологияларын енгізу оқушылардың оқу материалдарын жеңіл әрі қызықты

меңгеруіне ықпал етеді.

Ойын технологиясын қолдану балалардың зейінін шоғырландыруға, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіруге және өз бетімен жұмыс істеуге деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын ояту үшін мұғалімдер ұлттық ойындар мен заманауи дидактикалық ойындарды тиімді пайдалана отырып, оқыту үдерісін интерактивті әрі тартымды ете алады. Ұлттық ойындар балалардың мәдени құндылықтарға деген құрметін қалыптастырып, олардың тілдік және коммуникативтік дағдыларын дамытады. Ал заманауи ойын әдістері оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыруға, оқушылардың логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Ойын технологияларының тағы бір маңызды ерекшелігі – олардың білім алушылардың мотивациясын арттырудағы рөлі. Сабақ барысында ойын элементтерін қолдану балалардың белсенділігін арттырып, оларды оқу материалдарын игеруге қызықтырады. Әсіресе, қашықтан оқыту жағдайында ойын технологияларының рөлі айтарлықтай артты. Сандық ойындар, онлайн викториналар, квест-ойындар және басқа да интерактивті әдістер оқушылардың білімін бекітуге және олардың өзіндік жұмыс жасау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, ойын технологияларын қолдану оқушылардың өзара қарым-қатынас дағдыларын нығайтуға көмектеседі. Ойын барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын еркін жеткізуге үйренеді. Топтық және жұптық ойындар оқушыларды ынтымақтастыққа, бір-бірін тыңдауға, пікір алмасуға және ортақ шешім қабылдауға үйретеді. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу барысында ойын технологияларын тиімді қолданудың бірнеше маңызды аспектілері бар. Біріншіден, ойын түрлері оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы керек. Балалардың танымдық деңгейіне сай келмейтін ойындар олардың мотивациясын төмендетуі мүмкін. Екіншіден,

мұғалімдер ойындарды сабақ тақырыбымен үйлестіре отырып жоспарлауы қажет. Бұл оқушылардың жаңа білімді қызықты әрі жеңіл меңгеруіне мүмкіндік береді. Үшіншіден, ойын технологияларын қолдану барысында мұғалімдер оқушылардың белсенділігін үнемі бақылап, олардың оқу жетістіктерін талдап отыруы қажет.

Зерттеулер көрсеткендей, ойын технологияларын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігі мен оқу жетістіктерін арттырады. Ойын элементтерін пайдалану арқылы өткен сабақтарда оқушылардың материалды есте сақтау қабілеті артып, пәнге деген қызығушылығы жоғарылағаны байқалады. Сонымен қатар, ойын барысында балалар өздерінің қабілеттерін еркін көрсетуге мүмкіндік алады, бұл олардың өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектеседі.

Қорыта келе, ойын технологияларын бастауыш сыныпта қолдану – оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына, білімін терең меңгеруіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді әдіс. Ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану оқыту үдерісін қызықты, тартымды және нәтижелі ете алады. Сондықтан, болашақта білім беру жүйесінде ойын технологияларын одан әрі жетілдіру, олардың қолдану аясын кеңейту және жаңа заманауи әдістермен үйлестіру маңызды болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Петров А.В. «Ойын әрекеті арқылы белсенділікке баулу». – Москва: Педагогика, 2021.
2. Калмыкова Е.В. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту». – Санкт-Петербург: Академия, 2017.
3. Буланов С. «Құзыреттілік және ойын технологиясы». – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
4. Жұмабаева Г. «Ойын технологияларын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру». – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.
5. Мұқанова Б. «Балалардың психологиялық дамуы және ойын әдістері». – Алматы: Білім, 2018.
6. Сапарова А. «Интерактивті оқыту әдістері». – Шымкент: Мектеп, 2021.

7. Құлжанова Н. «Ойын арқылы оқыту технологиясы». – Алматы: Рауан, 2015.
8. Қарабалаева Л. «Ойын арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту». – Тараз: Білім, 2016.
9. Педагогикалық зерттеулер және оқыту әдістері. // Интернет ресурстары.
10. Креативтілікті дамытудағы ойын технологиясы. // Интернет ресурстары.

СУРЬМАНЫҢ КӨЗГЕ ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Абдирахман Айғали

ЖШС ``Dostyq school Almaty'', 11-сынып оқушысы.

Жетекшісі: Құрманалиев Мәди Ерназарұлы

e-mail: Sakensejfulin30@gmail.com
madi.kurmanaliyev@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада сурьманың көзге тигізетін пайдасы мен зияны қарастырылады. Сурьма – ерте заманнан бері қолданылып келе жатқан косметикалық және дәрілік заттардың бірі. Оның көзді қорғау, көру қабілетін жақсарту және көз ауруларының алдын алу қасиеттері халық медицинасында кеңінен танымал. Сонымен қатар, сурьманың құрамындағы кейбір элементтер ұзақ мерзімді қолдану барысында денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін. Зерттеу барысында сурьманың көзге әсер ету механизмдері, оның химиялық құрамы және қолдану қауіпсіздігі талданады. Сонымен қатар, дұрыс пайдалану жолдары мен оның медициналық және косметикалық аспектілері қарастырылады.

Түйінді сөздер: сурьма, көзге пайдасы, косметика, дәстүрлі медицина, көз аурулары, көз гигиенасы, химиялық құрамы, қолдану қауіпсіздігі, көзді қорғау, медициналық әсер.



Сурьма – адамзат тарихындағы ең көне және таңғажайып табиғи құралдардың бірі. Ғасырлар бойы ол тек сәндік емес, емдік мақсатта да қолданылып келеді. Әсіресе, көздің саулығын қорғау мен жақсартуда сүрменің рөлі ерекше. Ежелгі заманда сүрме тек әйелдер үшін сәндік құрал ретінде қолданылмай, ерлер мен балалардың да көзін қорғау үшін пайдаланылған. Оның ерекше қасиеттері туралы көптеген аңыздар мен тарихи жазбалар сақталған.

Қазақ халқында сүрме қолдану мәдениеті терең тарихи және рухани мәнге ие. Бабаларымыз сүрмені тек әсемдік үшін емес, көру қабілетін жақсарту, көзді шаңнан, тозаңнан және зиянды микроағзалардан қорғау үшін пайдаланған. Кішкентай балаларға көз тигізбесін деген ниетпен сүрме жаққан. Бұл тек халықтық емдеу тәсілі емес, сонымен бірге салт-дәстүрдің маңызды элементі болған. [7]

Ежелгі заманның ғалымдары мен дәрігерлері сүрменің қасиеттерін жоғары бағалаған. Мысалы, ортағасырлық медицинада сүрме көзге арналған бірегей дәрі ретінде қолданылып, оның қабынуға қарсы әсері, инфекцияларды емдеу қасиеттері ғылыми еңбектерде сипатталған. Ал ислам мәдениетінде Пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) сүрменің пайдалы екенін атап көрсеткен, бұл оны қолданудың қасиетті мәнін арттыра түсті.

Бұл зерттеу жұмысы сүрменің көзге тигізетін әсерін тереңірек зерттеуге арналған. Жұмыс барысында мен сүрменің тек тарихи қолданылуын ғана емес, оның құрамындағы пайдалы және зиянды элементтерін де талдадым. Сонымен қатар, сүрмені дұрыс пайдаланудың қазіргі замандағы маңыздылығын анықтау үшін тәжірибелер жүргізіп, нәтижелерін окулист мамандармен талқыладым.

"Алкоголь" сөзі араб тілінен шыққан қызықты шығу тегі бар. Ол "ұнтақ сурьма" деп аударылатын *الکحل* (al-kuḥl) сөзінен шыққан. Бастапқыда бұл термин Дистилляция арқылы алынған затқа, атап айтқанда косметикалық құрал – сурьмаға қатысты қолданылған. Алайда, XVII ғасырдан бастап еуропалық тілдерде бұл сөздің мағынасы едәуір кеңейіп, сублимация мен дистилляцияның барлық

өнімдеріне қатысты қолданыла бастады.

Дәстүрлі ұнтақты сурьма болып табылатын Сурьма ғасырлар бойы көздің экспрессивтілігін көрсету үшін қолданылған. Ол күнделікті өмірде ғана емес, өнерде де қолданылды. Сонымен, өзінің жарқын бейнелерімен танымал үнсіз кино актрисасы Тед бар кайалды жұмбақ және драмалық көрініс жасау үшін белсенді қолданды. Оның бейнелері кино тарихында айтарлықтай із қалдырды.

Сурьма қолданудың қызықты мысалын фильмдерден көруге болады. Мысалы, әйгілі "Кариб теңізінің қарақшылары" франшизасындағы капитан Джек Торғай кейіпкері кайалды киіп, оған эксцентриситет пен жұмбақ берді. Актер Джонни Депп осы рөлді орындай отырып, еркін өмір салты мен кайалды қолданумен байланысты бедуиндер мен қарақшылар бейнесінен шабыт алды.

Сурьма тек кинода ғана емес, музыкада да көрініс тапты. Miss Sarajevo тобының U2 әнінде " is there a time for kohl and lipstick?" (" Сурьма мен ерін далабына уақыт бар ма?») . Бұл сөздер кайалдың Сұлулық пен стиль элементі ретіндегі символдық мағынасын көрсетеді.

Осылайша, кайал тек косметикалық құрал емес. Бұл әртүрлі дәуірлердегі дәстүрлерді, өнерді және стильді байланыстыратын мәдени құбылыс. Ол сұлулықты ғана емес, тарихта, кинода және



музыкада із қалдырған мұрагерлерінің қолдануы да бейнелейді. [Теда Бара](#) дәстүрлі сурьма макияжымен

II.1. Сурьма туралы жалпы мағлұмат

Сурьма – адамзатқа көне заманнан бері белгілі табиғи минерал. Ежелгі Египетте сурьма косметикалық және емдік құрал ретінде ерекше құрметке ие болды. Перғауындар мен ақсүйектер оның ұнтағын көзге жағып, бұл құралдың тек сәндік қасиеттерін ғана емес, емдік пайдасын да жоғары бағалаған. Ежелгі заманда

сұрменің көз ауруларына қарсы әсері бар екені белгілі болған.

Сурьманың Қазақстан жерінде қолданылуы ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер мен мәдениетте ерекше орын алған. Қазақ халқы балалар мен ересектердің көздерін қорғау үшін сұрме жаққан. Ол көзді күн сәулесінен, шаң-тозаңнан, желден және зиянды микроағзалардан қорғаудың сенімді тәсілі ретінде танылған. Ертедегі көшпелі халықтардың табиғатпен үйлесімді өмір сүруі бұл құралдың табиғи қасиеттерін түсініп, оны күнделікті тұрмыста пайдалануға мүмкіндік берді.

Сурьманың қолданылуы туралы деректер Қытай, Үндістан және Парсы елдерінің тарихи жазбаларында да кездеседі. Ол тек дәрігерлер ғана емес, сонымен қатар қарапайым халық арасында кеңінен пайдаланылған. Сурьманың көпфункционалдығы – оның сәндік қасиеттерінен бөлек, инфекцияның алдын алудағы тиімділігі – оны қолданушылар арасында танымал етті.



[1]

II.. Сурьманың құрамындағы заттар

Сурьманың химиялық құрамы оны ерекше минерал етеді. Оның негізгі құрамына антимон (Sb) жатады, ол өзінің бактерияға қарсы қасиеттерімен белгілі. Антимон микроағзалардың көбеюін тежеп, қабынудың алдын алады.

Сонымен қатар, сурьманың құрамында келесі заттар бар

Элемент		Kohl	Көшеде
Қорғасын	(Pb)	тас 85.51%	сатылған Сурьманың
Күкірт	(S)	11.43	0.054

Сурьма	(Sb)	2.06	Анықта лмаған
Көміртегі	(C)	0.689	0.152
Темір	(Fe)	0.02	0.094
Хром	(Cr)	0.002	Анықта лмаған
Мыс	(Cu)	Анықта лмаған	Анықта лмаған
Никель	(Ni)	Анықта лмаған	Анықта лмаған
Мырыш	(Zn)	Анықта лмаған	Анықта лмаған
Магний	(Mg)	Анықта лмаған	0.01
Кальций	(Ca)	Анықта лмаған	0.02
Натрий	(Na)	Анықта лмаған	Анықта лмаған
Калий	(K)	Анықта лмаған	Анықта лмаған

Күкірт (S): Қабынуды азайтуға және көздің шырышты қабығын тыныштандыруға көмектеседі. [5]

Химиялық құрамының ерекше болуы сүрмені медициналық және косметикалық құрал ретінде жоғары бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оның құрамындағы элементтердің бір-бірімен үйлесуі көздің қорғаныс қабатын нығайтып, инфекциядан тиімді



қорғануға жағдай жасайды.

II.3. Хна

Хна – лавсония инермис деп аталатын өсімдіктің жапырақтарынан алынатын табиғи бояғыш. Бұл өсімдік негізінен Африка, Орта Шығыс және Оңтүстік Азияның ыстық аймақтарында

өседі. Хна құрамында басты белсенді компонент – лавсон (2-гидрокси-1,4-нафтокинон) бар. Бұл зат хнаның бояғыш қасиетін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар хнада дубильді заттар, шайырлар мен органикалық қышқылдар да бар, олар оның антисептикалық және нығайтушы қасиеттерін береді.

Қолданылуы:

Тері бояу: Хна теріге уақытша татуировкалар жасау үшін кеңінен қолданылады. Мехенди өнері де осы хнамен орындалады. Ол көбінесе арнайы мерекелерде немесе үйлену тойларында қолданылады.

Медициналық қасиеттері: Хна жаралардың жазылуына көмектеседі, тері ауруларын емдеуге ықпал етеді, теріге жеңіл тыныс алуға жағдай жасайды.

Тарихи маңызы:

Хна адамзат тарихында ерте кезеңдерден бастап қолданылып келеді. Ол ежелгі Мысырда, Индияда және Орта Шығыста кеңінен қолданылды. Мысалы, Клеопатра хнаны шаш күтімі мен теріні жасарту үшін пайдаланған. Индияда хна үйлену тойларында маңызды рөл атқарады, өйткені ол бақытты әрі сәтті өмірдің символы болып табылады.

Хна мен сурьма – әрқайсысы өз тарихы мен мәдени маңызы бар ерекше табиғи құралдар. Хна шашты, теріні күтуде кеңінен қолданылса, сурьма көздің контурын жасау мен оның денсаулығын сақтау үшін пайдаланылады. Екі құрал да өздерінің тиімді қасиеттері мен қолдану салалары арқылы адамдардың мәдени өмірінде маңызды орын алады. [4]

1. Африканың Солтүстігі

Мысырлықтар жоғарғы қабақтарын қара галенитпен жауып, төменгі қабақтарын қаныққан жасыл малахитпен ерекшеледі. 2010 жылдың қаңтарында химик Филипп Уолтер Лувр коллекциясынан кайалға талдау жүргізіп, табиғи жағдайда синтезделмейтін екі қорғасын хлоридін тапты. Оның пікірінше, мысырлықтар көз инфекцияларының алдын алу үшін арнайы қорғасын қосқан. Бербер және бедуин тайпаларының әйелдері төменгі еріннен иекке және мұрын қанаттары арқылы тік сызықтар салған. Сомали мен

Эфиопиядан келген әйелдер кайалды құмнан, күннен және жаман көзден қорғау құралы ретінде қолданды. . [4][5]

2. Африканың Батысы

Хауса мен фулбе халықтары да кайалмен танымал болған. Сонымен қатар, оны Туарег, волохов, мандинк, сонинке, дагомб, канури халықтарының өкілдері және Сахел мен Сахара шөліндегі мұсылман қауымдастықтары қолданды. Арнаны ер адамдар, балалар мен қарттар, әсіресе үйлену күндері, Құрбан айт мерекелері немесе жұма намазы (жұма намазы) кезінде пайдаланды. Әйелдер төменгі еріннен иекке дейін бірдей тік сызықтарды қолданды. [2]

3. Оңтүстік Азия

Үндістанда сурьма деп аталатын кайал үйде жасалады және оны әйелдер мен балалар шеңбер бойымен үздіксіз көз контурлағышы үшін пайдаланады. Ол көзді салқындатады және оларды күннен қорғайды деп саналады, дегенмен бұл идеялар сенімдерге негізделген және ғылыми дәлелдермен расталмаған.

Пенджаб мәдениетінде сурьма Мерекелер немесе діни оқиғалар кезінде әлеуметтік мәртебені көрсететін салтанатты функцияны орындайды. Оны мужчин қолдану ағасының анасы немесе әйелі.

Әйелдер өздерінің және балалардың маңдайларына (бинди) зұлым көзге арналған очарование ретінде нүктелер қояды. Бхаратанатям би орындаушылары мимиканы мәнерлі ету үшін көз контурлағышы мен қасы үшін кайалды пайдаланады.

III. Жұмыстың зерттеу бөлімі

II.1. Сурьманың көзге әсері

Мен өз зерттеуімде екі апта бойы табиғи сурьменің көзге тигізетін әсерін зерттедім. Зерттеудің мақсаты – сурьменің көру қабілетіне, көздің шырышты қабығына және жалпы көздің саулығына әсерін анықтау.

Тәжірибе әдісі:

1) Қолдану әдісі: Сурьмелерді таңертең және кешке, күніне 2 рет қолдандым. Әр қолдану алдында оның құрамын тексердім. Сурьмені тек табиғи түрінде қолдандым.

2) Тексеру әдісі: Әр апта сайын окулистке барып, көздің көру қабілетін, қабыну деңгейін, көздің ылғалдылығын және көру

қабілетінің өзгерістерін тексердім.

Тексеру процесі:

1) Көру қабілетін тексеру: Әр апта сайын окулист арнайы таблица бойынша көздің көру деңгейін тексерді.

2) Қабыну деңгейін тексеру: Көздің қабынуы мен қызаруын тексеру барысында өзгеріс байқалмады. Бұл сүрменің қабынуға қарсы қасиеттерін көрсетті.

3) Көздің ылғалдылығын тексеру: Көздің ылғалдылығы бірінші аптада 20%-ға артса, екінші аптада бұл көрсеткіш 22%-ға дейін өсті.

Бұл сүрменің көзді ылғалдандыру қасиетін дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелері:

Бірінші апта: Алғашқы аптаның нәтижесі бойынша, табиғи сүрменің әсерінен көздерімнің шаршауы елеулі түрде азайды. Бұған дейін жиі байқалатын көздің құрғақтық сезімі мен ауырлық сезімі төмендеді. Көздерімнің көру қабілетінде айтарлықтай өзгерістер байқалмаса да, сүрмемен алғашқы танысу кезеңінде көз айналасындағы терінің жұмсара түскені байқалды. Бұл сүрменің ылғалдандыру және тыныштандыру қасиеттерінің әсерінен болуы мүмкін. Көз айналасындағы тері тығыздығы мен серпімділігі артып, тері қабаты жұмсақ әрі тегіс бола бастады. Сонымен қатар, көздің жыпылықтауы жиілеп, көзде шаншу немесе қызару сезімі байқалған жоқ.

Екінші апта: Екінші аптада табиғи сүрменің әсері айқын көрінді. Көздің шырышты қабаты тыныштандырып, көздің жалпы саулығы айтарлықтай жақсарды. Бұл кезеңде сүрме көздің қышуын және құрғауын болдырмай, терінің ылғалдануын қамтамасыз етті. Дәрігердің тексеруі бойынша қабыну белгілерінің жоқтығы анықталды, сондай-ақ сүрменің көздің шырышты қабатына теріс әсері байқалмады. Көздің ақуызында қызарудың азайғаны байқалды, ал көз айналасындағы тері әрі қарай жұмсарып, серпімділігі мен тегістігін сақтады. Көздің көру қабілетінде айтарлықтай өзгерістер болмағанымен, көздің шаршауының әлсіреуі мен жалпы күйінің жақсарғаны байқалды. Сондай-ақ, сүрменің құрамындағы табиғи ингредиенттердің көздің жалпы күйіне оң әсерін

тигізетіні көрінді, себебі ол көздің шаршауын азайтып, терінің күтімін жақсартты.

Жалпы, екі апта ішінде табиғи сұрменің көздің шырышты қабатына, теріге және жалпы көздің саулығына оң әсерін тигізгені байқалды. Бұл зерттеу нәтижелері, сұрменің көз күтімі үшін пайдалы қасиеттерін көрсетеді және оның теріс әсерлері болмағанын дәлелдейді.



III.2. Сурьманың зияны

Сурьманы дайындаудың заманауи ингредиенттері мен әдістері айтарлықтай ерекшеленеді. Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста қорғасын сульфиді әлі күнге дейін үйде қолданылады, ал батыста көмір мен аморфты көміртегі (күйе) өндірісте қолданылады. Байланыстырушы компоненттер көбінесе өсімдік майлары, тұқым майлары, жаңғақтар және шайырлар болып табылады.

Анемия, қан қысымының жоғарылауы және катаракта сияқты қорғасын сульфидті косметиканы ұзақ уақыт қолданудың зияны туралы көптеген мәліметтер бар. Сонымен қатар, косметикадағы қорғасын сульфиді қанға сіңбейді, сондықтан қауіпсіз деп тұжырымдайтын зерттеулер де бар.

Қытайлық зерттеушілер көздің айналасына жағылған қорғасын сульфидінің көру қабілетін күн сәулесінен қорғайтыны туралы ғылыми дәлелдер табуға тырысты. Олар қорғасын сульфидімен

қапталған пленканың ультракүлгін сәулелерді сіңіру қабілеті жоғары және өткізгіштігі төмен екенін анықтады.

1990 жылдары азиялық косметика бойынша үлкен зерттеулер жүргізілді-барлық дерлік қарындаштарда 84% қорғасын болды. Оман мен Каирден алынған үлгілерге Галена кірді.

Он жылдан кейін Египет пен Үндістанда сатуға арналған кайала үлгілерінің үштен бірінде қорғасын, ал қалған үштен екісінде көмір, мырыш, куприт, гетит, силикондар, тальк, гематит, сурик және өсімдік майлары табылды.[6]



III.3 Сурьманы қолдану бойынша окулист кеңестері:

1) Тек табиғи сурмені қолданыңыз:

Сапасыз немесе жасанды қоспалары бар сурмелер көзге зиян келтіруі мүмкін. Табиғи сурменің құрамында көзге пайдалы элементтер болады.

2) Қолдану алдында гигиенаны сақтаңыз:

Сурмені тек таза қолмен немесе арнайы құралмен жағыңыз. Инфекцияның алдын алу үшін жеке сурме құралдарын ғана пайдаланыңыз.

3) Қолдану мөлшерін дұрыс реттеңіз:

Сүрмені көп мөлшерде қолдану көздің шырышты қабығына зиян келтіруі мүмкін. Күніне 1-2 рет жағу жеткілікті.

4) Көзді үнемі бақылауда ұстаңыз :

Сүрме қолданғаннан кейін көзде қызару, қышу немесе басқа қолайсыздықтар болса, қолдануды тоқтатып, дәрігерге жүгініңіз.

5) Көзге күтім жасауды ұмытпаңыз :

Сүрмені түнде жуу қажет. Бұл көздің тынығуына мүмкіндік береді және терідегі бактериялардың жиналмауын қамтамасыз етеді.

6) Жас балаларға сақтықпен жағыңыз :

Балаларға сүрмені арнайы дәрігердің нұсқаулығымен және тек табиғи түрінде қолдану керек.

IY. Қорытынды

Сурьма – адамзат тарихындағы ең көне және маңызды табиғи құралдардың бірі. Ол ғасырлар бойы көздің саулығын сақтау және сәндік мақсатта қолданылып келді. Бұл зерттеу жұмысы сурьманың көзге тигізетін пайдасы мен ықтимал зияны туралы жан-жақты ақпарат беруге мүмкіндік берді.

Менің зерттеуім барысында сурьманың көзге жағымды әсері анықталды. Екі апталық тәжірибенің нәтижесінде көру қабілетінің шамалы жақсарғаны, көздің шаршауының төмендегені және көздің ылғалдылығының артқаны дәлелденді. Сүрменің құрамындағы табиғи элементтер көздің қорғаныш қабатын күшейтіп, инфекцияның алдын алады. Сонымен қатар, сүрме көздің шырышты қабығын тыныштандырып, қабынуды басуға көмектесетіні анықталды.

Дегенмен, сүрмені қолдану кезінде белгілі бір сақтық шараларын сақтау өте маңызды:

Тек табиғи және сапалы сүрмелерді пайдалану қажет.

Қолдану алдында гигиеналық ережелерді қатаң сақтау.

Сүрмені артық қолданбау – оның зиянды әсерлерін болдырмаудың басты шарты.

Бұл жұмыста окулист мамандардың кеңестері мен тәжірибемнің нәтижелері көрсетілді. Көзге жасалған тексерулер сүрменің көзге жағымды әсерін растады. Сонымен қатар, дұрыс қолданылмаған жағдайда сурьманың көзге зиян келтіруі мүмкін

екені ескертілді.

Сурьманың қазіргі заманда да маңыздылығы жоғары. Ол тек көне дәстүр мен мәдени мұраның бір бөлігі емес, сонымен қатар көздің саулығын сақтаудағы тиімді құрал болып қала береді. Осы зерттеу арқылы сурменің емдік қасиеттері туралы халықтың білімін арттыруға болады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі

1. CNN. (n.d.). Kohl's fascinating history in eye cosmetics. Journal of Medical Research. Retrieved from [<https://www.cnn.com/2024/02/29/style/eyeliner-kohl-cultural-history/index.html>] (<https://www.cnn.com/2024/02/29/style/eyeliner-kohl-cultural-history/index.html>)
2. Donovan, A. (2004). *My journey to African heritage.* Kenway Publications.
3. Lofran, C. S. (1986). *Somali in word and image.* Intercultural Understanding Foundation.
4. Selassie, S. H. (1972). *Ancient and medieval history of Ethiopia until 1270.* United Printers.
5. National Center for Biotechnology Information. (n.d.). Scientific articles on the medical use of antimony. Retrieved from [<https://www.ncbi.nlm.nih.gov>] (<https://www.ncbi.nlm.nih.gov>)
6. Medical News Today. (n.d.). Articles on the effects of antimony on the eyes. Retrieved from [<https://www.medicalnewstoday.com>] (<https://www.medicalnewstoday.com>)
7. Chemical analysis of kohl: Antimony as the main component. (n.d.).
8. Hadiths of Prophet Muhammad (PBUH) on the use of kohl in Islamic culture. (n.d.).

СОЗДАНИЕ ТЕКСТОВ НА УРОКАХ ГУМАНИТАРНОГО ЦИКЛА

Жакиева Бибигуль Асылбековна, Айткулова Аккурул
Байзавовна

Учитель русского языка, учитель истории Казахстана, Назарбаев
Интеллектуальная школа города Актобе, Республика Казахстан.
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аннотация

Современное образование должно предоставлять школьникам возможность свободно развивать индивидуальные склонности, пробовать разные методы обучения и применять их в жизни. Обучение должно быть ориентировано на раскрытие личных способностей каждого ученика, а ключевой задачей учителя является формирование у обучающихся личной ответственности за их образовательный процесс. Одним из эффективных методов реализации этого подхода на уроках русского языка и литературы является создание творческого письма (эссе). Умение анализировать различные точки зрения, выстраивать логические аргументы и формировать собственное понимание способствует усвоению фундаментальных знаний, которые учащиеся смогут применять в реальной жизни. В этом процессе значительную роль играет метод *Action Research*, который позволяет преподавателю разрабатывать инструменты для развития самостоятельного творческого письма у учеников.

Ключевые слова: образование, личностное развитие, индивидуальные способности, творческое письмо, эссе, русский язык, литературное образование, личная ответственность, Action Research, аналитическое мышление, педагогические стратегии.



Возможность свободно проявлять свои индивидуальные склонности, изведать вкус различных вещей и использовать их в жизни должны стать основой преподавания в современной школе. Обучение должно быть нацелено на реализацию личных способностей каждого современного школьника. Здесь основной задачей учителя является формирование личной ответственности каждого ученика за своё обучение. Из этого следует, что задачи по реализации личных способностей, будут решены на уроках русского языка и литературы в основном через создание творческого письма (эссе). Умение сопоставлять разные точки зрения и определять собственное понимание – самое главное для формирования фундаментальных знаний, которые с легкостью применит в жизни современный ученик. Для решения этих главнейших задач каждого учителя языка большим подспорьем является Action Research. Исследование в действии позволяет учителю разработать комплекс инструментов для самостоятельного создания творческого письма (эссе) студентом.

Задачи Action Research:

- Отследить мониторинг эффективности подходов, применяемых для совершенствования методов преподавания и обучения.

- Совершенствовать *практические навыки создания творческого письма (эссе)*

Эссе – это прозаическое сочинение небольшого объема и свободной композиции.

В "Толковом словаре иноязычных слов" Л. П. Крысина эссе определяется как "очерк, трактующий какие-нибудь проблемы не в систематическом научном виде, а в свободной форме".

"Большой энциклопедический словарь" дает такое определение: "Эссе – это жанр философской, литературно-критической, историко-биографической, публицистической прозы, сочетающий подчеркнуто индивидуальную позицию автора с непринужденным, часто парадоксальным изложением, ориентированным на разговорную речь".

"Краткая литературная энциклопедия" уточняет: "Эссе – это прозаическое сочинение небольшого объема и свободной композиции, трактующее частную тему и представляющее попытку передать

индивидуальные впечатления и соображения, так или иначе с нею связанные".

Эссе: правила написания

Самый главный «секрет» эссе – это отсутствие каких-либо жестких правил. Ваш ученик:

✓ придумает заголовок и постарается сохранить типичную структуру текста, предусмотрев введение, основную часть и заключение.

✓ при этом не сделает введение и заключение по каким-то формальным правилам.

✓ запомнит, что эссе – не реферат и даже не статья, а потому не нуждается в таких типичных фразах, как: «Эта статья посвящена...», «Я хочу рассказать читателю о...», «Цель этой работы – ...», «Я пришел к таким выводам, как: ...»

Запомните! Вашему ученику не нужны «служебные» абзацы, фразы, слова, не несущие в себе какого-либо смысла.

Запомните! Отсутствие четких правил написания эссе и полная свобода действий вовсе не дают ученику карт-бланш на плохой, неразборчивый, полный фактических, логических и орфографических ошибок текст, поэтому ему лучше придерживаться норм.

Несколько рекомендаций Вашему начинающему эссеисту или правила написания эссе

1. Помните о теме и цели эссе. Ваш текст должен отвечать заголовку и той теме, которую вы поднимаете.

2. Не растекайтесь мыслью по древу, если этого не требует ваша идея.

3. Излишне подробные описания, даже художественные, могут сослужить вам плохую службу.

4. Помните объем работы и придерживайтесь его. Не думайте, что ваше рвение оценят, если вы напишете двухтомник по теме «Как я пришел к профессии врача» или «Что значит для меня высшее образование». Двух-трех страниц обычно вполне достаточно, чтобы полностью раскрыть тему.

5. Делите текст на абзацы, разбавляйте подзаголовками, если это нужно, используйте средства визуального форматирования.

Время читать полотна текста прошло еще в позапрошлом веке... Сделайте свой текст удобным для читателя. Даже если этот читатель один

Структура и план эссе

Структура эссе определяется предъявляемыми к нему требованиями:

мысли автора эссе по проблеме излагаются в форме кратких тезисов (Т).

мысль должна быть подкреплена доказательствами - поэтому за тезисом следуют аргументы (А).

Аргументы - это факты, явления общественной жизни, события, жизненные ситуации и жизненный опыт, научные доказательства, ссылки на мнение ученых и др. Лучше приводить два аргумента в пользу каждого тезиса: один аргумент кажется неубедительным, три аргумента могут "перегрузить" изложение, выполненное в жанре, ориентированном на краткость и образность.

Таким образом, эссе приобретает кольцевую структуру (количество тезисов и аргументов зависит от темы, избранного плана, логики развития мысли):

При написании эссе важно также учитывать следующие моменты:

- Вступление и заключение должны фокусировать внимание на проблеме (во вступлении она ставится, в заключении - резюмируется мнение автора).

- Необходимо выделение абзацев, красных строк, установление логической связи абзацев: так достигается целостность работы.

Стиль изложения: эссе присущи эмоциональность, экспрессивность, художественность. Специалисты полагают, что должный эффект обеспечивают короткие, простые, разнообразные по интонации предложения, умелое использование "самого современного" знака препинания - тире. Впрочем, стиль отражает особенности личности, об этом тоже полезно помнить.

При написании эссе Ваш студент должен обойтись без долгого вступления. Не нужно рассказывать об актуальности проблемы,

важности ее решения для современного человека, не нужно перечислять цели и задачи эссе, как вы делали это в реферате или курсовой. Пусть он начнет сразу. То же касается и заключения.

	Элемент структуры	% к общему объему работы
I	Начало (актуализация заявленной темы эссе)	20 %
II	Тезис. Три-два аргументированных доказательства (опровержения), выражающих ваше личное мнение (вашу позицию) и имеющих в своей основе научный подход. Пере формулировка тезиса.	60 %
III	Вывод, содержащий заключительное суждение (умозаключение)	20 %

Клише, которые можно использовать при написании эссе:

Вступление	Основная часть	Заключение
Для меня эта фраза является ключом к пониманию..	Во-первых, ... Во-вторых, ... В-третьих, ...	Таким образом,
Выбор данной темы продиктован следующими соображениями..	Рассмотрим несколько подходов... Например, ...	Подведем общий итог рассуждениям
Поразительный простор для мысли	Проиллюстрируем это	Итак,

открывает это короткое высказывание...	положение следующим примером...	
Никогда не думал, что меня заденет за живое идея о том, что	С одной стороны, ... С другой стороны, ...	Именно по-этому я не могу согласиться с автором высказывания

Возможные лексические конструкции, которые сделают эссе студента образцовым:

- По моему мнению...; я думаю...; на мой взгляд; автор (этого высказывания), хотел сказать о том, что...; имел в виду...; обозначил проблему...

- Я согласен (сна) с автором (имя, фамилия) ...; не могу не согласиться...; я совершенно согласен...; я не во всем согласен...; к сожалению, я не совсем согласен с точкой зрения, (мнением, позицией) ...

- Это высказывание представляется мне спорным...

- Правота этого утверждения очевидна (не вызывает сомнения).

- В связи с этим, мне вспоминается (случай, телепередача, событие...)

- Завершая свое эссе (размышление), я бы хотел еще раз сделать акцент...

В завершение своего эссе я хотел бы вернуться к идее (мысли), обозначенной в эпиграфе..

Методы и приемы написания эссе

На начальной стадии обучения написанию эссе лучше давать студентам уже готовый тезис, по которому они могут продолжить писать

Пример1

I. Великий писатель Лев Толстой считал, что все счастливые семьи счастливы одинаково, а вот каждая несчастливая несчастна по-своему. С проблемами сталкиваются все. Их приходится решать даже благополучным семьям. Одни трудности можно отнести к ряду кратковременных, другие же ведут к длительному разладу. По - моему мнению,

II.

III.

Эффективным может быть работа, когда ученики пишут эссе, соответствующее выводу, данным учителем.

Пример 2

I.

II.

III. Никогда не думал, что меня заденет за живое проблема одиночества, поражающая каждого второго, живущего в городе. Думаю, именно поэтому исследования города не прекращаются по сей день.

Можно дать студентам ряд крылатых выражений и цитат, которые должны будут использовать в своей письменной работе.

Тема «Золотая середина: богатые и бедные»

Не тот беден, кто мало имеет, а тот, кто хочет многого.
(Сенека)

Люди страшатся бедности и безвестности; если того и другого нельзя избежать, не теряя чести, следует их принять. (Конфуций)

Тема «Конфликт поколений»

Каждый ребенок-художник. Трудность в том, чтобы остаться художником, выйдя из детского возраста. (Пабло Пикассо)

Дети копируют своих родителей и в этом есть абсолютное проявление их любви. (Борис Новодержкин)

Можно дать студентам ряд статистических данных, которые должны будут использовать в своей письменной работе. Тема «Гендерное неравенство» Казахстан в сравнении с другими странами

Тема «Молодежь и социальные сети»

Процент виртуально зависимых граждан увеличивается в зависимости от возраста: 14,1% - 11 лет, 25,8% - 13 лет, 33,7% -

3. Стуколкина Г.П. Лингвостилистический анализ художественного текста (через систему образов) как средство формирования речевых умений младших школьников\\ дисс.на соискание уч.ст.к.п.н. -Рязань 2007 -170 с.

4. Люблинская А.К. Бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. – Алматы: «Мектеп», 1981. -247 б.

5. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы, «Білім», 1996. -312 б.

ЗАНАМАУИ ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Жүнісбек Тұнық Ерланқызы

Алматы облысы, Талғар ауданы,
«Аниса» дарынды балаларға арналған жекеменшік мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі, педагог – модератор, педагогика ғылымдарының магистр,
Алматы, Қазақстан.
e-mail:tunykzunisbek@gmail.com

Аңдатпа

Қазіргі білім беру процесінде заманауи педагогтің рөлі ерекше маңызды. Педагог – шыдамдылық, ұстамдылық, табандылық, әділдік танытатын, әр оқушыға ілтипатпен қарайтын және ең бастысы, балаларды жақсы көретін адамгершілігі жоғары тұлға. «Заманауи» ұғымы уақыт талабына сай болуды білдіреді. Бүгінгі таңда қоғамда ақпараттық технологиялар қарқынды дамуда, әр адамның қолында компьютер, планшет, смартфон сияқты заманауи құралдар бар. Сол себепті, заманауи педагог инновациялық технологияларды тиімді қолдана отырып, оқыту процесін оқушы үшін де, өзі үшін де пайдалы ете білуі қажет. Мұғалім сабақ барысында презентациялар, интерактивті тақтамен жұмыс, электронды оқулықтар және жобалық іс-әрекеттерді пайдалану арқылы білім беруді қызықты әрі нәтижелі ете алады. Мұғалім – ерекше мамандық, оның кәсіби шеберлігі мен заманауи талаптарға бейімділігі оқушылардың сапалы білім алуында маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: мектеп, заманауи педагог, инновация, талаптар, гуманизм, бәсекеге қабілеттілік.



Мектептегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырушы әрі іске астырушы тұлға – бұл педагог. Бұл тұжырымды анықтамаға келтіретін болсақ: мұғалім бұл арнайы дайындығы бар, педагогикалық қызметпен кәсіби деңгейде айналыса-тын адам. Бұл арада “кәсіби” сөзіне назар аударған жөн. Кәсіптік болмаған педагогикалық іспен адамдардың баршасы шұғылданады, ал педагогикалық заңдарға сәйкес әрекетіне келіп, не, қай жерде, және қалай істеу керек екендігін білетін, өзінің кәсіби борышын сапалы орындау жауапкершілігін мойнына алатын тек мұғалім ғана.

Мұғалімнің парызы – оқыту емес, оқуға бағдар беру; тәрбиелеу емес, тәрбие үдерісіне жетекшілік ету. Осы басты міндеттерін толық түсіне алған мұғалім ғана өз оқушыларына жеткілікті дәрежеде дербестік, еркіндік, ынта білдіру мүмкіндіктерін бере алады.[1]

Күрделі заманауи педагог жүйе ретінде танылған осы заман мектебін басқару әрбір басшыдан біртұтас басқару жүйесін түзіп, оны даму жолына бағыттауда жоғары ғылыми дайындықты талап етеді. Бұл үшін түрлі деңгейдегі мектеп жетекшілері төмендегілерді білуі міндетті:

- мектеп түрі мен мақсаты;
- ақпараттық жабдықталуы (оқушылар қызығулары мен мүмкіндіктері, ата-аналар тапсырыстары);
- мамандар, материалдық-техникалық, психологиялық жағдайлар (анықталған қажеттіктерді қамтамасыз ету үшін);
- оқу жоспарының мектептік баламасы;
- оқу жүйесі жеке-дара, сынып-сабақтық, дәрісбаян-тәжірибелік;

мектептің әрқилы сатылары мен оқушы топтарына арналған циклдыағымдық және т.б.); [2,3]

«Инновация» термині жаңашылдық, өзгеріс, қандай да жаңалық ендіру дегенді аңдатады. Педагогикалық процеске байланысты бұл түсінік оқу және тәрбие жұмыстарымен мұғалім және оқушының бірлікті іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен формаларына енген, енетін жаңалықтардан хабар

береді (ғылыми рәміз ретінде бұл терминді аудармасыз, өз күйінде қолданғанды жөн көрдік). Инновация, сонымен, жаңалық жеткізуші, жаңаланып жатқан жүйеге өзгеріс беретін құрал. Жаңалығы болмаған инновация мәнсіз. Мұғалім де инновация секілді, күнделікті жаңа информация, жаңа әдіс-тәсілсіз өткен сабақтары мәнсіз. [4]

Мұғалімнің ерекше кәсіптік және қоғам алдындағы міндеттері барлық уақытта өзінің қатал әділқазылары – оқушыларының, мүдделі ата-аналардың, кең әлеуметтік қауымның назарында болуы – ұстаз тұлғасы мен оның моральдық келбетіне жоғары талаптар қояды. [5]

Мұғалім тағам мен киімде – қарапайым, қызметте – сергек әрі еңбеккер, мінезде – кішіпейіл және әдепті, сөз саптауда – мәнерлі де ұстамдылық көрсете білуі шарт. Сонымен бірге жеке қатынастар мен қоғамдық өмірде байсалды да байып-ты болғаны жөн. Еріншектік, енжарлық, әрекетсіздік – мұғалім кәсібімен тіпті де сиыспайтын келеңсіз қасиеттер. [6]

Мұғалімде міндетті болуы тиіс аса маңызды сапалардың бірі – гуманизм, яғни өсіп келе жатқан адамды жер бетіндегі ең жоғары құндылық ретінде тану және осыған нақты іс-шаралармен қатынас жасай білу. [7]



[8]

Болашақ педагогтың заманауи іс – әрекеті төрт түрлі өлшеммен сипатталады:

- ✓ Инновациялық іс – әрекеттің қажеттілігін сезінуі;

✓ Оқу үрдісіне жаңалық енгізуде шығармашылықпен қызмет ету даярлығының болуы;

✓ Енгізілетін жаңалықтардың бағытының дұрыстығына тиімді нәтиже әкелетініне сенімді болу;

✓ Белгілі мәселені шешуудегі қолданылатын инновациялық іс – әрекеттің толық өзіне қабылдап, оны енгізе білуі. [10]

Заманауи педагогқа қойылатын талаптар

Бәсекеге қабілетті

Ізденімпаз

Құндылықтарды игерген

Қүзіретті

Коммуникативтілік қабілеті бар

Эстетикалық талапқа сай

SWOT талдау

Күшті жақтары (Strengths):

- Ұстаздың ғылыми ізденісі мен тәжірибеге негізделген білім беру әдістері.

- Шәкірттермен тиімді қарым-қатынас орнату.

- Қазіргі заман талабына сай оқытудың жеке тәсілдері.

Әлсіз жақтары (Weaknesses):

- Кейбір ұстаздардың кәсіби біліктілігінің төмендігі.

- Ұстаздың мамандығына деген қызығушылығының жоғы.

Мүмкіндіктер (Opportunities):

- Білім беруде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану.

- Ұстаздар үшін кәсіби даму бағдарламалары мен тренингтер.

Қауіп-қатерлер (Threats):

- Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен реформалар.

- Ұстаздардың жалақысы мен әлеуметтік мәртебесінің төмендеуі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» – Алматы: , 2005. – 196 б.
2. Бабаев С.Б. «Бастауыш мектеп педагогикасы» – Алматы:, 2007. – 383 б.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Амирова Амина Слямхановна. «Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері» – Алматы:. – 148 б.
4. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. «Педагогика» – Алматы: Дарын, 2004. – 450 б.
5. Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымова Е., Ильясова Р. «Педагогика» – Астана: Фолиант, 2007. – 332 б.
6. Жарықбаев Қ. «Жантану негіздері» – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
7. Мұқанова Б.Ж., Абиева Ж. «Педагогикалық технологиялар» – Алматы: Мектеп, 2010. – 208 б.
8. Айтмамбетова Б. «Оқыту процесін ұйымдастыру» – Алматы: Рауан, 2006. – 276 б.
9. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы» – Астана: Фолиант, 2012. – 256 б.
10. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2018.

РАБОТА И ПРОЦЕСС РАЗВИТИЯ ЧАСТНОЙ ШКОЛЫ "АНИСА"

Деулетияр Шынар Бектасқызы, Карлинова Румилям
Шамшидиновна

Директор частой школы «ANISA»,
педагог-исследователь, магистр педагогических наук,
Алматы, dauletiyar_shynar@mail.ru

Преподаватель английского языка частой школы «ANISA» Алматы,
e-mail: rumilya.karlinova@mail.ru

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные направления развития частной школы, специализирующейся на углублённом изучении английского языка и математики. Анализируются передовые методики преподавания, включая сингапурский метод, использование карт "Табата" и программы "Интеллектум", которые способствуют развитию аналитического, критического и творческого мышления учащихся. Особое внимание уделяется внедрению инновационных подходов к обучению, таких как интерактивные технологии, применение носителя языка для создания аутентичной языковой среды, а также организация Speaking Clubs для совершенствования разговорной речи. Отмечается важность индивидуального подхода в образовательном процессе, который учитывает уровень подготовки, интересы и особенности каждого ученика. В статье приводятся примеры успешной интеграции современных технологий и методов обучения, направленных на повышение эффективности образовательного процесса. Основное внимание сосредоточено на развитии когнитивных, языковых и математических навыков, а также на формировании у школьников способности применять полученные знания в повседневной жизни. Подчеркивается, что частная школа создаёт уникальные условия для всестороннего развития учащихся и их успешной подготовки к современным вызовам.

Ключевые слова: частная школа, углублённое изучение, английский язык, сингапурский метод, карты "Табата", индивидуальный подход, Speaking Clubs, инновационные технологии, критическое мышление, математическое образование



Современные частные школы занимают важное место в системе об-



разования, выполняя ключевую роль в формировании качественного образовательного пространства. Они предлагают инновационные методы обучения, которые ориентированы на развитие всесторонних навыков и способностей учеников, а также внедряют индивидуальный подход к каждому ребенку. Благодаря этому такие школы способны создать условия, в которых учащиеся могут наиболее эффективно раскрыть свой потенциал и подготовиться к жизни в современном высококонкурентном мире.

Наша частная школа "Аниса", специализирующаяся на углубленном изучении английского языка и математики, стремится обеспечить своим ученикам образование, соответствующее высоким стандартам и требованиям сегодняшнего дня. Мы активно применяем современные педагогические методики, направленные на развитие критического мышления, креативности и уверенности в себе. Особое внимание уделяется индивидуальной поддержке каждого ученика, что позволяет учитывать его личные особенности, уровень подготовки и интересы.

В данной статье подробно рассмотрены особенности работы нашей школы, ключевые методики и подходы, которые мы применяем в образовательном процессе. Также будет представлен перечень рекомендуемой литературы, которая способствует углублению знаний и расширению кругозора учащихся.

Миссия нашей школы «Аниса»

1. Содействовать повышению качества образования обучающихся, формированию и всестороннему развитию их мышления, развитию

качеств добросовестного

гражданина в рамках программы «Интегрированное образование», обновлению их сознания, изменению их мировоззрений и жизненных принципов.

2. Воспитать любознательную, конкурентоспособную, нравственно компетентную, функционально грамотную, высокотворческую, образованную и духовно богатую личность, занимающуюся научными исследованиями.

Программа "Интеллектум" ориентирована на всестороннее развитие когнитивных навыков учащихся, таких как критическое мышление, умение решать задачи и проявлять креативность. Она включает тщательно разработанные упражнения, направленные на улучшение памяти, концентрации внимания и способности анализировать информацию. Благодаря использованию этой программы ученики учатся структурировать свои мысли, находить нестандартные подходы к решению проблем и уверенно справляться с учебными и жизненными вызовами.

Английский язык занимает центральное место в образовательной программе нашей школы, выступая важнейшим инструментом для подготовки



учеников к успешной жизни и карьере в глобализованном мире. Для эффективного развития языковых навыков мы внедряем уникальные подходы, такие как привлечение носителя языка, что позволяет создать аутентичную языковую среду. Такой формат обучения способствует не только освоению правильного произношения и живой лексики, но и углубленному пониманию культуры англоговорящих стран.

Для усиления коммуникативных навыков регулярно проводятся спикинг-клубы (Speaking Clubs), где учащиеся могут практиковать разговорную речь в непринужденной и дружеской обстановке. Эти встречи помогают развивать уверенность в общении на английском

языке, совершенствовать навыки ведения диалогов и дискуссий, а также преодолевать языковой барьер. [1]

Особое внимание в нашей школе уделяется использованию интерактивных материалов и современных технологий, которые делают процесс изучения английского языка максимально увлекательным и эффективным. Уроки включают просмотр тематических видеоматериалов, выполнение заданий на специализированных онлайн-платформах и участие в ролевых играх, моделирующих реальные жизненные ситуации. Такой подход позволяет ученикам не только запоминать правила и слова, но и сразу применять их на практике, что значительно ускоряет процесс обучения. [2]

Благодаря комбинации традиционных и современных методов обучения наша программа мотивирует учащихся активно осваивать язык, формируя фундамент для их будущих академических и профессиональных успехов.

Математическое образование

Математическое образование играет ключевую роль в учебной программе нашей школы "Аниса", занимая центральное место среди дисциплин. Мы используем сингапурский метод обучения, который доказал свою эффективность в развитии аналитического мышления, навыков решения сложных задач и способности применять знания в реальной жизни.

Основой этого метода является акцент на визуализацию, манипулятивные действия и практическое использование математических знаний. Ученики изучают ключевые понятия через работу с дидактическими материалами, такими как модели, графики, схемы и другие инструменты, позволяющие лучше понять и закрепить изучаемый материал. Такой подход помогает учащимся не только запоминать формулы и правила, но и глубже осмысливать связи между математическими концепциями. [3]

Одной из ключевых особенностей сингапурского метода является использование блоковых моделей. Эти визуальные инструменты позволяют учащимся представлять и анализировать задачи, что упрощает поиск решения и способствует развитию логического мышления. Работа с моделями помогает ученикам освоить сложные темы, такие как

пропорции, дроби и алгебраические выражения, в более понятной и увлекательной форме.

Сингапурский метод направлен на формирование самостоятельного мышления, уверенности в своих силах и навыков решения задач различной сложности. Благодаря такому подходу наши ученики не только получают глубокие знания математики, но и развивают аналитические и логические способности, которые являются важной основой для их будущих академических и профессиональных успехов. [4]

Использование инновационных методик

В нашей школе активно внедряются современные образовательные методики, направленные на развитие когнитивных способностей учащихся и повышение эффективности учебного процесса. Среди таких методик особое место занимают карты "Табата" и программа "Интеллектум", которые доказали свою результативность в различных образовательных направлениях.

Карты "Табата" представляют собой уникальный инструмент, позволяющий ученикам легко запоминать и воспроизводить новую информацию благодаря повторениям в игровой форме. Этот метод особенно эффективен для изучения иностранных языков и математики, поскольку он развивает оперативную и долговременную память, а также укрепляет логическое мышление. Игровая природа упражнений делает процесс обучения увлекательным и мотивирующим, что помогает ученикам лучше усваивать материал и применять его на практике. [5]

Программа "Интеллектум" ориентирована на всестороннее развитие когнитивных навыков учащихся, таких как критическое мышление, умение решать задачи и проявлять креативность. Она включает тщательно разработанные упражнения, направленные на улучшение памяти, концентрации внимания и способности анализировать информацию. Благодаря использованию этой программы ученики учатся структурировать свои мысли, находить нестандартные подходы к решению проблем и уверенно справляться с учебными и жизненными вызовами. [6]

Комплексное использование методик "Табата" и "Интеллектум" позволяет нашей школе создавать условия для формирования у учеников ключевых навыков, которые необходимы в современном мире. Эти подходы помогают не только улучшать учебные результаты, но и развивать

уверенность в себе, самостоятельность и стремление к постоянному развитию, что закладывает прочный фундамент для их будущих академических и профессиональных успехов.

Индивидуальный подход и развитие учеников

Одним из главных принципов нашей школы является индивидуальный подход к обучению, который позволяет максимально учитывать особенности каждого ученика. Мы уделяем внимание уровню подготовки, темпам усвоения материала, интересам и предпочтениям каждого ребёнка. Благодаря этому удаётся создать комфортную образовательную среду, в которой ученики чувствуют себя уверенно и мотивированы к учебе.

Малые группы, в которых проходят занятия, позволяют преподавателям сосредотачивать внимание на потребностях каждого ученика. Такой формат обучения способствует более глубокому пониманию материала, созданию доверительных отношений между учителями и учениками, а также помогает детям раскрыть свой потенциал. В результате ученики достигают высоких академических результатов, становятся более уверенными в себе и получают удовольствие от процесса обучения.

Особое внимание в нашей школе уделяется развитию личных качеств и стремления к достижению целей. Мы активно поощряем участие учеников в различных конкурсах, олимпиадах, проектах и других интеллектуальных и творческих мероприятиях. Такой подход помогает детям развивать уверенность в своих силах, умение выступать перед аудиторией, работать в команде и добиваться успехов в разных сферах.

Благодаря индивидуальному подходу и поддержке наших педагогов, ученики не только успешно осваивают учебную программу, но и формируют навыки, которые станут залогом их успешной учебы, дальнейшей карьеры и личного роста. [7]

Заключение

Наша частная школа "Аниса" с углубленным изучением английского языка и математики предоставляет своим ученикам широкие возможности для всестороннего и гармоничного развития, готовя их к успешной адаптации в быстро меняющемся современном мире. Мы не только передаём знания, но и учим использовать их в реальной жизни, формируя у детей навыки, необходимые для достижения высоких целей.

Инновационные методики, такие как сингапурский метод

обучения, карты "Табата" и программа "Интеллектуум", позволяют сделать процесс обучения увлекательным, эффективным и ориентированным на индивидуальные потребности каждого ученика. Важную роль в образовательной программе играет участие носителя языка, что создаёт аутентичную языковую среду, способствует погружению в культуру и значительно ускоряет процесс освоения английского языка.

Наша школа является уникальным образовательным пространством, где сочетаются современные технологии, инновационные подходы и традиционные ценности. Мы стремимся воспитывать уверенных в себе, целеустремлённых и творческих личностей, которые будут успешно справляться с вызовами сегодняшнего мира и станут достойными гражданами завтрашнего общества.

Мы гордимся тем, что создаём среду, в которой ученики не только развиваются интеллектуально, но и приобретают важные жизненные навыки, становясь лидерами, готовыми к большим свершениям.

Библиография

1. Harmer, J. "The Practice of English Language Teaching." Pearson Education, 2015.
2. Brown, H. D. "Teaching by Principles: An Interactive Approach to Language Pedagogy." Longman, 2001.
3. Yeap Ban Har. "Teaching Primary Mathematics." Marshall Cavendish Education, 2013.
4. Bartolini Bussi, M. G., & Sun, X. "Building the Foundation: Whole Numbers in the Primary Grades." Springer, 2018.
5. Jensen, E. "Brain-Based Learning: The New Science of Teaching and Training." Corwin Press, 2020.
6. Sternberg, R. J. "Successful Intelligence: How Practical and Creative Intelligence Determine Success in Life." Plume, 1997.
7. Gardner, H. "Frames of Mind: The Theory of Multiple Intelligences." Basic Books, 2011.
8. Нургалиева, Ш. "Методы преподавания математики в школе." Алматы: Мектеп, 2010.
9. Сатпаева, А. "Казахский язык: методика преподавания

и практическое руководство." Астана: Ел Орда, 2015.

10. Смагулов, К. "Инновационные технологии в образовании."
Караганда: Болашак, 201

1-СЫНЫПТА «АНА ТІЛІ» ПӘНІНЕН ӨТКЕН САБАҚТЫ ТАЛДАУ: «ЖУАН ЖӘНЕ ЖІҢІШКЕ ДЫБЫСТАР. «СЫЙЛАЙМЫН» ӨЛЕҢІ

Бакирова Алтынай Исмагуллаевна

«ANISA» жекеменшік мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
E-mail: altynai.bakirova.9090@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада 1-сынып оқушыларына арналған «Ана тілі» пәні бойынша «Жуан және жіңішке дыбыстар. «Сыйлаймын» өлеңі» тақырыбындағы сабаққа педагогикалық талдау жасалған. Сабақ барысында оқушылар жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың ерекшеліктерімен танысып, олардың айтылуы мен жазылуын меңгереді. Сонымен қатар, фонематикалық есту қабілеттері дамып, дұрыс дыбыстау дағдылары қалыптасады. Сабақтың тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылып, өлеңде көтерілген адамгершілік құндылықтарды оқушыларға түсіндіру мақсат етілді. Интерактивті әдістер мен ойын тапсырмалары қолданылып, бұл тәсілдер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, белсенділіктерін күшейтуге ықпал етті. Оқушылардың тілдік қорын дамыту және оқу дағдыларын жетілдіру мақсатында шығармашылық және коммуникативтік әдістер пайдаланылды. Сабақ барысында оқыту мен тәрбиенің тығыз байланысы қамтамасыз етіліп, оқушылардың әдеби шығармаларды түсінуі мен сезінуіне мүмкіндік жасалды.

Тірек сөздер: 1-сынып, ана тілі, жуан және жіңішке дыбыстар, фонематикалық дағдылар, өлең, «Сыйлаймын», интерактивті әдістер, тәрбиелік аспект, педагогикалық талдау, оқу дағдылары.



Сабақтың мақсаты: Оқушыларға дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білу, сонымен қатар дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін ұғындыру. Бұл сабақ балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіліп, интерактивті әдістер мен ойын элементтері арқылы тіл байлығын дамытуға бағытталды.

Сабақтың басы қолайлы психологиялық ахуал туғызуға бағытталды. «Телефон» әдісі арқылы оқушылар сөздерді (қала, аспан, қар, суық, дос және т.б.) айтқан кезде балалардың материалды белсенді қабылдауына ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы айырмашылық тақырыбын қозғауға көмектесті. Бұл әдіс шиеленісті жеңілдетуге және зейінді арттыруға көмектеседі, бұл бастауыш мектеп оқушыларымен жұмыс істеудің маңызды сәті.

Балалар атаған сөздер дыбыстарды анықтауға, сондай-ақ жуан және жіңішке дауыстылардың айырмашылығын түсіндіруге мысал болды. Бұл әдіс сонымен қатар балалардың есту зейінін дамытады және практикалық қолдану арқылы ақпаратты есте сақтауға көмектеседі.

Осыдан кейін «Ашық микрофон» әдісі қолданылды, бұл тақырыпты ашудың және балаларды белсенді іс-әрекетке тартудың тиімді әдісі болып табылады. Бұл ретте оқушылар «сыйлаймын» сөзін қалай түсінетіндерін айтып берді, бұл тәрбие мен тұлғалық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды болып табылатын әдептілік пен сыйластықты қалай қабылдайтынын жақсырақ түсінуге мүмкіндік берді.

Бұл тәсіл балаларға өз ойлары мен сезімдерін жеткізуге мүмкіндік береді, олардың коммуникативті дағдыларын дамытады және ұжымда жағымды әлеуметтік қарым-қатынастардың қалыптасуына ықпал етеді. Пікірталасқа қатысу оларға сабақта алған білімдерін күнделікті өмірде қалай қолдануға болатынын түсінуге көмектеседі.

«Сыйлаймын» өлеңі кездейсоқ таңдалған жоқ, өйткені ол оқу материалы мен адамгершілік тәрбиесінің арасына көпір жасайтын сыйластық пен сыпайылық тақырыбымен байланысты. Мен алдымен

Шәміл Мұхамеджанов туралы қысқаша мәлімет бердім, бұл оқушылардың авторға және шығармаға деген қызығушылығын арттыруға пайдалы. Осыдан кейін өлеңді оқып болған соң оқушыларға талдау тапсырмаларын бердім. Бұл балаларға өлеңнің мазмұнын түсінуге ғана емес, сонымен қатар сөздердің қандай мағынаға ие екенін, сондай-ақ қандай құндылықтарды қабылдай алатынын түсінуге мүмкіндік берді.

«Өлеңде қай бала?», «Үлкенді сыйлайсың ба?» сияқты тапсырмалар балалардың ой-өрісін, өзін-өзі тану дағдыларын дамытты. Бұл тілді меңгеруге ғана емес, адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға да көмектеседі.

Сөздегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ажыратуға байланысты жаттығу нәтижелі орындалды. Оқушылар тыйым сөздермен белсенді жұмыс жасады, сонымен қатар жуан және жіңішке дыбыстары бар сөздерге мысалдар іздеді. Бұл жаттығу айтылу дағдыларын және егжей-тегжейге назар аударуды дамытуға бағытталған, бұл ана тілін үйренудің бірінші кезеңінде өте маңызды.

«Қ» дыбысының сөздің әртүрлі бөліктерінде: басында, ортасында және соңында кездесетіндігінің маңыздылығын да атап өттім. Бұл балаларды тілдің фонетикалық ерекшеліктерімен таныстырды, бұл грамматика мен орфографияны дұрыс меңгеруге негіз болды.

«Қ» әрпін көркем жазу сабақтың маңызды элементіне айналды, өйткені жазбаша белгілермен жұмыс теориялық білімді практикада бекітуге мүмкіндік берді. Бұл сонымен қатар кіші жастағы оқушылардың ұсақ моторикасын және көрнекі есте сақтау қабілетін дамытудың маңызды бөлігі болып табылды.

Балалардың зейінін жаңартып, өзара әрекеттесудің жеңіл түріне ауыстыру үшін «Кім нені жақсы көреді?» оқу ойыны қолданылды. Балалар өздерінің қимылдарымен өздеріне ұнаған нәрселерді көрсету арқылы эмоциялар мен дене сезімдеріне негізделген өзара әрекеттестік құрады. Ойын балаларға ақпаратты белсендірек қабылдауға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың әлеуметтік дағдылары мен топтық жұмыс қабілеттерін дамытады. Бұл

сонымен қатар мұғалімге оқушылардың қызығушылықтарын жақсы түсінуге және әр бала үшін жекелендірілген тәсіл жасауға көмектесті.

Келесі тапсырмада оқушылар аю, өрмекші, тасбақа суреттерін пайдаланып, өз беттерімен сөйлемдер құрастырды. Бұл әрекет балалардың шығармашылық ойлауын және қарапайым сөйлем жазу дағдыларын дамытуға көмектесті, сөйлеуде жуан және жіңішке дыбыстарды қолдануды күшейтті. Мысалы: «Аю тауда жүреді», «Өрмекші күні бойы тор құрумен айналысты», «Тасбақа ұзақ өмір сүреді». Бұл тармақ балалардың логикалық және мағыналы мәлімдемелер құрастыру қабілетін дамыту үшін маңызды.

Сабақ соңында кері байланыс берілді, бұл оқушыларға сабақ туралы өз ойларын білдіруге, не қызықты және не үйренгенін білуге мүмкіндік берді. Бұл сәт мұғалімге сабақты болашақта бейімдеуге көмектеседі, сонымен қатар балаларға сабақ барысында не үйренгенін тануға мүмкіндік береді.

«Жуан және жіңішке дыбыстар» тақырыбы мен «Сыйлаймын» өлеңі бойынша өткен сабақта тіл байлығын дамытып, тәрбиелік жағын да арттыруға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Психологиялық атмосфераны құру, интерактивті элементтер, мәтінмен жұмыс, сондай-ақ жұмыстың ойын түрлері материалды тиімді меңгеруге ықпал етеді және оқу процесін балалар үшін қызықты және пайдалы етеді. Айта кету керек, сабақтың әр кезеңінде балалар тек білімді меңгеріп қана қоймай, сонымен бірге қарым-қатынас, сыйластық, өзін-өзі көрсету дағдылары қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Розенталь Д.Э. Большой справочник по русскому языку. – М. : Издательство Оникс: Издательство «Мир и образование», 2008. – 1008 с.
2. Ахметов М. Қазақ тілі фонетикасының негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 320 б.
3. Мухамеджанов Ш. Сыйлаймын – Алматы: Жазушы, 1985. – 54 с.
4. Сыздықова Р. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы:

Мектеп, 2000. – 463 б.

5. Әбілқасымова Г. Бастауыш сыныпта тіл дамыту. – Алматы: Ғылым, 2007. – 284 б.

6. Мұсаев Т. Фонетика және оның мектептегі қолданылуы. – Алматы: Ана тілі, 2011. – 214 б.

7. Исаев И., Жұбанова М. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 312 б.

ГИМНАСТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Зейнеш Бекжан Серікұлы

“ANISA” дарынды балаларға арналған жекеменшік
мектебінің денешынықтыру пәні мұғалімі
Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылы
e-mail: kamyrjanov09@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалардың маңызы мен олардың оқушылардың дене тәрбиесіндегі рөлі қарастырылады. Гимнастика – оқушылардың дене дайындығын арттырып, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға бағытталған маңызды пәндердің бірі. Сабақ барысында гимнастикалық құралдарды тиімді пайдалану дене бұлшықеттерін нығайтуға, тепе-теңдік сақтау қабілетін жақсартуға және үйлесімді қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеуде гимнастикалық құралдарды қолданудың әдістемелік ерекшеліктері, тапсырмалардың түрлері және олардың оқушылардың физикалық дамуына әсері талданады. Сабақ барысында интерактивті және ойын әдістері қолданылып, оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ұсынылған тапсырмалар дене тәрбиесі сабақтарында мотивацияны күшейтіп, оқушылардың қызығушылығын оятуға көмектеседі. Мақалада гимнастикалық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың дене бітімін жетілдіру және салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді жолдары көрсетілген.

Тірек сөздер: гимнастика, гимнастикалық құралдар, дене тәрбиесі, қимыл-қозғалыс дағдылары, дене дайындығы, тепе-теңдік, әдістемелік ерекшеліктер, интерактивті әдістер, дене бітімі, салауатты өмір салты.



Гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалар – дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында оқушылардың физикалық қабілеттерін дамытуға арналған тиімді әдістердің бірі. Бүгінгі таңда мектептердегі дене шынықтыру сабақтары оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, денсаулықтарын нығайтуға және жалпы физикалық дайындықтарын жақсартуға бағытталған. Гимнастикалық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың бұлшық еттерін күшейту, қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту және жалпы физикалық төзімділігін арттыруға мүмкіндік бар.

Гимнастикалық құралдарды пайдалану – дене тәрбиесінің ажырамас бөлігі. Олар арқылы балалардың қозғалыс дағдылары жетіледі, дене икемділігі артады және бұлшық еттері дұрыс қалыптасады. Гимнастикалық құралдар сабақтың қызықты әрі тиімді етуіне ықпал етеді, оқушылардың белсенділігін арттырады және спорттық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл құралдар балаларға өз қозғалыстарын жақсы сезінуге, тепе-теңдікті сақтауға, жылдамдық пен күшті үйлестіруге мүмкіндік береді.

Гимнастикалық құралдарға гимнастикалық қабырға, шығыршық, секіртпе, орындық, қоссырық, бөрене, швед қабырғасы, арқан, трамплин, серіппелі тақтай, қол тірейтін бөрене сияқты түрлі құрылғылар жатады. Әрбір құралдың өзіндік ерекшеліктері бар және олар белгілі бір бұлшық ет топтарын дамытуға бағытталған. Оқушылардың бұл құралдарды дұрыс пайдалануын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер әдістемелік тұрғыдан тиімді тапсырмалар құрастыруы қажет.

Гимнастикалық құралдармен орындалатын жаттығулар оқушылардың қимыл-қозғалыс қабілеттерін жетілдірумен қатар, олардың психологиялық дайындығын арттыруға да көмектеседі. Мысалы, биіктен секіру, арқанға өрмелеу немесе гимнастикалық бөрене бойымен жүру кезінде оқушылар өз қорқыныштарын жеңіп, сенімділіктерін арттырады. Бұл олардың өзін-өзі бағалауын жақсартып, қиындықтарға төтеп беру дағдыларын дамытуына ықпал етеді.

Сабақ барысында гимнастикалық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың ынтасын арттыру үшін әртүрлі әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Интерактивті және ойын түріндегі жаттығулар сабақтың қызықты өтуіне көмектеседі. Балалар қозғалыс тапсырмаларын орындау кезінде қызығушылық танытады, бұл олардың дене шынықтыруға деген сүйіспеншілігін арттырады. Сонымен қатар, топтық жаттығулар арқылы балалар арасында өзара көмек көрсету, ынтымақтастық және командалық рух қалыптасады.

Гимнастикалық құралдарды тиімді пайдалану үшін сабақтың құрылымы дұрыс жоспарлануы керек. Алдымен оқушыларға құралдардың дұрыс қолданылуы туралы түсінік беріледі. Әрбір жаттығудың қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, мұғалімнің қадағалауымен орындалады. Оқушылар үшін арнайы дайындалған тапсырмалар олардың жас ерекшеліктеріне, дене дайындығына және физикалық мүмкіндіктеріне сәйкес болуы қажет.

Жаттығулар барысында оқушылардың дене сымбатын дұрыс қалыптастыру да маңызды. Қазіргі заманда балалардың көпшілігі отырықшы өмір салтын ұстанады, бұл олардың денсаулығына теріс әсер етеді.

Гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалар дене шынықтыру сабақтарында маңызды рөл атқарады. Олар оқушылардың физикалық дамуын жетілдірумен қатар, олардың қимыл-қозғалыс қабілеттерін арттырып, жалпы денсаулықтарын жақсартады. Гимнастикалық құралдарды қолдану арқылы оқушылардың бұлшық еттері нығайып, қозғалыс үйлесімділігі мен тепе-теңдік сақтау қабілеттері дамиды. Бұл өз кезегінде олардың дене дайындығын арттырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақ барысында гимнастикалық құралдарды пайдалану тек физикалық даму үшін ғана емес, сонымен қатар психологиялық тұрақтылық пен сенімділік қалыптастыру үшін де маңызды. Қиын жаттығуларды орындау арқылы балалар өз қорқыныштарын жеңіп, ерік-жігерін дамытады. Сонымен қатар, топтық жаттығулар арқылы өзара көмек көрсету, ынтымақтастық және жауапкершілік сезімі қалыптасады. Гимнастикалық құралдарды тиімді пайдалану үшін

олардың қолдану әдістемелері дұрыс ұйымдастырылуы қажет. Мұғалімдер әрбір жаттығудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалар әзірлеуге көңіл бөлуі керек. Интерактивті және ойын түріндегі жаттығулар оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды дене шынықтыру сабақтарына ынталандырады. Гимнастикалық

құралдарға бағытталған тапсырмалар дене шынықтыру сабақтарында маңызды рөл атқарады. Бұл құралдар оқушылардың физикалық дамуын жетілдіріп қана қоймай, олардың қозғалыс үйлесімділігі мен тепе-теңдік сақтау қабілеттерін дамытады. Гимнастикалық құралдарды дұрыс пайдалану дене бұлшықеттерін нығайтуға, икемділікті арттыруға және жалпы қозғалыс белсенділігін күшейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортқа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Дене тәрбиесі – мектеп бағдарламасындағы маңызды пәндердің бірі. Ол оқушылардың денсаулығын нығайтып, олардың физикалық және психологиялық дамуына оң әсер етеді. Гимнастикалық құралдарды қолдану арқылы жүргізілетін жаттығулар қозғалыс дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұлшық ет жүйесін жетілдіреді және төзімділікті арттырады. Осыған байланысты мектеп бағдарламасында гимнастикалық құралдармен орындалатын тапсырмалар ерекше орын алады.

Гимнастикалық құралдар әртүрлі мақсатта қолданылады. Олардың қатарында гимнастикалық қабырға, шығыршық, секіртпе, орындық, қоссырық, бөрене, швед қабырғасы, арқан, трамплин, серіппелі тақтай, қол тірейтін бөрене бар. Әрбір құрал белгілі бір дене мүшелерінің дамуына бағытталған және оларды дұрыс қолдану оқушылардың дене дайындығын жақсартады. Мұғалімдер гимнастикалық құралдарды қолдануда оқушылардың жас ерекшеліктері мен физикалық деңгейін ескере отырып, тапсырмалар дайындайды.

Гимнастикалық құралдарды пайдалану оқушылардың психологиялық тұрақтылығын да дамытады. Кейбір жаттығулар жоғары сенімділік пен ерік-жігерді талап етеді. Мысалы, арқанға өрмелеу немесе гимнастикалық бөрене бойымен жүру оқушылар үшін бастапқыда қиын

болуы мүмкін. Алайда мұндай жаттығуларды орындау кезінде олар өз қорқыныштарын жеңіп, өзіне деген сенімділіктерін арттырады. Бұл олардың өзін-өзі бағалауына және психологиялық тұрақтылығын дамытуына септігін тигізеді.

Гимнастикалық құралдарды сабақ барысында тиімді пайдалану үшін мұғалімдер әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Интерактивті және ойын түріндегі жаттығулар сабақтың қызықты өтуіне ықпал етеді. Бұл тәсіл оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттырып, олардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, гимнастикалық құралдармен жұмыс жасау оқушылар арасында өзара көмек көрсету, ынтымақтастық, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Гимнастикалық құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Мұғалім сабақ басталар алдында оқушыларға әрбір құралдың дұрыс қолданылуы туралы түсіндіруі тиіс. Сонымен қатар, әрбір жаттығудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұғалім оқушылардың әрекеттерін бақылап отырады. Гимнастикалық құралдармен жұмыс істеу барысында жарақат алу қаупі болғандықтан, оқушылар сақтық шараларын қатаң ұстануы қажет. Жаттығулар барысында оқушылардың дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Қазіргі таңда көптеген балалар отырықшы өмір салтын ұстанады, бұл олардың денсаулығына теріс әсер етеді. Гимнастикалық құралдар арқылы жасалатын жаттығулар дененің әртүрлі бөліктеріне оң әсер етіп, сымбатты қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылар сабақ барысында денесін тік ұстау, дұрыс жүру және қозғалыс үйлесімділігін сақтау дағдыларын меңгереді. Гимнастикалық құралдар дене шынықтыру сабақтарының сапасын жақсартады. Мұндай жаттығулар оқушылардың төзімділігін арттырып, олардың физикалық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, гимнастикалық құралдармен жұмыс істеу кезінде оқушылар белгілі бір қозғалыстарды қайталау арқылы үйлесімділік пен икемділікті дамытады. Гимнастикалық құралдарды қолданудың тағы бір маңызды аспектісі – оқушылардың назарын шоғырландыру және олардың өзін-өзі бақылау қабілеттерін

дамыту. Мысалы, гимнастикалық бөрене бойымен жүру кезінде оқушылар қозғалыстарын мұқият бақылап, тепе-теңдікті сақтау қабілетін жетілдіреді. Бұл дағдылар күнделікті өмірде де пайдалы болуы мүмкін, себебі олар адамның қозғалыс үйлесімділігін жақсарта отырып, жалпы физикалық денсаулығын нығайтады. Гимнастикалық құралдар арқылы жүргізілетін сабақтар тек физикалық емес, сонымен қатар тәрбиелік мәнге ие. Сабақ барысында оқушылар бір-біріне көмектесуді, қиындықтарды жеңуді, төзімді болуды және тәртіпті сақтауды үйренеді. Олардың өздеріне деген сенімділіктері артып, алға қойған мақсаттарына жету үшін табандылық таныту қабілеті дамиды.

Гимнастикалық құралдарды пайдаланудың тағы бір тиімділігі – ол оқушылардың дене тәрбиесі сабақтарына деген қызығушылығын арттырады. Кейбір оқушылар үшін дене шынықтыру сабағы тек физикалық белсенділік ғана емес, сонымен қатар өз қабілеттерін сынап көруге мүмкіндік беретін сүйікті сабақтардың бірі болуы мүмкін. Мектеп бағдарламасында гимнастикалық құралдарды пайдалану арқылы сабақ өткізудің бірнеше әдістемелік жолдары қарастырылады. Біріншіден, оқушыларға құралдардың дұрыс қолданылуы туралы теориялық мәлімет беріледі. Екіншіден, оларды тәжірибе жүзінде қолдану арқылы оқушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Үшіншіден, әрбір жаттығудың орындалу сапасын бағалау және оны жақсарту бойынша мұғалімдер оқушыларға тиісті кеңестер береді. Гимнастикалық құралдармен жұмыс жасаудың тағы бір ерекшелігі – ол оқушылардың физикалық дайындығын бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер белгілі бір жаттығуларды орындау барысында оқушылардың икемділігі, күші, тепе-теңдігі және жылдамдығы сияқты көрсеткіштерді бақылап, олардың физикалық даму деңгейін анықтай алады.

Осылайша, гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалар оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Олар дене дайындығын жетілдіріп, қозғалыс дағдыларын дамытады, өзіне деген сенімділікті арттырады және тәртіпке

ұйретеді. Гимнастикалық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың денсаулығы нығайып, олардың спортқа деген қызығушылығы артады. Бұл әдістер оқушылардың дене тәрбиесін сапалы әрі қызықты етіп өткізуге мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, гимнастикалық құралдармен орындалатын тапсырмалар оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттыруда, олардың дене дайындығын жақсартуда және спортқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер гимнастикалық құралдарды сабақ барысында жүйелі түрде қолдана отырып, оқушылардың дене шынықтыруға деген ынтасын арттыруы қажет. Сонымен қатар, гимнастикалық құралдарды қолдану оқушылардың физикалық дамуын ғана емес, олардың өзін-өзі басқару, ерік-жігер, тәртіп және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады. Осылайша, гимнастикалық құралдар мектеп бағдарламасындағы дене тәрбиесі сабақтарының ажырамас бөлігі болып қала береді және оның тиімділігі жоғары деңгейде сақталады.

Жалпы алғанда, гимнастикалық құралдарды пайдалану дене шынықтыру сабақтарының тиімділігін арттырады және оқушылардың қозғалыс белсенділігін күшейтеді. Олар балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға да ықпал етеді. Сондықтан дене тәрбиесі пәнінде гимнастикалық құралдарды кеңінен қолдану маңызды және оның тиімділігі дәлелденген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбішев Қ. Дене тәрбиесі және спорт. – Алматы: Білім, 2012. – 320 б.
2. Жүсіпбекова А. Қозғалыс белсенділігін арттыру әдістері. – Астана: Фолиант, 2018. – 276 б.
3. Құдайбергенов Н. Гимнастика негіздері: теория және әдістеме. – Алматы: Өнер, 2015. – 230 б.
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана: Елорда, 2012.
5. Оспанов С. Дене шынықтыру сабақтарында инновациялық

- әдістерді қолдану. – Қарағанды: Болашақ, 2019. – 198 б.
6. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2018.
7. Сейдахметов Ә. Бастауыш сыныпта дене тәрбиесін ұйымдастыру. – Алматы: Рауан, 2016. – 212 б.
8. Тұрсынбаев А. Гимнастика және оның оқыту әдістері. – Шымкент: Мектеп, 2017. – 250 б.
9. Хамзин Б. Спорттық жаттығулар теориясы. – Өскемен: Шығыс, 2020. – 290 б.
10. Шәкенов Е. Дене тәрбиесінің теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 265 б.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАР – БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА

Ізтілеуова Ләззат Ермағанбетқызы

№78 орта мектебінің, бастауыш сынып мұғалімі. Қазалы ауданы, Қызылорда облысы, Қазақстан Республикасы.
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруда мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Оқытудың тиімді әдістерін іздестіру, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеру – қазіргі заманғы педагогиканың басты талаптарының бірі. Бастауыш сынып мұғалімі жас буынның рухани дүниесі мен ой-қиялын қалыптастырып, олардың оқу, жазу және ойлау дағдыларын дамытады. Оқушылардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін маңызды пәндердің бірі – әдебиет. Әдебиет арқылы балалар адамгершілік, ізгілік, еңбексүйгіштік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді, олардың ой-санасы мен дүниетанымы кеңейеді.

Көркем әдебиет оқушылардың қиялын дамытып, оларға эстетикалық тәрбие береді. Әсіресе, бастауыш сынып оқушылары ертегілерді, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқып, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне еліктейді. Шығармалардың мазмұны арқылы балалар өздігінен ой түйіп, қорытынды жасауға тырысады. Осылайша, әдебиет оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: бастауыш сынып, оқыту әдістері, әдебиет, көркем шығарма, рухани тәрбие, адамгершілік, балалар әдебиеті, оқу дағдылары, шығармашылық қабілет, дүниетаным.



Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды іске асыруда мұғалімдерге зор жауапкершілік жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдіс, тәсілдерін талмай іздестіруден, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруден көрінеді. Жас ұрпақтың рухани дүниесі мен ой-қиялын бірінші болып білім жарығымен нұрландыратын адам – бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер бірінші мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың, ойлаудың дағдыларын игере бастайды. Сөйтіп олардың дамуына кең мүмкіндіктер ашылады. Мектепте өтілген көптеген пәндердің ішінде оқушыларға терең білім, жан-жақты тәрбие берерде әдебиеттің алар орны елшеусіз. Әдебиет адамды рухани биіктетеді, жан сұлулығына тәрбиелейді, ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Адамды асыл армандарға бастайды. Онда адамзаттың ілгері жарық сәулеге, жақсы өмірге ұмтылған ұшқын қиялы, сол жолдағы күрес-тартысты, ел басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар, халқымыздың елдік қасиеті, бүгінгі жазира өмірі бейнеленген көркем әдебиетте адамдар тағдыры бар тіршілік болмысымен көрінеді.

Оқырман алдынан талай тағдырлар өтіп жатады. Олардың әрқайсысы өзіндік тіршілігімен, қайталанбас мінезімен, екінші-опығымен, қуаныш-қызығымен, арпалыс-тартысымен көрінген. Көркем әдебиет ойын сөздің күші арқылы жеткізеді де, оқушыларға өзінше әсер етеді. Балаларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуде көркем шығарманың маңызы зор. Балалардың ой-санасын дамытуға, мінез-құлқын қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге көркем әдебиет шығармаларындағы кейіпкерлердің өмірі мен іс-әрекеттері үлкен әсер етеді. Әсіресе, бастауыш сыныптың оқушылары өздерінің жас шамасына қарай суретті кітапшаларды, ертегі, аңыз-әңгімелерді, батырлар туралы шығармаларды сүйіп оқиды. Ондағы басты кейіпкерлердің іс-әрекетіне еліктейді, тәтті қиялдарға беріледі, өзінше қорытынды жасауға тырысады. Бұл сыныптағы оқушылар көбінесе оқу техникасына жаттығады. Әріптен сөз, сөзден сөйлем құрап оқи бастасымен-ақ, оқушыларда өзін қоршаған орта, жаратылыс, табиғаттың сырларын, көпті білуге

деген ынта, көркем шығарманы оқу, мұғалім әңгімесін зейін қоя тыңдау, білмегенін сұрап алу белсенділігі басым болады. Олар туралы алғашқы ұғым беруді бастауыш сынып бағдарламасы талап етеді. Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Көркем шығарманы талдау принципінде орта буын мен жоғары буында ұқсастық бар. Бірақ әр сынып оқушыларының жас ерекшелігіне және іскерлік, шеберлік дағдыларының сапасына қарай талдаудың әр буында өзіндік салмағы бар.

Енді оқушыларға әдеби білім берудің сол кезеңдерін, онда қалыптастырылатын іскерлік пен шеберлік дағдыларын байқап көрейік. Сөзбен жұмыс істеу – сөзіндік қорын молайту – тіл көркемдігін, сөз өнерін меңгеру деген сөз. Ал сөз өнері – әдебиет. Көркем шығарманы оқу, талдау барысында оқушы жазушының әр сөзін таңдап, талғап қолданатындығында көзі жетеді, ана тілінің көп қырлылығын меңгертеді.

Неғұрлым осындай жұмысқа тереңдеп барған сайын оқушылардың көркем әдебиетке деген ынтасы артады. Бастауыш мектептегі оқу сабағы аса маңызды рөл атқарады. Бастауыш сыныпта ана тілінде қоғам және ондағы адамдар туралы, сүйікті отанымыздың мейлінше бай, көркем де сұлу табиғаты, сондай-ақ жануарлар дүниесі туралы деректерді оқып, үйренеді, өмірге қажетті сан алуан машықтарды меңгереді.

Әдебиеттік оқу сабағы арқылы оқушының рухани дүниесі байиды, жай білім беріп қана қоймайды, ол өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді. Қазақтың көрнекті қайраткері, ірі тіл маманы Ахмет Байтұрсынов: «Кішілік болмас үшін әр ұлт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін өзге тілді оқыта бастайды», – деген еді. Бастауыш сынып оқушылары көптеген әдебиет жанрларымен көбінесе әдебиеттік оқу сабақтарында таныса алады. Сондықтан заман талабына сай әрбір сабақ беру әдісін жетілдіру арқылы сабақтың сапасы мен тәрбиелік маңызын арттыру бағытында мұғалімге шығармашылық ізденісті қажет етеді. Жас буынды төл мәдениет мәйегі мен тәрбиелеу барысында

бастауыш мектеп мұғалімдерінің мүмкіндігі де, міндеттілігі де жоғары. Ендігі қажеттілік – тынымсыз шығармашылық ізденіс. Шығармашылықпен жұмыс жасауға талаптанған мұғалімге мектеп бағдарламасындағы әдебиет пәнінің әрбір тақырыбын, әрбір көркем мәтінді ұлттық тәрбиемен өзектестіре оқытуға жол ашық. Сол себепті мәтін аясында көркем образдарды талдап тану арқылы оқушының өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, дүниетанымын дамытуға ықпал ететін әдебиеттік оқу сабақтарында халықтық мұраларды оқыту барысында білімділік, дамытушылық мақсаттарға қоса, тәрбиелік сипатына баса назар аударылған абзал.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани және зияткерлік дамуы үшін сапалы білім беру маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер балалардың білімін жетілдірумен қатар, олардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс. Оқыту мен тәрбиенің өзара байланысы бастауыш сыныптарда айқын көрінеді, өйткені дәл осы кезеңде балалардың ойлау қабілеті, дүниетанымы және мінез-құлқы қалыптасады. Мұғалімдер оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әдебиет пәні бастауыш сыныптағы ең маңызды пәндердің бірі болып саналады. Ол тек оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, олардың эстетикалық сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелейді. Көркем шығармалар арқылы балалар өмірдің түрлі жағдайларымен танысып, кейіпкерлердің іс-әрекетін талдай отырып, өздігінен қорытынды жасауға үйренеді. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, көркем әдебиет шығармалары оқушыларды жақсылыққа, әділдікке, еңбексүйгіштікке, адалдыққа баулиды. Әсіресе, ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жырлары мен балаларға арналған әңгімелер жас ұрпақтың қызығушылығын тудырып, олардың қиялын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Бастауыш сынып оқушылары көркем шығармаларды оқи отырып, олардың мазмұнын терең түсінуге және кейіпкерлердің мінез-құлқын

бағалауға тырысады. Көп жағдайда балалар оқылған шығарманың кейіпкерлеріне еліктеп, олардың іс-әрекетін қайталауға бейім келеді. Осылайша, оқушылар көркем әдебиеттің әсерімен өзіндік көзқарасын қалыптастырады, өмірдегі әртүрлі жағдайларға өзінше баға беруге дағдыланады. Бұл үдерісте мұғалімнің рөлі ерекше. Ол балаларға шығарманың негізгі идеясын түсінуге көмектесіп, олардың талдау жасау қабілетін дамытуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Аймағамбетова Қ., Базарбекова Қ. Бастауыш сыныпта оқытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Рауан, 2010. – 256 б.

Әбдікәрімова Т., Мұқанова Б. Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру. – Астана: Фолиант, 2015. – 198 б.

Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

Қалиұлы С. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 320 б.

Құрманбаева А. Бастауыш сыныпта көркем шығарманы оқыту әдістемесі. – Алматы: Өнер, 2017. – 278 б.

Сейітова Н. Оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру. – Шымкент: Болашақ, 2018. – 245 б.

ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2018.

Ыбырай Алтынсарин. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Мектеп, 2014. – 320 б.

Хасанова Г. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. – Алматы: Дарын, 2016. – 210 б.

Шалабаева Г. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамыту. – Қарағанды: Фолиант, 2019. – 290 б.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ (CHAT GPT) ЖОБАСЫН ЖАҢА ҒАСЫРДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Кенжегалиева Самал Наурызгалиевна

Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Ш.Қалдаяқов ауылы, В.И.Пацаев атындағы
орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі
e-mail: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада Жасанды Интеллект (ChatGPT) технологиясының жаңа ғасырда қолдану тиімділігі қарастырылады. ChatGPT – мәтінді талдау, ақпарат өңдеу және пайдаланушы сұраныстарына жауап беру қабілетіне ие интеллектуалды жүйе. Ол білім беру, ғылыми зерттеулер, бизнес, медицина, технология және басқа да салаларда кеңінен қолданылып, тиімділігін дәлелдеп келеді. Жасанды интеллекттің көмегімен ақпаратқа жылдам қол жеткізу, мәтінді өңдеу, аударма жасау, деректерді талдау және шешім қабылдау үдерістерін оңтайландыру мүмкін болады.

Мақалада ChatGPT-тің білім беру саласында оқытушылар мен студенттер үшін пайдалы құрал ретінде қолданылу жолдары, оның шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің артықшылықтары мен кемшіліктері, оны этикалық тұрғыдан қолданудың маңызды аспектілері талданады. Зерттеу нәтижелері ChatGPT-тің адам еңбегін жеңілдететінін, ақпараттық үдерістерді жылдамдататынын және жаңа мүмкіндіктер ашатынын көрсетеді.

Тірек сөздер: Жасанды интеллект, ChatGPT, цифрлық технологиялар, білім беру, ақпараттық технологиялар, автоматтандыру, деректерді талдау, мәтін өңдеу, инновация, жаңа ғасыр.



Chat GPT қазіргі таңда ең көп талқыланған жобаға айналды. Адамдар онымен сөйлесіп, тапсырма беріп жұмыстарын ыңғалындыра, аз жұмыстануға дағдыланды. Бұл қандай чат бот? Қандай мүмкүндік бар деген сұрақтар туындайды?

Chat GPT –американдық коммерциялық емес, компанияның 2022 жылы қараша айында таныстырған Open AI нейрондық желі. Бұл жоба 3 кезеңнен тұрады. Біріншісі 2019 жылы әзірленіп, бірақ қолданысына шықпады. Екіншісі сол жылы қайта өңделіп шықты. Ал үшінші Chat боты 2020 жылы толықтай қолданысқа еңгізіліп, қазіргі таңда көтеген жандарды таңғалдыра алды.

Chat GPT дегеніміз не? Chat GPT – GPT (Generative Pre-Trained Transformer) архитектурасына негізілген Open AI үйреткен үлкен тіл үлгісі. Бұл модель адамдардың сөйлеуін түсінуге, мәтіндер құруға, сұрақтарға жауап беруге және мақалалар жазуға қабілетті. Платформаның көптеген параметрлері бар (175 миллиардтан астам), соның арқасында ол күрделі тапсырмаларды шеше алады, соның ішінде мәтінді құру, тілді аудару, сұрақтарға жауап беру, мазмұнды құру және т.б.

Chat GPT –тің басқа диалогтық құралдардан ерекшелігі білім саласы болып табылады. Чат- бот математика, география, өнер, медицина, қаржы және аспаздық сияқты әртүрлі салаларда бірдей жақсы. Бұл кез келген сұраққа жүгінуге болатын әмбебап модель. Сонымен қатар жасанды интеллект (ЖИ) зерттеу жұмыстарында үлкен маңызға ие болып келеді, өйткені ол түрлі салаларда деректерді өңдеуді, талдауды және болжауды жеңілдетеді. Оның қолданылуы зерттеушілерге көптеген жаңа мүмкіндіктер ашып, зерттеулердің сапасын арттыруға көмектеседі. Зерттеу жұмыстарына қолданылуының жасанды интеллекттің бірнеше маңызды аспектілері:

1. Машинамен оқыту (Machine Learning) : Бұл ЖИ-нің бір бөлімі, онда алгоритмдер өздігінен деректерді талдап, нәтижелерді болжайды. Мысалы: биологияда, ғарыштық зерттеулерде немесе экономикада түрлі болжамдар жасау үшін машинамен оқыту қолданылуы мүмкін.

2. Деректерді талдау: Зерттеу жұмыстары көбінесе үлкен деректер жиынтығын талдауды талап етеді. Жасау интеллект алгоритмдері бұл деректерді талдау арқылы ауруларды ерте анықтауға немесе ғылыми эксперименттердің нәтижелерін болжауға болады.

3. Табиғи тілмен жұмыс: Жасанды интеллекттің табиғи тілдерді өңдеу қабілеті зерттеушілерге ғылыми мақалалар мен басқа мәтіндерден ақпаратты іздеу мен қорытындылау жұмысын жеңілдетеді. Мысалы, зерттеушілер ЖИ қолдана отырып, жаңа ғылыми мақалаларды талдай алады немесе белгілі бір тақырып бойынша зерттеу әдебиеттерін іздей алады.

4. Жобаларды басқару: ЖИ зерттеу жұмыстарына қатысты жобалардың тиімділігін арттырып, уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Ол зерттеу жоспарларын құру, орындау және мониторингтеу үшін қолданылуы мүмкін.

5. Эксперименттер мен симуляциялар: ЖИ мен компьютерлік модельдеу құралдарын қолдану арқылы зерттеушілер түрлі эксперименттерді виртуалды түрде жүргізіп, олардың нәтижелерін болжай алады. Бұл әдіс физика, химия мен инженерия салаларында тиімді десек те болады.

6. Қателерді азайту: ЖИ адамның қателіктерін азайтуға көмектеседі, себебі ол ақпаратты өңдеуге жорғары дәлдік пен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Зерттеушілер ЖИ құралдарын қолдана отырып, тәжірибелерін нәтижелерін қайта тексеріп, мүмкін болатын қателіктерді табуға болады.

7. Жаңа идеяларды генерациялау: Жасанды интеллект жаңа идеяларды немесе гипотезаларды генерациялауға көмектесетін құрал ретінде қызмет атқаратын жоба. Мысалы, ЖИ ғылыми зерттеулердегі белгілі бір үдерістерді зерделей отырып, жаңа бағыттар немесе зерттеу тақырыптарын ұсына алады.

Жалпы айтқанда ЖИ зерттеу жұмыстарының тиімділігін арттыруға, деректерді талдауды жеңілдетуге және жаңа ғылыми ашылулар жасауға мүмкіндік береді. Бұл технологияның дамуы мен қолданылуы болашақта көптеген ғылым салаларында зерттеу процесін

айтарлықтай деп күтіледі.

Қорыта келе, оқушы бойында шығармашылық қызметті дамыту – кез-келген педагог үшін маңызды. Өйткені шығармашыл бала өз пікірінде тәуелсіз болады. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу – басты міндетім ретінде қарап, үнемі әрбір балаға көзімнің қарашығындай қарау. Осыған орай бұл жобаны өз сабақтарымда қолдану тиімді екенін айта кеткім келеді. Мысалы: қазақ тілі мен әдебиет сабағында заман талабына сай сабақ жоспарын тез өндеуге, жіберген қателерін түзетуге, оқушыларды сауатты жазуға тиімді. Қазіргі таңда бүлдіршіндерді ештеңемен таңғалдыра алмайтынымыз анық. Соның ішінде альфа иә бета ұрпақтарымызды айта кетерлік. Соған орай осындай жаңа технологияларды өз сабақтарымды жоспарлауда тиімділігі және жаңа ақпараттарға қол жеткізетіндігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдімананов С. Жасанды интеллект және оның қоғамдағы рөлі. – Алматы: Фолиант, 2022. – 256 б.
2. Қуандықов Н. Жасанды интеллект: Технологиялық эволюция және болашағы. – Нұр-Сұлтан: Елорда, 2021. – 310 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның инновациялық даму стратегиясы. – Астана: Елорда, 2018.
4. Тұрсынова А. Цифрлық трансформация және жасанды интеллекттің білім беру саласындағы маңызы. – Қарағанды: Болашақ, 2020. – 275 б.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Білім беруді цифрландыру стратегиясы. – Астана, 2019.
6. Жұмабеков Қ. Жасанды интеллект: Қолдану салалары мен болашағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 290 б.
7. Қалиева Р. Жасанды интеллект және білім беру: жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндер. – Шымкент: Оқу баспасы, 2022. – 260 б.

. AUTHENTIC LANGUAGE AND CULTURAL REALITIES IN THE TUNEIN RADIO APP FOR ENGLISH LANGUAGE LEARNERS

Khabibullayeva Khulkar Olimzhonovna

Master students at Miras University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
e-mail: khabibullayeva18@mail.ru

Abstract

The TuneIn Radio app provides English language learners with an immersive experience by exposing them to authentic language and cultural realities through live radio broadcasts. Unlike traditional language-learning platforms, TuneIn offers real-time access to news, talk shows, music, and podcasts from various English-speaking regions. This exposure enhances learners' listening comprehension, vocabulary acquisition, and cultural awareness. Authentic audio content enables learners to grasp regional accents, idiomatic expressions, and contextual nuances, which are often absent in conventional learning materials. Moreover, engaging with diverse radio programs fosters critical thinking and cross-cultural communication skills. This study explores the pedagogical advantages of using TuneIn Radio as a supplementary tool in English language learning, emphasizing its role in enhancing linguistic proficiency and intercultural competence. By analyzing learner engagement and performance, this research highlights the app's effectiveness in creating an interactive and contextualized language-learning environment. The findings suggest that integrating live radio streaming into language curricula can significantly benefit learners in acquiring real-world language skills.

Keywords: Authentic language, cultural realities, TuneIn Radio, English language learning, real-time listening, intercultural competence, linguistic immersion, digital learning tools, language acquisition, media-based education.



The TuneIn Radio app serves as a dynamic tool for English language learners by immersing them in authentic language and cultural contexts. Unlike conventional language-learning resources, which often rely on structured and artificial dialogues, TuneIn provides exposure to real-life communication through live radio broadcasts, talk shows, news reports, and entertainment programs. This real-time content enhances learners' listening comprehension and linguistic adaptability, as it presents natural speech patterns, regional accents, colloquialisms, and cultural nuances that are rarely captured in textbooks.

Authentic language is a key factor in successful language acquisition. It consists of naturally occurring linguistic input that is unfiltered for instructional purposes. Researchers emphasize that authentic materials enable learners to develop a more intuitive understanding of language, helping them acquire vocabulary and grammatical structures in context. According to Krashen's Input Hypothesis, learners progress when exposed to comprehensible input that is slightly beyond their current proficiency level. The spontaneous and unscripted nature of radio broadcasts aligns with this principle, providing learners with language in its raw and unpredictable form. The Communicative Language Teaching approach further supports the use of authentic content, as it encourages meaningful interaction and real-world language use, which are both facilitated by TuneIn's diverse audio offerings.

The TuneIn Radio app stands out for its accessibility to global English-language content. Learners can tune in to stations from the United States, the United Kingdom, Canada, Australia, and other English-speaking regions, allowing them to familiarize themselves with different dialects and linguistic variations. This exposure is particularly valuable, as English pronunciation and vocabulary usage vary significantly across regions. For example, a learner accustomed to American English

may find it challenging to understand the fast-paced delivery of a British news broadcast or the idiomatic expressions used in Australian radio programs. By engaging with various dialects, learners improve their auditory discrimination and gain confidence in understanding different forms of English.

Cultural context plays a crucial role in language comprehension. Language is deeply intertwined with culture, and effective communication requires an awareness of cultural references, idioms, humor, and societal norms. TuneIn provides real-time insights into contemporary issues, social debates, and cultural events, which help learners grasp the contextual meaning of expressions that might otherwise seem obscure. Exposure to discussions on politics, music, sports, and everyday life enhances learners' cross-cultural competence, making them more adept at navigating conversations in diverse social settings. This kind of cultural literacy is essential for anyone aiming to use English effectively in professional, academic, or social environments.

Listening comprehension remains one of the most difficult skills for language learners to develop. Many struggle with fast-paced speech, reduced forms, and connected speech patterns, all of which are prominent in live radio broadcasts. Unlike scripted language exercises, which often present clearly enunciated sentences at a moderate pace, radio conversations are filled with interruptions, hesitations, and overlapping speech. While challenging, this exposure helps learners build resilience in real-world communication. They become accustomed to decoding meaning from tone, context, and key words rather than relying solely on perfectly structured sentences.

A significant advantage of TuneIn is its role in vocabulary acquisition. Traditional classroom materials often limit vocabulary to academic or textbook-style language, whereas real-world broadcasts introduce learners to commonly used expressions, slang, and industry-specific terminology. For

instance, sports commentary on the radio exposes listeners to jargon related to the game, while political debates introduce terms relevant to governance and social issues. This exposure enables learners to expand their lexical repertoire in an organic manner. Instead of memorizing word lists, they encounter vocabulary within meaningful contexts, making it easier to remember and apply in conversations.

Despite its many benefits, using TuneIn for language learning comes with challenges. One major difficulty is the lack of transcripts or subtitles. Unlike other media formats such as TED Talks or YouTube videos, which often include captions, live radio broadcasts provide no written support, making it difficult for learners to verify their understanding. Without a reference text, beginners may struggle to keep up with complex discussions. Another challenge is the presence of slang, idiomatic expressions, and culturally specific references, which can hinder comprehension. Expressions such as "hit the sack" for going to bed or "spill the beans" for revealing a secret might confuse learners unfamiliar with such idioms.

Another potential obstacle is the speed of speech. Many radio hosts and interviewees speak rapidly, especially during debates or news reports. For learners who are not yet comfortable with natural-speed English, this can be overwhelming. Unlike traditional learning materials that gradually increase difficulty, radio presents authentic speech without modification. Beginners may find it difficult to process information quickly enough to keep up with the conversation, leading to frustration. To mitigate this, learners can start with slower-paced content such as storytelling podcasts or educational programs before transitioning to more complex material.

Although TuneIn is a valuable resource, it lacks interactive features. Many language-learning apps provide exercises, quizzes, and personalized feedback, which help learners

reinforce their knowledge. In contrast, radio is a passive medium that requires active engagement from the learner. To maximize its benefits, learners should incorporate active listening techniques, such as taking notes, summarizing key points, and discussing broadcasts with peers or instructors. Shadowing, a technique where learners repeat spoken phrases in real-time, can also enhance pronunciation and fluency.

Teachers can integrate TuneIn into the classroom by assigning listening tasks, encouraging discussions based on radio segments, and organizing debates on current topics covered in broadcasts. For example, students could listen to a news segment and then summarize it in their own words. They could also compare perspectives from different news sources, analyzing how language and tone vary across stations. Such activities help bridge the gap between passive listening and active language use.

To support learners in overcoming comprehension difficulties, supplementary tools can be used alongside TuneIn. Online dictionaries and note-taking apps allow learners to look up unfamiliar words and track their progress. Some learners might benefit from listening to the same broadcast multiple times, focusing on different aspects each time, such as identifying key vocabulary in one listening session and focusing on pronunciation in another.

The TuneIn Radio app has the potential to revolutionize language learning by providing unlimited access to authentic spoken English. Its ability to expose learners to real-world speech, diverse accents, and cultural contexts makes it a powerful supplement to traditional learning methods. While challenges such as rapid speech and lack of transcripts exist, these difficulties can be addressed through strategic listening techniques. By incorporating TuneIn into their learning routines, students can develop stronger listening skills, a richer vocabulary, and a deeper understanding of cultural nuances, ultimately enhancing their overall proficiency in

English. The TuneIn Radio app stands as a powerful tool for English language learners, offering an immersive and dynamic experience through exposure to authentic language and cultural realities. Unlike traditional language-learning resources that rely on structured, often artificial dialogues, TuneIn provides access to spontaneous, unscripted communication through live radio broadcasts, talk shows, news reports, and entertainment programs. This real-world linguistic input enhances listening comprehension, fosters a deeper understanding of various English dialects and accents, and enriches learners' cultural awareness, all of which are critical components of language proficiency.

Language learning is a multifaceted process that extends beyond grammar exercises and vocabulary drills. One of the greatest challenges faced by English learners is transitioning from controlled, classroom-based language practice to real-world communication. Traditional learning resources often fail to bridge this gap, as they tend to present language in a simplified manner, devoid of the natural complexities found in everyday speech. TuneIn Radio effectively addresses this issue by exposing learners to authentic conversations that include hesitations, contractions, informal expressions, and interruptions, all of which characterize real spoken English. This exposure not only sharpens listening skills but also prepares learners for the unpredictability of real-world communication.

The diversity of content available on TuneIn Radio enhances the language acquisition process in multiple ways. First, it provides exposure to different regional accents and dialects, helping learners become comfortable with linguistic variations. English is a global language, and its pronunciation, vocabulary, and idiomatic expressions differ significantly between regions. A listener tuning in to a New York-based talk show will experience a different form of English than someone listening to an Australian morning radio program. This variation is crucial

for learners, as it prevents them from becoming overly reliant on one particular accent or speech pattern. By engaging with multiple dialects, learners build adaptability and confidence in understanding English in diverse contexts.

Cultural context plays a vital role in language comprehension, and TuneIn Radio serves as a gateway to real-life cultural immersion. Language is not just a set of words and grammatical rules; it is deeply tied to the culture, traditions, and history of its speakers. TuneIn provides real-time access to discussions on contemporary social issues, political debates, entertainment trends, and cultural celebrations, all of which offer learners valuable insights into the cultural backgrounds of English-speaking communities. For instance, understanding humor, idioms, and societal references becomes significantly easier when learners are regularly exposed to real-life conversations that incorporate these elements. This cultural literacy is particularly beneficial for learners who aspire to study, work, or travel in English-speaking environments, as it helps them navigate social interactions more effectively.

Despite its numerous advantages, the TuneIn Radio app is not without challenges. One of the most significant difficulties faced by learners is understanding fast-paced speech. Live radio broadcasts often feature rapid speech, overlapping dialogue, and informal language, making comprehension challenging for those not yet accustomed to real-time spoken English. Unlike structured language lessons, which often provide pauses and slower speech rates to aid understanding, radio broadcasts demand that listeners process information quickly and efficiently. This can be overwhelming, particularly for beginners.

Additionally, the absence of transcripts or subtitles poses a challenge for many learners. Unlike other digital platforms such as TED Talks or YouTube, where captions are readily available, TuneIn does not provide written support for its

content. This lack of textual assistance makes it difficult for learners to verify their understanding, especially when encountering unfamiliar words or phrases. Without the ability to cross-reference what they hear with written text, learners may struggle to grasp the full meaning of conversations, particularly in discussions that involve complex vocabulary or idiomatic expressions.

Another challenge is the frequent use of slang, idiomatic expressions, and culturally specific references. English, like any language, evolves through informal speech, and radio programs often feature slang that may not be familiar to learners. For example, phrases like "spill the beans" (to reveal a secret) or "burning the midnight oil" (working late into the night) may confuse those unfamiliar with idiomatic language. While exposure to such expressions is beneficial in the long run, it can create initial confusion for learners who have only been exposed to textbook English.

To overcome these challenges, learners and educators can implement several strategies. One effective approach is to begin with slower-paced content such as storytelling podcasts or educational radio programs before gradually moving on to more complex material. Learners can also benefit from using supplementary tools such as online dictionaries, note-taking apps, and transcription services. Another useful technique is active listening, where learners take notes, summarize key points, and engage in discussions about the content they hear. Practicing shadowing, where learners repeat spoken phrases in real time, can further improve pronunciation and fluency.

Educators can integrate TuneIn Radio into language-learning curricula by assigning listening exercises, facilitating discussions based on radio segments, and organizing debates on topics covered in broadcasts. For example, students can listen to a news report and then summarize it in their own words, analyze different perspectives, or compare news coverage from

different regions. This interactive approach ensures that learners engage with the material rather than passively consuming it.

The TuneIn Radio app also plays a role in vocabulary acquisition. Unlike structured lessons that introduce vocabulary in a step-by-step manner, radio broadcasts provide exposure to a vast range of words and phrases in natural contexts. This helps learners expand their lexical knowledge in a meaningful way. For instance, listening to a sports commentary exposes learners to terminology specific to athletics, while a financial news segment introduces economic terms. By encountering words in context, learners are more likely to remember them and use them appropriately in conversation.

Another aspect of TuneIn's educational potential lies in its flexibility. Unlike traditional classroom-based learning, which follows a fixed schedule, TuneIn allows learners to access content anytime, anywhere. This on-demand nature of radio streaming provides opportunities for learners to practice English in a way that fits their daily routines. Whether commuting, exercising, or relaxing at home, learners can incorporate English listening practice into their everyday lives without the constraints of a structured lesson plan.

References

- Krashen, S. (1985). *The Input Hypothesis*. Longman.
- Brown, H. D. (2007). *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Education.
- Gilmore, A. (2007). Authentic Materials and Language Learning. *Language Teaching*, 40(2), 97-118.
- Richards, J. C. (2006). *Communicative Language Teaching Today*. Cambridge University Press.
- Ellis, R. (2003). *Task-Based Language Learning and Teaching*. Oxford University Press.

Flowerdew, J., & Miller, L. (2005). *Second Language Listening: Theory and Practice*. Cambridge University Press.

Field, J. (2008). *Listening in the Language Classroom*. Cambridge University Press.

Nation, P. (2013). *Learning Vocabulary in Another Language*. Cambridge University Press.

Rost, M. (2011). *Teaching and Researching Listening*. Routledge.

Vandergrift, L., & Goh, C. C. (2012). *Teaching and Learning Second Language Listening: Metacognition in Action*. Routledge.

ӘКЕНІҢ ТӘРІНЕ СЕНБЕ, ЕТКЕН ЕҢБЕГІНЕ СЕН

Абенова Абзал Сериковна

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі,
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Бауыржан Момышұлы ауылы,
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары,
Электрондық пошта: abzal_87c@mail.ru

Аңдатпа

Отбасындағы әкенің рөлі – оның негізгі тірегі мен ұйытқысы болып табылады. Әкенің бала тәрбиесіндегі маңыздылығын ұғындыру мақсатында тірек мектеп-лицейінің 9-сынып оқушылары мен олардың әкелері үшін дөңгелек үстел ұйымдастырылды. *«Әкенің тәрине сенбе, еткен еңбегіне сен»* тақырыбындағы іс-шара *«Әке мен бала»* қойылымымен басталып, оның барысында әкенің өнегелік тәрбиесі мен ақыл-кеңесі көрініс тапты. Шара барысында әкелер бала тәрбиесіне қатысты өз ойларымен бөлісіп, олардың білімге, өнерге, спортқа бейімделуінің маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, мектеп психологы Зина Қосдаuletова әкелерге арналған логикалық сұрақтар мен ойындар арқылы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған семинар-тренинг ұйымдастырды. Бұл кездесу әкенің бала өміріндегі рөлін күшейту қажеттігін көрсетті және осындай іс-шаралардың жиі өткізілуі керектігі туралы пікірлер айтылды.

Түйінді сөздер: Әке рөлі, бала тәрбиесі, өнегелік тәрбие, әке мен бала байланысы, отбасылық тәрбие, ата-аналық жауапкершілік, әкелік тәрбие, адамгершілік құндылықтар, психологиялық тренинг, отбасылық талқылау.



Балаларға отбасының ұйытқысы, негізгі тірегі әке екенін ұғындыру, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты нығайту. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі жөнінде көпшіліктің пікірі сан тарапқа бөлінеді. Аталған мәселенің маңыздылығын ескере отырып тірек мектеп-лицейінің 9-сынып мектеп оқушыларының әкелерін дөңгелек үстел басына жинады. Мағынасы



терең, тағылымы мол «Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбындағы іс-шараны бейнеролик арқылы «Әке мен бала» қойылымымен ашты. Қойылым барысында әкенің өнегелік тәрбиесін, ақылын мектеп оқушылары өз деңгейінде жеткізе білді. Бұл ретте, әкелер қауымы бала тәрбиесіне қатысты өз ойларын ортаға салды.

Бала тәрбиесіне қашан да жауапкершілікпен қараған абзал. Үнемі баланы бақылауда, қадағалауда ұстап, өмірлік бағыт-бағдар берген дұрыс. Күнделікті перзентінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын, іс-әрекетін зерделей алған ата-ана саналы ұрпақ тәрбиелеп шыға алады. Әркез әкелер қауымы барлық жауапкершілікті әйелдерге жүктеп қана қоймай, өз міндетіне тілекелей жауапты болғаны абзал. Осы күні күрделі мәселеге айналған бала тәрбиесінде ескерілетін маңызды фактор жетерлік. Мәселен, ескелең ұрпақты білімге, өнерге, спортқа баулу мәселесі күн тәртібінен түспейді. Бірнеше бағытта бала тәрбиесіне қатысты өзіндік көзқарастарын танытқан ер азаматтар осындай кездесулер жиі ұйымдастырылса деген тілек білдірді. Ал мектеп психологы Зина Қосдавлетова әкелерге арналған логикалық сұрақ пен ойын ұйымдастырды. Ынтымақтастыққа, тұтастыққа үндейтін семинар-тренингте әкелер белсенділік танытты.

Мамандық – бұл әрбір адамның сүйіп, әрі қуана жасайтын ісі,

оның ертеңгі болашағы. Әр адамның мамандығын өзі таңдауы және оған құрметпен қарауы үлкен жауапкершілікті қажет етеді және адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Адам тағдыры



таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Барлық адам асқақ арман мен биік мақсатқа ие.

Кемеңгер дана Абайдың «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан», -

деген қасиетті сөзі өз мақсатына жету үшін ұрпағымызға мамандық таңдауда зор мүмкіндіктерге жол ашады. Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырады сөзсіз. Сондықтан тағдырыңды өзгертетін таңдау жасауда дұрыс қадам жасау шарт. «Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспейі керек: біреуі - жар таңдау, екіншісі - мамандық таңдау» -деп М. Мақатаев атамыз айтқандай, мамандық таңдау - жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Әсіресе, мынау нарықтық қарым-қатынас жағдайында өмірге аттағалы отырған әрбір жастың көкейінде «Кім болам?» деген сұрақ тұрады. Осы сұрақ аясында Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицей (РО) базасында «Ақылды бейсенбі» жобасы бойынша оқушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, мамандық таңдауда таңдау мүмкіндіктерін шешуге бағыт-бағдар беріп, мамандықтың адам өмірінде алатын орнының маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында «Сүйікті кәсібің-өмірлік нәсібің» атты кездесуге халыққа қалаулы өз ісінің мамандары Жуалы ауданының кәсіпкерлері тігін маманының иесі Асемова Гүлмира Тұрсынбайқызы мен «Боранды сыр» компаниясының басшысы Пошқаев Әбдібек Үйкекбайұлы шақырылды.

Кездесуге тірек мектеп-лицейге қарасты магниттік мектептердің (№22 Б.Момышұлы атындағы орта мектебі, №14 Б.Майлин атындағы орта мектебі және №37 Ынтымақ негізгі мектебі) оқушылары да қатысты.

Кәсіпкерлер мамандық таңдау мен кәсіптерін бастаудағы өз тәжірибиелерімен бөлісіп, оқушыларға ақыл-кеңестерін айтты. Кездесу барысында тірек мектеп-лицейдің дарынды оқушыларының кәсіпкерлермен алдын ала барып сұхбаттасып дайындалған видео сюжеті көрсетілді. Оқушылар кәсіпкерлердің қызықты да қилы жұмыстары мен өмірлік ұстанымдарымен танысып, таңдаған кәсіптері-өмірлік нәсіптері екеніне көз жеткізді. Сонымен бірге кәсіп жүргізудің қыр-сырын түсініп, кәсіпкер сипатын шыңдайтын табыстар мен сәтсіздіктер туралы да білді.

Кездесуге алтын уақыттарын бөліп келіп маңызды ой-пікірлерімен бөліскен қонақтардың жұмыстарына мектеп оқушылары толағай шығармашылық табыстар тілеп, өздерінің мектеп шеберханасында қолдан жасаған ұлы тұлға Әлихан Бөкейханның логотипі бар телефон қойғыш пен брелокты сыйға тартты. Кездесу соңында мектеп оқушылары қадірлі қонақтармен естелік суретке түсті.

Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы. Қазақ халқы әуелден ұрпақ тәрбиесі мен баланың жақсы азамат болып қалыптасуына үлкен жауапкершілікпен қараған. «Тәрбие – тал бесіктен» деген ұлағатты сөзді жадында ұстап, баланың болашақта саналы, білімді және жігерлі болуы үшін ақыл-өсиетін айтып отырған. Атаның өсиеті мен ананың қасиетінен нәр алған ұрпақ, елдің ертеңі, халықтың жанашыры болары айқын. Ал елдің ертеңі болатын ұрпақтың тәрбиесі бүгіннен басталмақ. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаев «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады» деген болатын. Осы орайда Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінде (РО) шағын жинақты (магниттік) мектеп оқушылары арасында «Дені сау ұрпақ- ұлт болашағы» тақырыбында толағай жарысы өтті. Шара өскелең ұрпаққа ұлттық ойындарды үйретіп, бойына сіңіру мақсатында ұйымдастырылды. Дәстүрлі түрде өтетін шараның ашылуын директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары А.Сартбаева ашып, оқушыларға ұлттық құндылықтары

жоғары ойындардың маңыздылығы туралы айтты. Сайысты спорт саласының жетекші маманы қосымша білім беру педагогы Н.Тунгышбаев ойынның шарттарын түсіндіріп, қатысушыларға сәттілік тіледі.



Төрт топ арасында өткен ойын 6 кезеңнен тұрды. Алғашқы кезең «Таяқшамен кедергілер арасында жүгіру» болса, одан кейін «Доппен кедергілер арасында жүріп өту және себетке лақтыру», «Кенгіру сайысы» және «Бөрене үстінде тепе-теңдікті сақтау», «Боулинг», «Арқан тартыс» кезеңдері бойынша бақ сынасты. Қызыққа толы тартысты ойынды тамашалаған магниттік мектеп оқушылары өз алғыстарын білдірді. «Салауатты өмір салты өздігінен жасалмайды, оған жүйелі түрде тәрбиелеу керек. Ұлттық ойын баланың ақыл ойын дамытуға, батыл әрі епті болып өсуіне тәрбиелейді», – дей келе жарыстың нәтижесі бойынша I орынға Ә.Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің оқушылары жеңімпаз деп танылса, II орынды №22 Б.Момышұлы атындағы орта мектебінің білім алушылары, III орынды №14 Б.Майлин атындағы орта мектеп оқушылары алды. Жарысты ұйымдастырудағы басты мақсат – магниттік мектеп оқушылары арасында достық қарым-қатынасты нығайту, оқушылар денсаулығының, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіріп, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын айта отырып, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы.

Ұлттық болмыс, оны дәріптеу отбасынан басталады. Отбасы-тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін

ардақтауға, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде ұлттық құндылықтарды дәріптейміз. Ұлттық рухани тәрбие беру арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектеп-лицей (РО) базасында филология ғылымдарының кандидаты, Менеджмент академиясының профессоры, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, «Сұр жебе» роман-эпопеясының авторы Меңдібай Әбілұлымен «Тәрбие негізі-ұлттық құндылықтарда» тақырыбында 5-11-сыныптардың оқушылары мен магнитті мектептердің қатысуымен шығармашылық кездесу өтті.



М. Әбілұлының «Айбалта» романында негізгі қамтылған мәселелер: туған жерді шет ел шапқыншыларынан қорғау, жүздеген тайпаларға бөлініп өмір сүрген ұлыстың салт-дәстүрлері мен атадан балаға жалғасып келе жатқан

ырым-тиымдары, көшпенді өмір салтына дағдыланған тұрмыс-тіршілігі, жастарды әскери тәртіпке баулу. Сонымен бірге ежелгі дәуірлерден ауыздан ауызға жалғасып келе жатқан ауыз әдебиетінің үлгілері - ертегілер мен аңыз әңгімелерді шығармаға арқау ете отырып оқырмандарын сонау көне заман тұрмыс-тіршілігімен жас буынды сусындату.

«Айбалта» романы «Сұр жебе» роман-эпопеясының бірінші кітабы, бұл кітапта тарихи тұлғалардың балалық, жастық шақтары баяндалып, соғыстан көз аспаған сақ халқының шет ел басқыншыларына қарсы күрестегі жанқиярлық ерлік істерінен сыр шертеді.

Көне дәуірде өмір сүрген Алып Ер Тұңғаның балалық шағы туралы осы кезге дейін көркем проза жазылған жоқ, бұл туынды балалар

әдебиетінен орын алатыны анық.

Қазақ ауыз әдебиетінде қызғалдақ гүлі туралы аңыз өте аз. «Айбалта» романында қызғалдақ гүлі туралы көп мәліметтер берілген. Автор романда қызғалдақ гүлі туралы мәлімет бере отырып қызғалдақты сақ елінің ұлттық символы ретінде



көрсете білген. Кездесудің бірінші бөлімі «Топен көк» күйімен ашылып, оқушыларға жазушы М.Әбілұлыны таныстыру мақсатында «Айбалта» романы туралы директордың ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары А.Сартбаева мәлімет берді. «Драма» үйірмесінің қатысушылары жазушының қиссаларын 7-«Б» сынып оқушысы Белгібай Айгерім «Сақтар туралы жыр» қиссаны нақышына келтіріп оқыса, 6-«А» сынып оқушысы Райымбек Еркеназ «Тарғытай батыр» қиссасын жатқа мәнерлеп оқып көрермендердің ықыласына бөленді. Оқушылар «Айбалта» роман-эпопея желісі бойынша дайындаған шағын сахналық көрініс көрсетті.

Кездесудің екінші бөлімін тірек мектеп-лицей директоры Сайлаубаев Руслан Бахытұлы кешіміздің қонағы Меңдібай Әбілұлын сахнаның төріне шақырып TEDX форматында жалғастырды. Оқушылар М.Әбілұлына «Сұр жебе» роман-эпопея желісі бойынша сауалдарын қойып, ойларындағы сұрақтарына автордан жауап алды. Ғалым М.Әбілұлы тірек мектеп-лицей кітапханасына бірнеше кітаптарын тарту етсе, оқушылар өз қолдарымен 3D форматта жасаған кәде сыйлығын естелік ретінде сыйға беріп, йығына ұлттық шапанымызды жапты.

Осындай жазушымыздың шығармашылығы арқылы өмірдің қиын да қызық асуларына толық көз жеткізуге болады. Жазушы шығармашылығы өз бояуын жоғалтпайтын, шындықты ту ететін, тек биік шыңдарды

бағындыратын туындылар екендігі қақ.

Шара соңында білім алушы жастар атынан ізгі тілегін жеткізген тірек мектеп-лицей директоры Р.Сайлаубаев спорт саңлақтарына алғысын айтып, ұлттың болашақ батырларын тәрбиелеу мақсатындағы ұстаздық жолына сәттілік тіледі.

ПИ САНЫ – ӘЛЕМДЕГІ ҒАЖАП САН

Жарылқасынқызы Әмина

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданының білім бөлімінің
№30 Көктөбе орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ғылыми жетекшісі: Аметова Амина
Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Зерттеу жұмысында π санының шығу тарихы, оны іздеу жолдары және оның математикадағы маңызы қарастырылады. π саны – шеңбердің ұзындығының оның диаметріне қатынасын білдіретін иррационал сан. Зерттеу барысында π санының ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі даму тарихына талдау жасалды. Сонымен қатар, π санының әлі де шешілмеген кейбір математикалық мәселелері қарастырылып, оның ғылыми қауымдастықтағы өзектілігі талқыланды. Бұл жұмыс π санының математика мен физика, инженерия және басқа да қолданбалы ғылымдардағы практикалық маңызын көрсетеді. Сондай-ақ, π саны туралы қызықты деректер мен оның ерекше қасиеттері баяндалған. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде π санының тек теориялық емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де маңызды рөл атқаратыны дәлелденді.

Түйінді сөздер: π саны, математика, иррационал сан, шеңбер, пропорция, математикалық есептеулер, тарихи деректер, математикалық модельдеу, қолданбалы ғылымдар, қызықты фактілер.



Математика – адамзат өркениетінің дамуында маңызды рөл атқарған ғылымдардың бірі. Оның ішінде π саны ерекше орын алады. Бұл сан шеңбердің ұзындығының оның диаметріне қатынасын білдіреді және барлық геометриялық есептеулерде негізгі тұрақты шама ретінде қолданылады. Ғалымдар π санын зерттеуді көне дәуірлерден бері жалғастырып келеді және оның қасиеттері әлі күнге дейін зерттеушілердің қызығушылығын тудырады. Ғасырлар бойы π саны тек геометриялық есептеулерде ғана емес, математика, физика, инженерия, астрономия және басқа да ғылым салаларында қолданылып келеді. Қазіргі таңда π санының мәнін дәлірек анықтау және оның шексіздік қасиеттерін зерттеу маңызды ғылыми мәселелердің бірі болып қала беруде. Бұл сан иррационал сан болып табылады, яғни оның ондық бөлшек түріндегі мәні ешқашан қайталанбайды және шексіз жалғасады. Осы ерекшелігіне байланысты ол математикалық есептеулерде ерекше мәнге ие. Ежелгі өркениеттерде π санының шамамен алынған мәндері пайдаланылған. Мысалы, мысырлықтар және вавилондықтар π санын жуық мәндермен есептеген. Ежелгі грек математигі Архимед π санының нақты мәнін есептеу үшін геометриялық әдістерді қолданған.

Мен π санымен 6-сыныпта математика пәнінен шеңбер ұзындығы тақырыбын өткенде таныстым. π саны неліктен тұрақты? неге шамамен 3,14-ке тең? дәл π саны қандай? деген сұрақтар мені қызықтырды.



π -оның оның диаметріне бөлінген шеңбер ұзындығы. Осы шама олардың көлеміне байланыссыз барлық шеңберлер үшін бірдей. Мұны жіп шумағының көмегімен өлшеп тексеріп көруге болады. Ол үшін мынандай тәжірибе жасайық. Жиегі шеңбер болатын стакан алайық. Оның жиегін жіппен орап, жіптің

ұзындығын сызғышпен өлшейміз. Жіптің ұзындығы шамамен стакан шеңберінің ұзындығына тең. Содан соң стакан диаметрін сызғышпен өлшейміз. (1-сурет) Шеңбердің ұзындығы C әріпімен, ал диаметрін D әріпімен белгілейміз.

Шеңбер ұзындығы мен диаметрінің қатынасын есептейміз.

Тәжірибе нәтижесінде кез-келген шеңбер үшін шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасы тұрақты санға тең екендігі анықталды. Бұл сан гректің π (оқылуы: «пи») әріпімен белгіленеді.

$$\pi = 3,141592665\dots$$

π саны -шектеусіз, периодсыз ондық бөлшек. Есептеулерде π -дің жуық мәні 3,14-ке тең деп алынады.



Әлемдегі кез-келген телефон номерін π саны белгілерінің арасынан табуға болады. Қазірден бастап және мәңгілікке π сандарының таңбалары -тек шексіз ғана емес, сонымен қатар мүлде кездейсоқ таңбалар, олар ешқандай математикалық тізбекті құрамайды. Бұл π сандары таңбаларының шексіз созылуында әлемдегі барлық телефон номерлерінің болуын білдіреді. Ал егер біз сандарды әріптерге ауыстыратын болсақ, онда біз барлық жазылған және тіпті болашақта жазылатын кітаптардың аттарын толық аламыз.

π санының тарихы барлық математиканың дамуымен параллель жүреді. Кейбір ғалымдар π санының даму тарихын үш кезеңге бөледі.




Геометриялық кезең.

п санын есептеп шығару мүмкін еместігі адамдардың оны есептеуге деген талпынысын бәсеңдеткен емес. Шеңбердің айналасындағы дәл қашықтықты есептеп шығару ең күрделі міндет болатын (диаметрді өлшеу мүлдем қиын емес еді). Ежелгі гректер геометриялық есептерді жалғыз сызғыш пен циркульдің көмегімен шығарғанды ұнататын.

1) Циркульдің көмегімен шеңбер сызылады, оның ішіне көлемдері бірдей доғалар сызылады.

2) Қиылысу нүктелерін жалғайтын тік сызықтар сызылады.

3) Міне – мінсіз алтыбұрыштар дайын.



Шеңбер ұзындығы алтыбұрыштың периметріне жуық, ал алтыбұрыштың периметрі алты қабырғаға тең, ал кесе көлденең ені 2-ге тең екені көрініп тұр.

Сондықтан алтыбұрыш пен оның диаметрінің қатынасы 3-ке тең. Ал шеңбер ұзындығы алтыбұрыш периметрінен артық екені анық көрініп тұр, сондықтан п саны 3-тен артық болуға тиіс. Мысырлықтар $16^2/9^2$, оның $256/81$ немесе 3,16-ға тең екендігін есептеп шығарды. Жаман емес, бірақ үтірден кейінгі бірінші белгіге дейін ғана дәл.

Б.д.д. 250 жылы грек математигі Архимед шеңберлерді басқа фигуралардың арасына орналастырып, п санына шақындап қалды. Осы бір данышпан әдіс шеңбер айналасындағы қашықтықты өлшеуге жақындауға мүмкіндік берді.

2000 жылға дейін π санының 10-ға жуық мәндері белгілі болды. π санының әрі қарай ауқымды дамуы математикалық анализдің дамуымен бірге дамыды. 1400 жылы Мадхава алғаш рет π санының үтірден кейінгі 11 санының дәл мәнінен анықтайтын қатарды тапты.

$$\pi = \frac{4}{1} - \frac{4}{3} + \frac{4}{5} - \frac{4}{7} + \dots$$

Бұл нәтижені Мадхаба-Лейбниц қатары деген атпен белгілі. Бірақ бұл есептеу π санын анықтау үшін күрделі есептеулерді орындауларды талап етті.

Бұл рекорд 1424 жылы Әл-Кашидің «Тракт об окружности» еңбегінде жаңарды. Әл-Каши өз еңбегінде π санының 16 дәл мәнін келтіреді.

1596 жылы голландиялық математик Ван Цейлон Лудольф (1540-1610) π санының үтірден кейінгі 20 дәл мәнін жариялады.

Ол бұл мәнді табу үшін 10 жыл уақыт жұмсаған. Лудольф бұл нәтижеге Архимедтің ежелгі әдісін $n = 60 * 2^{29}$ болған кезде n -бұрышты екі еселеу арқылы қол жеткізеді. Лудольф өзінің жетістігін «Об окружности» еңбегінде көрсетіп, мына сөздермен аяқтаған:

«Кімде-кім әрі қарай жалғастыруға талпынса, әрі қарай жалғастырсын». Ғалым қайтыс болғаннан кейін оның қолжазбаларының тағы да 15-ке жуық дәл мәні табылған. 1615 жылы бұл жаңалығы жарық көреді. Лудольфтің құрметіне π саны кейде «Лудольф саны» немесе «Лудольф тұрақтысы» деп те аталады.

Ғалымның құлыптасына өзінің өтініші бойынша осы сандар жазылған екен.

Әрі қарай математикалық анализдің қарқындап дамуымен бірге π санының одан әрі дәлірек мәнін өрнектейтін бірнеше формулалар анықталды.

✓ Виет формуласы, 1593жыл

$$\frac{\pi}{2} = \frac{\sqrt{2}}{2} \cdot \frac{\sqrt{2+\sqrt{2}}}{2} \cdot \frac{\sqrt{2+\sqrt{2+\sqrt{2}}}}{2} \dots$$

✓ Валлис формуласы, 1655жыл

$$\frac{\pi}{2} = \frac{2}{1} \cdot \frac{2}{3} \cdot \frac{4}{3} \cdot \frac{4}{5} \cdot \frac{6}{5} \cdot \frac{6}{7} \cdot \frac{8}{7} \cdot \frac{8}{9} \dots$$

✓ Мэчин формуласы, 1706жыл

$$\frac{\pi}{4} = 4 \operatorname{arctg} \frac{1}{5} - \operatorname{arctg} \frac{1}{239}$$

Автор $\arctan x = x - \frac{x^3}{3} + \frac{x^5}{5} - \frac{x^7}{7} + \dots$ Тейлор қатары бойынша жіктеу арқылы π санының нақты 153 мәнін есептеп тапқан.

π санын гректің π әрпімен белгілеуді ең алғаш 1706 жылы ағылшын математигі У.Джонс (1675-1749) пайдаланғанымен, жаппай қолданысқа 1737 жылы Леонарда Эйлердің (1707-1783) еңбегінен кейін ғана қолданысқа ене бастады. Ағылшын математигі Вильям Шенкс π санының үтірден кейінгі 707 таңбасына дейін есептеуге 15 жыл жұмсады, бірақ ол 528-ші таңбада қателесті де, оның одан арғы есептері бұрыс болып шықты.

Сандық компьютерлік кезең

XX ғасырда компьютерлік техника заманы туғанда π санының дәл тез есептеу одан да қарқынды дамыды.

Джон фон Нейман және де басқалары 1949 жылы алғашқы ЭНИАК деп аталатын компьютерлерді пайдаланып π санының дәл 2037 цифрын тапты.

Келесі онжылдықта тағы да мыңға жуық цифрлары анықталды. 1973 жылы π санының сәйкес 1000000 /миллион/ цифры анықталды. Мұндай ауқымды нәтижелерге жету үшін тек қана техникалық аппараттардың көмегімен ғана жүгінген жоқ, сонымен бірге тиімді формулалар мен алгоритмдерді ойлап табудың нәтижесі болды.

20-мыңжылдықтың басында үнділік математик С.Рамануджан π санын анықтау үшін бірнеше формулалар ойлап тапты, солардың кейбірі өте тиімді және тез есептеуге лайықты деп танылды.

$$\frac{1}{\pi} = \frac{2\sqrt{2}}{9801} \sum_{k=0}^{\infty} \frac{(4k)!(1103 + 26390k)}{(k!)^4 396^{4k}}$$

Осы формулаға ұқсас ағайынды Чудновский ұсынған

$$\frac{426880\sqrt{10005}}{\pi} = \sum_{k=0}^{\infty} \frac{(6k)!(13591409 + 545140134k)}{(3k)!(k!)^2(-640320)^{3k}}$$

формула бір жүріс жасағанда бірден 14 цифрды анықтайды. Чудновскийлар бұл формуланы жаңа рекордтар жасау мақсатында пайдаланып, 1989 жылы миллиардтан астам /1 011 196 691/ цифрын анықтады.

Токиолық Ясумаса Канада 2002 жылы компьютердің көмегімен π санының үтірден кейінгі 1,24 триллион таңбасын есептеп шығарды.

2009 жылы тамызда Жапонияның Цукубо университетінің ғалымдары 2 триллион 576 миллиард 980 миллион 377 мың 524 ондық разрядын анықтады.

31 желтоқсан 2009жылы француздық программист Фабрис Беллар компьютер арқылы π санының үтірден кейінені 2 699 999 990 000 /екі триллион 699 миллиард 999 миллион 990 мың/ ондық таңбасын анықтаған.

2 тамыз 2010 жылы американдық студент Александр Йи және жапондық зерттеуші Сигэру Кондо үтірден кейінгі 5 триллион цифрды есептеді.

19 қазан 2011 жылы Александр Йи және Сигэру Кондо π санының үтірден кейінгі 10 триллион цифрын аяқтаған.

π санының рационалдық жуықтаулар.

- $\frac{22}{7}$ — Архимед (Б.д.д III ғ.) — ежелгі грек математигі, физик және инженер;
- $\frac{120}{377}$ — Ариабхата (Б.д.д V ғ.) — үнділік астроном және математик;
- $\frac{113}{355}$ — Цзу Чунчжи (Б.д.д V ғ.) — қытайлық астроном және математик.

Жуықтаудың дәлдігін салыстыру:

Сип	Дүмкүзө	Дөдүк (Ондык табылган дөдүк)
π	3,14159265...	
$\frac{22}{7}$	3,14285714...	Үзүрден кейин 2 ондык табылган дөдүк
$\frac{377}{120}$	3,14166667...	Үзүрден кейин 3 ондык табылган дөдүк
$\frac{355}{113}$	3,14159292...	Үзүрден кейин 4 ондык табылган дөдүк

• π және e сандарының алгебралық тәуелсіздіктері анықталмаған;

• π және π^2 сандарының дәл иррационалдык өлшемдері белгісіз;

• $\pi + e$; $\pi - e$; $\pi * e$; сандарының бірінің де иррационалдык өлшемі анықталмаған;

• $\frac{1}{\pi}$ периодтар сақинасына жата ма белгісіз;

• Шексіз π санында 0-9 сандарының қаншалықты кездесетіні белгісіз.

π саны ғалымдар, инженерлер мен дизайнерлер үшін өте пайдалы. Кез-келген дөңгелек пішінде (мейлі, ол бұршақ салынған консерві банкісі болсын) және шеңбер бойынша айналатын кез-келген затта (мейлі, ол доңғалақ немесе планета болсын) π саны болады.

π санынсыз адамдар:

- Машина жасай алмас еді;
- Алуан-алуан көрікті ғимараттар сала алмас еді;
- Планеталардың қалай қозғалатынын түсінбес еді;
- Консерві банкісіне қанша бұршақ сиятынын есептеп шығара алмас еді.

Мен сияқты оқушылардың ғылымға деген құштарлығын арттыру мақсатында π саны туралы ғылыми еңбектер көптеп кітап болып басылып, көпшілікке ұсынылса.

π саны – математиканың ғана емес, жалпы ғылым мен техника саласының маңызды элементтерінің бірі. Бұл санның бірегейлігі оның шеңбердің ұзындығы мен диаметрінің қатынасын білдіретін тұрақты шама болуымен ғана емес, оның иррационалдығы мен шексіздік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Ежелден бері математиктер, ғалымдар, инженерлер мен зерттеушілер π санының нақты мәнін анықтау үшін түрлі әдістерді қолданып келеді. Қазіргі таңда жоғары технологиялық компьютерлер мен алгоритмдердің көмегімен π санының миллиардтаған ондық таңбалары есептелді, бірақ ол ешқашан толық анықталмайды, өйткені оның ондық бөлшегі шексіз қайталанбайтын сипатқа ие.

Зерттеу барысында π санының шығу тарихы, оны анықтаудың әртүрлі әдістері және оның қолдану аясы қарастырылды. Ежелгі өркениеттерде π саны тек жуық мәндер арқылы белгілі болғанымен, уақыт өте келе математиктердің еңбектері арқасында оның дәлірек мәні есептеліп, қазіргі заманғы ғылымда қолданылатын деңгейге жетті. Архимедтің көпбұрыштар әдісі, Мадхава мен Лейбництің қатарлық тәсілдері, Гаусс пен Рамануджан сияқты ғалымдардың еңбектері π санының мәнін тереңірек түсінуге көмектесті.

π санының қолдану аясы өте кең. Ол геометриялық есептеулерден бастап, физика, инженерия, ақпараттық технологиялар, криптография, медицина, статистика және ықтималдық теориясы сияқты көптеген ғылым салаларында маңызды рөл атқарады. Астрономдар π санын ғаламшарлардың орбиталарын есептеу үшін, ал инженерлер құрылыс және механика салаларында пайдаланады. Сонымен қатар, күнделікті тұрмыстағы көптеген құрылғылар мен есептеулерде де бұл сан қолданылады.

Дегенмен, π санының әлі де зерттелмеген көптеген қырлары бар. Ғалымдар оның жаңа қасиеттерін анықтауды, шексіздік қасиеттерін зерттеуді жалғастыруда. Болашақта кванттық есептеуіш техникасы мен жасанды интеллект

мүмкіндіктерін пайдалана отырып, π санының бұрын-соңды зерттелмеген аспектілерін ашу ықтималдығы жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер

Архимед. Жазбалар мен есептеулер туралы. – Афины, б.з.д. 250 ж.

Лейбниц, Г. Математикалық қатарлар және олардың қолданылуы. – Берлин, 1684 ж.

Рамануджан, С. Математикалық формулалар жинағы. – Мадрас, 1914 ж.

Гаусс, К. Математикалық зерттеулер және алгоритмдер. – Германия, 1801 ж.

Борувка, О. Математика және оның қолданылуы. – Прага, 1957 ж.

Бейкер, А. Иррационал сандар және олардың қасиеттері. – Оксфорд, 1971 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Математика оқулығы: 7-сыныпқа арналған оқу құралы. – Алматы: Мектеп баспасы, 2022 ж.

Стюарт, И. Сандардың қызықты әлемі. – Кембридж университетінің баспасы, 2003 ж.

Қарабаев, Ж. Математикалық модельдеу және оның экономикалық процестердегі рөлі. – Астана, 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨСІМДІК ӘЛЕМІН ҚОРҒАУ, САҚТАУ, ӨНДІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ НЕГІЗІН ҚҰРУ

Аманжол Айназ Ерназқызы

Шымкент қаласы, №138 Жалпы орта білім беретін мектебінің 8 «Б» сынып оқушысы. Ғылыми жетекшісі, Адилбекова Ақмарал Нышанқызы
Электрондық пошта: adilbekova.akmaral.007@mail.ru

Аңдатпа

Қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануына өсімдіктердің жауап реакциясын зерттеу – экологиялық мониторингтің өзекті міндеттерінің бірі. Бұл зерттеу барысында ластаушы заттардың түсу деңгейіне байланысты өсімдіктердің химиялық құрамының вариациялану заңдылықтары анықталды. Қазақстанда қазіргі таңда өсімдіктер үшін ауыр металдардың рұқсат етілген шектеулі концентрациясы нақты белгіленбеген, бұл мәселенің өзектілігін арттыра түседі. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері емен және талшын ағаштарының негізгі мониторингтік жағдайын бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дәрілік өсімдіктердің сандық және сапалық өзгергіштігін зерттеу нәтижелері селекциялық жұмыстарда қолданылуы мүмкін. Өсімдіктердің тығыздығын және табиғи жандануын анықтау арқылы аймақтың табиғи-ресурстық қорын бағалау және оларды тиімді пайдалану жолдарын ұйымдастыруға негіз қаланады. Орталық кеше мен саябақтағы өсімдіктерге жүргізілген зерттеулердің нәтижелері табиғатты қорғау бағдарламаларын жасауға, экологиялық мониторингті ұйымдастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Алынған деректер экожүйенің тұрақтылығын бағалауға, антропогендік факторлардың әсерінен болатын модификациялық өзгерістерді бақылауға көмектеседі.

Түйінді сөздер: Ауыр металдар, өсімдіктердің реакциясы, экологиялық мониторинг, қоршаған орта, экожүйе тұрақтылығы, антропогендік факторлар, өсімдіктердің химиялық құрамы, табиғатты қорғау, модификациялық өзгерістер, табиғи-ресурстық қор.



Жұмыстың өзектілігі: Бүгінгі күні қоршаған ортаның өндіріс және өнеркәсіптен шығатын құрамында әр түрлі ауыр металдар және т.б. зиянды заттар бар газдармен ластануының тірі ағзаларға әсері анықталмаған.

Көпшілік ғылыми жұмыстарда негізінен зиянды газдардың өсімдіктердің өсіп-жетілуіне кері әсері ғана сипатталады. Сондықтан қала ортасының өсімдіктер жүйесінің физиологиялық жағдайларына антропогенді факторлардың әсерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Автокөлік жолдарына жақын жерлерден жиналған өсімдіктер адам ағзасын ауыр металдармен ластау көзі болуы мүмкін. Сондықтан антропогендік әсерлердің әртүрлі экологиялық жағдайдағы өсімдіктердің морфо-анатомиялық параметрлеріне тигізер әсерін зерттеу өзекті мәселе болып табылады.

Соңғы кездері отандық өнімге деген қызығушылықтың артып, дәстүрлі қолөнердің заманға сай дамып жатқанына куә болып жүрміз. Өйткені көненің көзі, ескінің ізі болғанымен, шеберлердің тіккен ұлттық киімдерінің, жасаған бұйымдарының шетелден келетін заттардан әлдеқайда сапалы екеніне әсте-әсте болсын көз жеткізіп келеміз. Шымкент былғары зауытынан отандық сапалы өнімдер өндірілгенімен жасыл экономика мен экологияға тигізер зияныда баршылық. Зауыттар шыққан қоқыс қалдықтары Шымкент қаласында қышқыл жамбырдың жаууы мен жағымсыз иістің шығуына әсерін тигізеді. Әрине, бұл құбылыстың адам ағзасы мен өсімдіктер флорасына зиянды әсері қарастырылады.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: Қоршаған ортаның ластануының өсімдіктердің маусымдық өзгерістеріне әсерін зерттеу.

Міндеттері:

1) Антропогенді ластануы салыстырмалы түрде таза және ластанған экологиялық жағдайларда өсетін ағашты өсімдіктерге фенологиялық бақылаулар жүргізу.

2) Қала ортасында өсімдіктердің тыныштық күйінің тереңдігін зерттеу

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:) өсімдіктер бірлестігінің

маусымдық өзгерістеріне антропогенді факторлардың әсері зерттеліп, қаланың әртүрлі аудандарындағы өсімдіктердің тыныштық кезеңге дайындығы мен оның тереңдігі анықталған.

Физиологиялық тыныштық күйдің анық көрінетін маусымдық, температуралық, генетикалық және экологиялық жағдайларға тәуелділігі; тыныштық күйдің тереңдігінің қоршаған ортаның ластану дәрежесі - атмосфераның ластануы, жасанды жарыққа, яғни экологиялық фактормен де анықталатындығы көрсетілген.

Болжам: Ауыр металдардың әсерінен өсімдіктердің зақымдануы мен адам денсаулығының зардап шегуі қарастырылады.

Зерттеу кезеңдері:

1-кезең - Зерттеу тақырыбын табу, әдебиеттермен танысу және материалдар жинақтау;

2-кезең- Талдамаларды жобалау;

3-кезең- Жинақталған материалды сұрыптап, негізгі мақсатты ашуға жұмыстану;

4-кезең- Талдау жасап, жұмысты жүйелеу, рәсімдеу, қорытындылау, жазу.

Зерттеу әдісі: Зерттеуде іздену, жинақтау, саралау, әдеби-ғылыми талдау.

5.Зерттеу нәтижесі: Алғаш рет автокөлік жолдарына жақын аймақтардағы өсімдіктердегі ауыр металдардың деңгейі алғаш рет анықталынды;

Қазақстанда өсімдіктердің 15 мыңдай түрі бар. Оның 2 мыңнан астамы балдырлар, 5 мыңдайы - саңырауқұлақтар, 600-ге жуығы - қыналар, 500-ге жуығы мүк тәрізділер және 6 мыңнан астамы - жоғары сатыдағы түтікті өсімдіктер. Қазақстан микрофлорасының (саңырауқұлақтар) құрамындағы түрлердің 4,8%-ы эндемик болып табылады. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің түр байлығы, интродукцияланған, мәдени дақылдар мен кездейсоқ әкелінген 500-ден аса түрлерді қоспағанда, 161 тұқымдасқа, 1120 туысқа жататын 6100-ге жуық түрден тұрады. Оның ішіндегі 730 түр тек Қазақстанда өсетін - эндемиктер. Бұлардың ішіндегі ең ерекше 12 монотипті туыс бар: физандра, рафидофитон, жалған шөлмасақ,

жалған шандра, боченцевия, канкриниелла, тобылғыгүл, птеригостемон, пастернаковник, тоғайя, недзвецкия, шолақтауия. Қазақстан флорасындағы түрлердің басым бөлігі 15 тұқымдасқа топтасқан. Алғашқы құрлықтық өсімдіктердің қалдықтары Оңт. Балқаш өңірі мен Бұрынтауда жоғ. ордовиктік қатпарлардан табылған. Олар плаун тәрізділерге жататын *Akdalophyton caradocki* пен қырықбуынға жататын – *Sarituma tatjanae*. Бұлар шамамен 450 млн. жыл бұрын тіршілік еткен.

Республикамыздың қазіргі флорасы эоцендік субтропиктік (36 – 58 млн. жыл бұрын), олигоцендік орманды-мезофильдік (26 – 35 млн. жыл), неогендік ежелгі жерортатеңіздік таулы-ксерофиттік, субтропиктік-ксерофитті бұталық және миоцен-плиоцендік алғашқы далалық (13 – 25 млн. жыл), плейстоцендік (2 млн. жыл) флоралардың негізінде қалыптасқан.

Өсімдіктердің Қазақстан жерінде таралуы, түрлер мен эндемиктердің топтасуы, табиғи аймақтар мен таулық белдеулерде әр түрлі. Республиканың осыншама бай өсімдіктер дүниесі түрлердің биол., экол., эвол. ерекшеліктеріне байланысты әр түрлібірлестіктер мен қауымдастықтарда жүйеленген.

Қазақстанның жазық бөлігі орманды далалық, дала, шөлейт және шөл белдемдеріне (аймақтарға) ажыратылады. Орманды далалық аймақ – республика жер аумағының 2,04%-ын алып жатыр, 54Әс.е-тен жоғары Көкшетау мен Петропавл қ-ларының маңында орналасқан. Орман түзуші түрлер: жылауық қайың, талдың бірнеше түрлері, бұталардан: итмұрын, тобылғы, далалық шие, т.б. бар. Бұл белдемнің шалғындық және далалық телімдерінде алуан түрлі шөптесін өсімдіктер мен астық тұқымдас шөптер басымдылық ететін қауымдастықтар таралған. Бұл аймақ 2 белдемге бөлінеді: 1) оңтүстік ылғалы аз қоңыржай жылы орманды дала белдемі – сұр ормандық топырақта қайыңды-теректі, теректі ормандар, ал қара топырақта шалғынды-далалық экожүйелер орналасқан; 2) қоңыржай құрғақ шоқталған орманды дала белдемі – қайыңды-теректі шоқ ормандар мен қара топырақтағы алуан-түрлі және астық тұқымдасты шөптесін өсімдікті далалық экожүйелер таралған.

Далалық аймақ еліміздің жер аумағының 28%-ын алып жатыр, аум. 110,2 млн. га, батыстан (Еділ-Жайық өзендері аралығынан) шығысқа қарай (Алтай-Тарбағатай тау бөктері) 2500 км-ге созылып жатыр. Далалық флораның құрамында 2000-нан астам түр бар деп шамаланады. Оның 175-і – эндемиктер. Негізгі басым түрлер: қау (боз), сонымен қатар бетеге, тобылғы, қарағай, аласа бадам. Далалық аймақ 3 белдемге бөлінеді: 1) қоңыржай-құрғақ және құрғақ дала; кәдімгі және оңт. қара топырақтағы алуан түрлі шөптесін – бозды белдем; 2) қоңыржай-құрғақ және жылы-құрғақ белдем-күңгірт қара-қоңыр және қара-қоңыр топырақтардағы бетегелі-бозды дала; 3) шөлейт құрғақ, қоңыржай ыстық белдем – ашық қара қоңыр топырақтағы жусанды-бозды дала. Шөлді аймақ – жалпы аум. 124,6 млн. га. Өзіне тән өсімдік жамылғысы алуан түрлі, 2500 – 2800 түр бар, олардың ішінде 200 – 215 түрі – эндемиктер. Шөлді аймақ 5 белдемге ажыратылады: 1) солтүстік далалы жердегі құрғақ, қоңыржай-ыстық шөлдер – аум. 40 млн. га., немесе еліміздің жер аумағының 14,7%-ы. Өсімдік жамылғысы астық-тұқымдасты – жартылай бұталы (боз, еркекшөпті-жусанды) шөлдер мен құмдақ-бұталы (жүзгін-раң-шағыржусан-еркекшөпті) шөлдер тарайды; 2) орталық (солтүстік тұрандық) өте құрғақ, ыстық шөлдер – аум. 51,2 млн. га, немесе республика жерінің 18,9%-ын алып жатыр. Бұл жерлерде жартылай бұталы (жусанды, бұйырғынды, изенді), сексеуілді, бұталы (қоянжын-жүзгінді) өсімдік жамылғысы дамыған; 3) оңтүстіктегі өте құрғақ, ыстық шөлдер – аум. 30,3 млн. га, немесе Қазақстанның 11,1%-ын алып жатыр. Бұл жерлерге эфемероидты – жартылай бұталы (сұр-жусанды, эфемерлі), ал дөң және тізбектелген аллювийлі – эолды құмдарда бұталы-сексеуілді-эфемероидты (сексеуіл-қоянжын-жүзгінді) өсімдік жамылғылары тән; 4) тау етегіндегі құрғақ, өте ыстық шөлдер – аум. 3,2 млн. га немесе Қазақстанның 1,2%-ы. Негізінен эфемероидты ірі шөптесін-жартылай бұталы өсімдіктер өседі; 5) тау етегіндегі өте құрғақ шөлдер – аум. 11,6 млн. га, немесе республиканың 4,3%-ын алып жатыр. Эфемероидты-псаммофиттік бұталы өсімдік жамылғысы тән.

Қазақстанның таулы экожүйелерінің аум. 18,6 млн. га, яғни республика жерінің 7%-ы. Бұл ретте есепке алынып отырғаны 4 – 5 биіктік белдеулі биік таулар ғана. Таулы экожүйелердің флорасын 3400 – 3600 түр құрайды деп шамаланады. Оның ішінде 540 – 570 түр эндемик болып табылады. Тек Қаратаудың флорасында 165 – 170 эндемик түрлер бар. Олардың ішінде, шыршалы (шренктік шырша, сібірлік шырша); май қарағайлы, самырсынды (сібірлік самырсын, сібірлік майқарағай); қылқан жапырақты ормандарды; алмалы (Сиверс алмасы, қырғыз алмасы), өрікті (кәдімгі өрік), қайыңды-теректі (түкті қайың, көк терек) – жапырақты ағаш ормандарды атап өтуге болады. Таулы экожүйелерде итмұрын мен бөріқарақаттың (зеректің), аршаның, қылшаның, бетегенің, сарыкүйік қауымдастықтары да кең тараған. Қазақстанның табиғи флорасы – пайдалы өсімдіктердің қайнар көзі. Мұнда жем-шөптік өсімдіктердің 700-ден астам түрі, дәрілік өсімдіктердің 400-ге жуық, әсемдік-безендірушілік 700 – 800, ширнелік (300-ден астам), эфир-майлық (450-ге жуық), улы-зиянды (250-ден астам) өсімдіктер түрлері бар. ендік аймақтық, биіктік белдеулік, секторлық және интра аймақтық заңдылықтарына бағынады.

Облыстың өсімдіктер жамылғысы Солтүстік Тысқарытропикалық Патшалығына жатады. Өсімдіктер жиынының түрлері бореалды (Орал-сібір формациясы. Алтайлық солтүстік-батыс формациясы), далалы (Заволжье-Қазақстандық формация, Алтайлық оңтүстік, Сауыр-Тарбағатайлық және Зайсандық провинция) және шөлді (Тибеттік формация) түрлеріне жатады. Келесі геоботаникалық аймақты өсімдіктер бірлестігіне бөлінеді:

Тау бөктерлі ормандалалы, селеулі-ормандалалы, (селеулі-түрлішөпті, бұталы дала); тау бөктерлі далалы (жусанды-бетегелі, жусанды-селеулі-бетегелі, жусанды-дәнді псамофильді шөлді дала) – Зайсан және Алакөл ойпаттарының солтүстік перифериясы; шөлді (далаланған және ксерофильді дәнді дақылдары басым кәдімгі шөл) – Зайсан және Алакөл ойпаттарының оңтүстігі. Биіктік белдеулігі Алтай, Сауыр-Тарбағатай, Қалба таулары аудандарында анық байқалады. Аймақтарға бөлінеді (төменнен жоғары): таулы және тау

алды орманды-шалғынды-далалы (балқарағайлы таулы ормандар майқарағайлы-балқарағайлы бұталық және далалымен бірлескен); таулы-тайгалы және шалғынды-тайгалы (майқарағайлы таулы қылқан жапырақты кедр мен балқарағайлы бірлескен, бұталық және шалғын, сонымен бірге көктеректі, шыршалы бұталы, қарағайлы орманмен бірлескен); биік таулы шалғынды (альпі ормандары және Алтай мен Тарбағатайдың субальпілік шалғындарымен бірлескен дала, кейбір жерлерінде айрықшаланған мүк және қына басқан шалғын); биіктаулы тундралы (жасыл мүктері, қыналары басым, биік гүлді өсімдіктердің қатысуымен, жайылған бұталы және аласа бұталы). Жамылғы көріністі. Облыс аумағында интра аймақты өсімдіктер де дамып келеді, олар қосымша ылғанданған жағдайдағы бедердің төмендеуінде немесе бөлектенген қазаншұңқырлардың бетінде бар

Қазіргі кезде қоғам "жасыл" экономика сөзінің мәнісін әр түрлі түсінеді. Бірі бұл елдің табиғатын жақсартатын экономиканың жаңа салалары деп түсінеді. Басқалары бұл сөзді табиғатқа көмектесуге және пайда келтіруге бағытталған жаңа технологиялар ретіндегі экожүйенің өзіндік түрі деп есептейді. Үшіншілері, бұл мақсатты экологиялық таза өнімдерді құру болып табылатын дамудың жаңа кезеңіне ауысу деп есептейді

Жасыл экономика бұл экономикалық теориядағы жаңа бағыттардың бірі. Ол табиғи ресурстарды "табиғи капитал" ретінде қарастырады. Осындай тәсіл, экономикалық табиғатпен байланысын және қолдану принциптерін өзгертеді де, ол мынадай шекті, қорландыру және табиғи ресурстарды жұмсау деген терминдерді анықтайды. Жасыл экономика теориясы үш негізгі принциптерге негізделген:

Шектелген кеңістікте ықпал етуді шексіз ұлғайту мүмкін емес;

Шектелген ресурстар жағдайында шексіз ұлғайып жатқан талаптардың қанағаттандырылуын сұрау мүмкін емес;

Жер бетіндегі барлығы өзара байланыста болады.

Түсінікті анықтаудың барлық осы жолдары сөздің мағынасына өте жақын. "Жасыл экономика" – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану

есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдері өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика.

“Жасыл экономика” бірінші кезекте, қазіргі уақтта сарқылуға ұшыраған ресурстарды үнемді тұтынуға және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жасыл экономика негізінде-таза немесе “жасыл” технологичлар жатыр. Мамандардың айтуынша “жасыл экономиканы” дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

“Жасыл экономика” арқылы табиғи баланысты сақтап, қарқынды дамып аламыз.

Тіршілік формасы немесе биоморфа (грекше «биос» өмір; «морфе» форма) деп, өсімдіктердің онтогенезінде белгілі бір экологиялық жағдайда пайда болатын және негізгі бейімделу белгілері жиынтығын көрсететін өзіндік сыртқы бейнесін (габитус) айтады. Габитус алдымен өсімдіктердің жер үсті және жер асты вегетативтік мүшелерінің өсу ерекшеліктеріне байланысты.

Өсімдіктердің белгілі бір түрінің особтарына тән тіршілік формасы – ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі және ол тұқым қуалау белгісі болып бекінген. Осыған қарамастан түрдің тіршілік формасы нақты жағдайларға байланысты едәуір өзгеріп отырады. Мысалы, жеке ағашы сүректі тіршілік формасына жатады.

Тіршілік жағдай қалай өзгерсе де, ол шөптесін өсімдік бола алмайды. Бірақ бұл түрдің кейбір особтері сымбатты бір дінді ағаш (парктерде, көшелерде) қалпынан, бұтақтанған көп дінді ағашқа (сиретілген ормандарда, орман шеттерінде) және төселмелі бұтақтарға (жарық жетіспеуі және басқа факторлардың қолайсыз әсерінен) айналуы мүмкін [2].

Бейімделу белгілеріне жапырақ тақтасының көлемін кішірейту (жусандар), жапырақтың тікенекке айналуы (жантақ), жапырақ тақтасының түтікше тәрізді ширатылуы (қау), қалың түктермен жабылуы (аюқұлақ) сияқты буландыруды азайтатын, өсімдікті қызып

кетуден сақтайтын белгілер жатады.

Сыртқы орта тірі организмдерге және олардың бірлестігіне әсер етушілердің жиынтығынан тұрады. Тірі организмдер мен оларды қоршап тұрған орта арасындағы өзара әсер және организмдердің үнемі меңгеріп отыратын тіршілік жағдайларына бейімделуі жалпы жер бетіндегі тіршілікті қамтамасыз етеді. Осындай өзара әсерді зерттеу экологияның негізгі міндетіне жатады.

Өсімдіктер экологиясы өсімдіктердің ортамен өзара қарым қатынасы, сонымен бірге жеке факторлардың және олардың жиынтығының өсімдіктер формасының пайда болуына әсері туралы ғылым. Мұның алдындағы тарауларда өсімдік мүшелерінің сыртқы және ішкі құрылыс ерекшеліктері, олардың тіршілік жағдайларына байланысты екендігіне үнемі көңіл аударылды. Бұл тарауда солардан қорытынды жасай келіп, өсімдіктердің негізгі экологиялық топтары мен тіршілік формаларын қарастырамыз. [1]

Экологиялық топтары әдетте ортаның форма түзетін және физиологиялық маңызы бар, бейімделуін тудыра алатын факторына байланысты бөледі. Дегенмен өсімдіктер үшін өте қажетті, олардың құрылымына әсер етуші экологиялық факторлар топырақ және ауа ылғалдығы, жарық. Сондықтан да көптеген экологиялық топтардың ішінде, сыртқы бейнесі және анатомиялық құрылымы жағынан бір-бірінен айырмасы бар өсімдіктерді кездестіруге болады. Олардың тіршілік формалары әр түрлі [2].

Ылғалға байланысты өсімдіктердің мынадай негізгі топтарын ажыратады: 1. Ксерофиттер (грекше «ксерос» – құрғақ; «фитон» – өсімдік) – топырақтағы және ауадағы ылғалдың тұрақты немесе уақытша жетіспеуіне бейімделген өсімдіктер. 2. Мезофиттер («мезос» – орташа) – орташа ылғалдық жағдайында тіршілік ететін өсімдіктер. 3. Гигрофиттер (грекше «гигра» – ылғал) – көбінесе атмосфералық ылғал мол жерде тіршілік ететін өсімдіктер. 4. Гидрофиттер (грекше «гидро» – су) – суда өсуге бейімделген өсімдіктер. Гидрофиттер суда жартылай батып тұрады, сондықтан денесінің жартысы су астында, жоғарғы бөлігі су бетінде қалқып өседі. 5. Толығынан суға батып тіршілік ететін өсімдіктерді

гидатофиттер (грекше «гидатос» – су) депі атайды [4].

Гидатофитгер – су өсімдіктері. Бұларға балдырлар, сужапырақ (элодея), валлиснерия, көптеген шыландар, егеушөп, мүйізжапырақ, тұңғиық, сары тұңғиық, наяда, дүңгіршек т.б. өсімдіктер жатады. Бұлардың бірсыпырасы су түбіне бекініп (тұңғиық), біразы су қабаттарында (балдыршөп, сукөрік) бос жүреді.

Гидатофиттердің тіршілік ортасына байланысты құрылымында өзіндік ерекшеліктер бар. Жапырақтары жұқа. Мысалы, сужапырақ клеткалардың екі қабатынан ғана тұрады.

Су асты жапырақтары көбінесе жіп тәрізді бөлшектеніп кеткен. Дене беткейлері көлеңді. Бұл ауа алмасуды жеңілдетеді, суда еріген оттегі өте аз. Су өсімдіктеріне жарық жетіспейді, өйткені жарық сәулелерінің бір бөлігі ғана сіңеді де, біразы су бетінен шағылысып, сіңе алмайды. Сондықтан оларға көлеңке сүйгіш өсімдіктердің ерекшеліктері тән.


Эпидермасының үстіңгі беткейінде кутикуласы болмайды, болғанымен өте жұқа, судың енуіне кедергі жасамайды. Сондықтан судан шығарылған су өсімдіктері бірнеше минут ішінде солып қалады [5].

Су ауаға қарағанда едәуір тығыз, сол себепті өзіне батқан өсімдіктерді ұстап тұрады. Соның нәтижесінде су өсімдіктеріне механикалық ұлпаның аса қажеті болмайды. Сонымен қатар ауа тапшылығына бейімделу нәтижесінде су өсімдіктеріңде ауаға толы көптеген клеткааралық қуыстар, аэренхималар пайда болады (1-сурет).

Клеткааралық қуыстар өсімдіктердің суда жузіп жүруін және ауа алмасуын қамтамасыз етеді. Күндіз фотосинтез нәтижесінде оларға оттегі толады. Оттегі қараңғы түскенде ұлпалардың дем алуына жұмсалады. Тыныстану (дем шығару) кезінде бөлінген көмірқышқыл газы клетка аралықтарында жиналып, күндіз фотосинтезге жұмсалады.

Сол сияқты бұларда түтікшелер нашар жетілген немесе болмайды, өйткені өсімдіктер суды бүкіл денесінің бетімен қабылдайды.

Көптеген заттардың еруі тамырдан тыныс алуға байланысты бөлінетін көмірқышқыл газына, қышқылдарға, т.б. заттарға тығыз байланысты. Қиындықпен еритін заттар физиологиялық қышқыл тұздардың, мысалы $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$, әсерінен де ериді. Физиологиялық қышқыл тұздарды топыраққа суда ерімейтін фосфориттермен бірге енгізгенде, фосфор қышқылы бөлініп.



Сурет 1 Егеушөп сабағының көлденең кесіндісі.

Гидрофиттер – әдетте су қоймаларының жағалауында өседі (жебежапырақ, алиσμα, қара өлеңшөп, қамыс, қорыс қырықбуыны, көптеген қиякелендер). Су қоймаларының түбіне көптеген қосалқы тамырлы тамырсабақтарымен бекінеді де, су бетіне жапырақтары немесе жапырақты өркендері шығып тұрады [6].

Гидрофиттердің барлық мүшелерінде су қоймасы түбіндегі және суға батып тұрған бөліктерін оттегімен қамтамасыз ететін клеткааралық қуыстары жақсы жетілген. Көптеген гидрофиттерде пішіні және құрылымы дамып жетілген орта жағдайына байланысты әр түрлі жапырақтар пайда болған. Мысалы, жебежапырақты алатын болсақ, оның су бетінен жоғары көтеріліп тұрған жапырағының сағағы мықты, жапырақ тақтасы тығыз, пішіні жебе тәрізді, мезофилінде бағаналы ұлпа жақсы жетілген; жапырақ сағағында, сол сияқты тақтасында да клеткааралық қуыстары бар.

Суға батып тұрған жапырақтары ұзыншақ, нәзік таспа тәрізді, жапырақ тақтасы мен сағағына жіктелмеген. Ішкі құрылымы нағыз гидатофиттердің жапырақтарына ұқсас.

Гидрофиттер – ылғалды ормандар, мен езен аңғарларының батпақты шалғындардың өсімдіктері. Өсіп тұрған ортасында ауа

ылғалы жоғары болғандықтан, бұларда судың булануы баяу жүреді немесе буланбайды, мұның нәтижесінде жоғарғы ағыс жолымен минеральдық заттардың қозғалуы баяулайды. Басым көпшілігінің жапырағы жұқа, жалаңаш (түксіз), кутикуласы жұқа, устьицелері жабылмайды жапырақтың екі бетінде де орналасады. Орталық цилиндрі нашар жетілген, түтікшелері аз, тамыр жүйесі бетіне жақш орналасқан және аз бұғақтанған. "Тигрофиттерге көптеген аройниктер, кекбұталар, (верескілер), кейбір бегониялар жатады. Қоңыржай аймақтың тигрофиперіне баймана, шытырлақ (шыңкетер), батпақ кызышбояуы, кейбір кырық буышдар жатады. Мәдени өсімдіктерден күрішті атауға болады.

Мезофиттер – орташа ылғалды ортада тіршілік ететін өсімдіктер. Бұған қоңыржай аймақтың жапырағыш түсіретін ағаштары мен бұталары: шалғын және орман шептесін өсімдіктерінің басым көпшілігі (қызылбас беде, шалғын атқонағы, меруертгүл, сныть), егістік дақылдардан – қатты және жұмсақ бидайдың басым көпшілігі, жүгері, сұлы, асбұршақ, қытайбұршақ, қант қызылшасы, кенепшөп, бадам, жүзім, жемістік дақылдардың пыстадан басқасының бәрі; көкөніс дақылдарының көпшілігі; сәбіз, қызанақ, қырыққабат т.б. жатады [7-8].

Ксерофиттер – ылғал тұрақты немесе уақтылы жетіспейтін ортада өсетін өсімдіктер. Олар су теңдестігін (балансын) әр түрлі бейімделу арқылы реттейді. Морфологиялық құрылысы жағынан ксерофиттер алуан түрлі. Бұған әр түрлі тіршілік формалары жатады, олардың бірсыпырасы алдыңғы тарауларда берілген. Мысалы, сабақтары мен жапырақтарында су қорын сақтайтын сабақты-жапырақты суккуленттер (кактустер, агава) сол сияқты жапырақтардың әр түрлі дәрежеде редукциялануы (дрок, қылша). Бейімделу белгілеріне жапырақ тақтасының көлемін кішірейту (жусандар), жапырақтың тікенекке айналуы (жантақ), жапырақ тақтасының түтікше тәрізді ширатылуы (қау), қалың түктермен жабылуы (аюқұлақ) сияқты буландыруды азайтатын, өсімдікті қызып кетуден сақтайтын белгілер жатады. Ксерофиттердің құрғақшылыққа бейімделу белгілері (ксероморфты) анатомиялық құрылысында да

анық байқалады. Олардың эпидермасын сырт жағынан қалың кутикула қабаты жауып, ол қабат тереңдеп устьице саңыллауына дейін жетеді. Эпидерманың сыртына балауыз бөлініп, қабыршақ және таяқша тәрізді пішінге көшеді. Кейбір пальмалардың өркенінің сыртына бөлінген балауыздың қалыңдығы 5 мм-ге жетеді.

Ксерофиттердің устьицесі крипта (латынша *Crypta* – төле) деп аталатын тереңдікте, шұңқырда орналасады және олардың қабырғаларының кескін үйлесімі күрделі болып келеді. Мысалы, алоэда клетка қабықшасы клеткаларының өскіндері бір-біріне жақындайды, сөйтіп су буының ауаға шығуына кедергі жасайды [8-10]..

Олеандрада әрбір үлкен төледе бірнеше устьице орналасады да, ал төленің қуысы жұмсақ тынын сияқты жиі орналасқан түктермен толып тұрады.

Ксерофиттердің екі тобын ажыратады: склерофиттер (грекше «склерос» – қатты) және суккуленттер (латынша «сукку-лентус» – шырды).

Склерофиттер құрғақ қатты келеді, олар су мол болатын мерзімде де (көктемде) бойына су қорын жинамайды, денесіндегі ылғалды 25%-ке дейін жоғарлатудан зиян шекпейтін ксероморфты құрылымды өсімдіктер. Склерофиттердің жұлып алынған өркендері солмай ұзақ сақталады. Тамыр жүйесі қуатты жетілген. Склерофиттерге жоғарыда айтылған ксероморфтық ерекшеліктеріне қосымша, клетка шырынының осмостық қысымының жоғары болуы (40-60-100 атм) және жапырақтарында, сабақтарында механикалық ұлпаның (склеренхима) жақсы жетілуі тән. Склеренхима тек қана өткізгіш шоқтарының құрамына емес, эпидермаға жанаса жатқан қабаттар түзеді. Склерофиттерге жүзгін, сексеуіл және тағы сол сияқты шөл, шөлейтті, құрғақ дала өсімдіктері жатады. Суккуленттер керісінше денесінің белгілі бір бөлігінде су қорын жинайтын, шырды, етжеңді өсімдіктер (өркендер метаморфозын қараңыз) [9-10].

Өсімдіктердің субстратқа байланысты кейбір экологиялық топтары Өсімдік пен топырақ тығыз қарым-қатынаста болады.

Өйткені топырақ - өсімдіктердің бекіну ортасы, сол сияқты органикалық қосылыстарды синтездеу үшін қажетті су мен минералдық заттардың негізгі көзі. Өсімдіктердің тіршілігі үшін топырақтың химиялық құрамы, физикалық қасиеті, құрылымы, ылғалдылығы және тағы басқа ерекшеліктерінің маңызы зор.

Өсімдіктердің топырақтағы қоректік заттарды қабылдау қабілеті әр түрлі. Осыған байланысты өсімдіктерді шартты түрде эвтрофты, мезотрофты және олиготрофты үшке бөледі.

Эвтрофты өсімдіктердің топырақ құнарлығына талабы өте жоғары (дала, орманды дала, жалпақ жапырақты орман өсімдіктері).

Олиготрофты (грекше «олигос» – аз, «троф» – қорек) өсімдіктер қоректік затқа кедей топырақта өсе алады. Бұған құрғақ аңғарлы шалғын (аққылтан), құмайт топырақ (қарағай), шымтезекті батпақ (шықшөп, мүкжидек, ұлпабас, шымтезек мүктері) өсімдіктері жатады.

Тұздылығы жоғары топырақта өсетін өсімдіктер галофиттер деп аталады (грекше «галос» – тұз). Тұздылық мөлшері және ерекшелігіне қарай: сор және сортаң деп бөлінеді [11]..

Сордың бет жағын тұзды су басып жатады. Бұларда көктемде ылғал мол болады да, жазға қарай тұздылығы артып, бет жағы тұзды қабыршақпен жабылады. Тұздану негізінен сода және гипс есебінен жүреді. Сортанда тұз топырақтың төменгі қабаттарында жиналады, жоғарғы қабаттары тұзсыз. Топырақтың бұл қабаты құрылымсыз болады. Топырақтың төменгі қабаты тығыз, кепкен кезде бағаналы бөліктерге және кесектерге жарылады. Негізгі галофиттерге сор өсімдіктері жатады. Олар алаботалар тұқымдасының өкілдері. Сыртқы көрінісі жағынан галофиттер суккуленттерге ұқсас, суға қаныққан (салмағының 92%-не дейін). Тамырлары біршама нашар, тереңге кетпейлі

Б. А. Келлер галофиттердің мынадай типтерін ажыратады.

1. Бұзаубас сортаң типі. Жапырақтары қатты өзгерген, шырынды, сабағы бунақталған өсімдіктер. 2. Шведка (*Snaeda maritima*) типі. Жапырақтары өзгермеген, шырынды етжеңді өсімдіктер. 3. Көкпек типі. Жапырақтарының беткейінде көпіршік тәрізді

түктерге ұқсас су сақтайтын ұлпалары болады. 4. Етжеңді емес сортаңдар типі. Өсімдіктердің сабақтарында, жапырақтарында тұзды ерітінділер бөлініп тұратын бездері болады, осылар арқылы өсімдік өз денесіндегі артық тұздан арылады [12-13].

Өсімдіктердің басым көпшілігі үшін тұздың жоғарғы концентрациясы өте зиян, мысалы, ас тұзы топыраққа 2-3 процент болған жағдайда өсімдік өледі. Осыған қарамастан галофиттердің денесінде ас тұзының мөлшері өте жоғары (49-50% -ке жетеді). Галофиттерге өте жоғары осмостық қысым тән, сондықтан олар тұзды топырақтан ылғал қабылдай алады. Галофиттердің көпшілігінде, ол 20-30 атм, кейде 100 атм-ға жетеді, ал кейбіреулерінде 150 атм болады.

Өсімдіктердің жарыққа байланысты экологиялық топтары Жарықтың жасыл өсімдіктер үшін физиологиялық мәні зор, олар жарық жеткілікті болған жағдайда ғана қалыпты өсіп дами алады. Жарық өсімдіктердің сыртқы көрінісіне, анатомиялық құрылысына әсер етеді Жарық жеткіліксіз жерде өскен өсімдіктердің (этиолданған) реңі солғын жасыл, буынаралықтары ұзарған, жапырақтары майда. Табиғатта белгілі дәрежеде этиолданған өсімдіктер орманның төменгі белдеуінде, шалғында кездеседі.)

Жарықтың өсімдіктердің сыртқы пішініне ғана емес, ішкі құрылымына да, әсіресе бәрі бірдей дәрежеде қажет етпейді. Соған байланысты өсімдіктерді үш топқа бөледі: 1) жарық сүйгіш өсімдіктер – гелиофиттер (грекше «гелиос» – күн). Бұлар жарық мол жерде ғана өседі. Бұған тундра, шөл дала және ормансыз тау шырларының өсімдіктерін жатқызуға болады. Қарағай, балқарағай, шаған, емен, тал жарық сүйгіш өсімдіктерге жатады. 2) көлеңкеге төзімді өсімдіктер (факультативті гелиофиттер) жарық мол жерде тіршілік ете алады және де көлеңкеге де төзімді болады. Бұған шалғынның көптеген өсімдіктері, шырша, самырсын, шамшат, жөке ағашы, үйеңкі, көптеген папортниктер мен мүктер т.б. жатады. 3) Көлеңке сүйгіш өсімдіктер – сциофиттер (грекше «циа» – көлеңке). Бұлар көлеңкелі жерлерде ғана тіршілік ете алады. Бұған Еуропа құсықшөбі, саумалдық және көптеген орман өсімдіктері жатады [14-

15].

Жарықтың қарқындылығы, сол сияқты жарықтың ұзақтығы экватордан полюске қарай, ендіктерге сәйкес жыл бойы өзгеріп отырады. Экваторда күн мен түн тең. Ал қалған аймақтарда экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай күн мен түн жылына екі рет-көктемгі және күзгі күн мен түннің теңесуі күндері ғана тең болады. Күн мен түннің ұзақтығы (фотопериодизм) өсімдіктің дамуына үлкен әсерін тигізеді. Соның нәтижесінде солтүстік аймақтың өсімдіктері оңтүстікпен салыстырғанда даму циклін қысқа мерзім ішінде өтеді. Солтүстікте жылудың жетіспеуі жарықтың ұзақ түсуімен толықтырылады. Осыған байланысты өсімдіктердің екі тобын ажыратады: 1) ұзақ күн өсімдіктері (солтүстік ендіктері мен биік тау өсімдіктері). Мәдени өсімдіктерден арпа, сұлы, қара бидай, көкнәр, шалғам және тағы басқалар. 2) ыдысқа күн өсімдіктері. Бұған тропика және субтропика табиғат аймақтарының өсімдіктері мен қоңыржай климаттың ерте көктемгі, қоңыр күздегі өсімдіктері жатады. Мәдени өсімдіктерден: қытайұршақ, күріш, темекі, мақта, және тағы басқалар[15].

Тіршілік формалары туралы ғылымның одан ары дамуы А. Н. Краснов, А. Б. Келлер, И. Г. Серебряковтың есімдерімен тығыз байланысты. Белгілі ботаник—эколог А. Б. Келлердің (1933) айтуы бойынша, «тіршілік формасы деп өсімдіктердің дене құрылымымен, оның белгілі бір класқа, тұқымдасқа және туысқа жатуымен тығыз байланысты экологиялық бейімделу жүйесін түсіну керек». В. Алехин (1944) «тіршілік формасы өсімдіктің сыртқы көрінісінде бейнеленген, оның жергілікті тіршілік жағдайына ұзақ уақыт бейімделудің нәтижесі» деп анықтайды.

Өсімдіктер мен ортаның тарихи ұзақ қарым-қатынасының нәтижесінде табиғатта өсімдіктердің экологиялық топтары (ксерофиттер, гигрофиттер және басқалар) ғана емес, тіршілік формалары да қалыптасқан. Жер бетін жауып тұрған өсімдіктер жамылғысының негізгі құрылым бөліктерін белгілеу үшін «өсімдік формасы» деген түсінікті алғаш рет өндірген ботаник ғалым А. Гумбольдт еді. Ол әуелі 19 өсімдік формасын ажыратқан, олардың

кейбіреулері: банан, сүректі папортник, астық, мүк. Осындай «формалар» жиынтығы және олардың әрқайсысының үлесі зерттелетін аймақ өсімдіктер жамылғысының бет пердесін (физиономиясын) анықтайды [16]..

Құрылымдық топтар және өсімдіктер жамылғысының географиясы туралы ғылымның басты кезеңі А. Гризебахтың жұмысымен байланысты. Ол өсімдік формасының, санын 60-қа дайын жеткізіп оларды «өсімдіктер формасы» деп атады.

А. Б. Келлердің анықтамасында екі негіз: генетикалық (белгілі бір системалық топқа жатуы) және экологиялық бейімделу қамтылған. И. Серебржовтың (1962) анықтауында осы екі негіз қамтылады және де тіршілік формасының морфологиялық мәні жете сипатталады [17]..

Өсімдіктердің тіршілік формаларының жүйесі. Өсімдіктердің физиономиялық, яғни сыртқы бейнесіне негізделген жүйесін төмендегідей қарастыруға болады:

1. Ағаштар – жер бетіндегі бөліктері толық сүректенетін көп жылдық өсімдіктер, қуатты жетілген ерекше жеке-дара бір діңі болады.

2. Бұталар – жер бетіндегі бөліктері сүректенетін көп жылдық өсімдіктер. Ағаштардан айырмашылығы, ерекше жеке-дара діңі болмайды, өзара шамалас бірнеше діңі бар, бұтақтануы жер бетіне таяу басталатын сүректі өсімдіктер.

3. Бұташықтар – бұталарға ұқсас, бірақ бойы аласа, 50 см-ден аспайды (қара жидек, вереск).

4. Жартылай бұталар – өркендерінің төменгі бөліктері ғана сүректеніп, жоғарғы бөліктері жылма-жыл қурап түсіп отырады (жусандар, жебір).

5. Лиандар – сабақтары арқылы өрмелеп, жармасын және шырмалып өсетін өсімдіктер (жүзім, құлмақ, барқытшөп, шырмауық).

6. Жастықша өсімдіктер – қоректік заттарға кедей тасты, құмды, шымтезекті және суық жерлерде өсуге бейімделген. Негізгі морфологиялық және физиологиялық ерекшелігі: тығыз бұтақталған, ұзарып өсуі шектелген, аласа, өркендері бір-біріне тығыздалып,

жақындаған, өркеннің жоғарғы жағы дөңгеленіп шырпылған тәрізді. Сондықтан жастық пішіндес болады. Жастықша өсімдіктер іш жағында ылғал, жылу сақтайды. Бұлар биік тау шыңдарының, мұхиттағы тасты аралдардың, теңіз жағалауларының, арктикалық тундраның өсімдіктері [18].

7. Суккуленттер – су қорын сақтайтын шырынды өркенді көп жылдық өсімдіктер (түбіртек, кактустер, агавалар).

8. Шөптесін өсімдіктер көп жылдық және бір жылдық, бұлар тіршілік формаларының мынадай топтарына бөлінеді: кіндік тамырлылар, шашақ тамырлылар, ұзын және қысқа тамырсабақтылар, жуашықтылар, шымдылар, түйнек түзушілер, жер бетінде төселмелі және жер бетінде столондылар.

Бұл жүйелеудің негізіне өсімдіктің сыртқы ортаның әсерінен пайда болған өсуінің сыртқы көрінісі және вегетативтік мүшелері тіршілігінің ұзақтығы алынған.

Барлық жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік формаларын ескере отырып Дания ғалымы К. Раункиер (1905) өзінің соны жүйелеуін ұсынды. Бұл жүйелеудің негізіне өсімдіктердің сыртқы-бейнесі – габитусы емес, негізгі морфолого-физиологиялық ерекшеліктері алынды. Бұл жүйенің физиологиялық принципі – өсімдіктің тыныштық кезеңге (жауабы); морфологиялық принципі – бүршіктердің немесе өркендердің өсімдіктер өсуіне қолайсыз жыл мезгілдері кезінде орналасуының топырақтың жоғарғы беткейіне қатынасы. Бұл жүйе іс жүзінде қолданылады және жабықтұқымдылардың тіршілік формаларының эволюциясын, ағаштардан бастап шөптесін өсімдіктерге дейін, зоналар бойынша көрнекілейді [19].

И. Джефридің, кейінірек Э Синнота мен И. Бейлидің микроскоптық салыстырмалы морфологиялық зерттеулері сүректілердің шөптесін өсімдіктерден біршама көне екендігін дәлелдеді. Сол сияқты тіршілік формаларының құрамы климаттық жағдайлардың көрсеткіші де бола алады.

К. Раункиер жоғарыдағы көрсеткіштерді қамти отырып, тіршілік формаларының ірі бес тобын ажыратады: Олар: фанерофиттер,

хамефиттер, гемикриптофиттер, криптофиттер және терофиттер (144-сурет).

1. Фанерофиттер (грекше «фанерос» – *ашық, анық*) – бұған ағаштар, бұталар, сүректі лиандар, эпифиттер жатады.

Фанерофиттердің жандандыру бүршіктері топырақ бетінен 25 см-ден жоғары орналасады, олар қыстайды немесе құрғақшылық мезгілді басынан өткізе алады. Осыған байланысты бүршіктері бүршік қабыршақтарымен жабылады. Бұлай етпейтін фанерофиттер де бар. Олар – ылғалды тропикалық орман өсімдіктері. Өсімдіктер бойының биіктігіне қарай Раункиер бұл топты мегафанерофиттер, мезофанерофиттер, микрофанерофиттер және нанофанерофиттер (фекше «мега» – *үлкен, ірі*; «мезос» – *орташа*; «микрос» – *кішкентай*; «нанос» – *ергежейлі*) деп бөледі.

К. Раункиер фанерофиттерге эпифиттерді және суккуленттерді жатқызады. Эпифиттер – ылғалды тропикалық орманға тән, бүршіктері ашық, бүршік қабыршақтарымен қапталмайтын өсімдіктердің ерекше тіршілік формасы. Систематикалық құрамы және экологиялық топтары жағынан алуан түрлі. Басым көпшілілігі папоротниктер мен орхидийлер. Эпифиттер тропикалық орманның ағаштарының діндері мен бұтақтарының жоғарғы деңгейін мекен орнына пайдаланады, өсіп денесін жарыққа шығарады. Эпифит тек қана шөптесін өсімдіктер емес бұталар және ағаштар да бола алады. Экологиялық тұрғыдан орманның іш жағына қарайғы көлеңкелі жеріндегі ағаштарға орналасып өскен эпифиттер гигрофиттер, ал ағаштардың жоғарғы деңгейі, ұшындағы эпифиттер – ксерофиттер. Соңғыларының жапырақтары шырынды, олардың денесінде су қорын жинайтын арнаулы орындары, түйнектері болады [20].

2. Хамефиттер – бүршіктері топырақ деңгейінен шамалы ғана (25 см-ден жоғары емес) жоғары орналасады. Бұларға бұташықтар, жартылай бұталар, жартылай бұташықтар, көптеген төселмелі өсімдіктер, жастықша өсімдіктер жатады. Суық және қоңыржай климатта бұл тіршілік формаларының бүршіктері қар астында қыстап шыға алады.

3. Гемикриптофиттер (грекше «геми» – *жартылай*; «крипто» –

жабамын) – көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Олардың бүршіктері топырақ деңгейінде немесе онымен шамалы ғана жабылып орналасады. Қыстап шығатын бүршіктерді өсімдіктердің қалдықтары жауып, қосымша қорғайды. Раункиер гемикриптофиттерді протогемикриптофиттер және жертағанды гемикриптофиттер деп екіге бөлді. Протогемикриптофиттердің жандану бүршіктері орналасқан негізіне дейін жыл сайын шіріп кететін, жер бетінде ұзарған өркендері болады. Жертағанды гемикриптофиттердің топырақ деңгейінде тұтас қыстап шыға алатын қысқарған өркендері болады. Қыста алдында жертағанның сабағы жер бетінде қалатын бүршікті топыраққа қарай тартып орналасады.

4. Криптофиттер – жандану бүршіктерінің орналасуына қарай: геофиттер және гидрофиттер деп бөлінеді. Геофиттердің (грекше «гео» – жер) бүршіктері топырақта бір сантиметрден бірнеше сантиметрге дейінгі тереңдікте орналасады. Бұған тамырсабақты, түйнекті, жуашықты өсімдіктер жатады. Гидрофиттердің вегетативтік өркені суға батып тұрады, сондықтан бүршіктері су астында қыстайды.

5. Терофиттер (грекше «терос» – жаз) – бір жылдық өсімдіктер. Бұлардың тіршілігі бір вегетациялық кезеңде аяқталады. Жылдың қолайсыз мерзімін тұқым түрінде ғана басынан өткізеді [21].

Өсімдік өз тіршілігінде суды өте көп мөлшерде қажет етеді. Мысалы, жүгері немесе күнбағыс өсімдіктерінің бір талы толық вегетациялық кезеңде (өнгеннен бастап піскенге дейін) 200 л су жұмсайды. Осынша көп судың тек 0,2–0,3%-і ғана өсімдік денесін құрайтын органикалық заттардың құрамына енеді. Қалған 99,8–99,7%-і өсімдік денесі (негізінен жапырағы) арқылы буланып кетеді. Судың өсімдік денесінен булануын *транспирация* деп атайды.

Суды буландыратын негізгі мүше – жапырақ. Транспирацияны судың буға айналып, оның қоршаған ортаға ірігуін жүзеге асыратын физикалық процесс деп қарауға болады. Бірақ ол өсімдік организміндегі физиологиялық процестермен тығыз байланысты қажетті құбылыс болғандықтан, оны физиологиялық процесс деп

қараған жөн.

Өсімдіктерді ауа ылғалы мол жерлерде немесе жылы жайларда (оранжерея немесе теплица) өсіргенде судың булануы азаяды.

Бірқатар өсімдіктерде судың булануын азайтатын, бейімділіктері және анатомиялық ерекше - кутикула, балауыз, жамылғы түкшелері қалыптасқан. Бірақ транспирацияның тоқтауы фотосинтез процесіне зиянды әсер етеді. Себебі, судың қоршаған атмосфераға ірігуі және булануы жүзеге асатын *устыцалар* арқылы өсімдікке көмірқышқыл газы енеді.

Су жапырақ бетінен және устьица арқылы буланады. Буланудың нәтижесінде жапырақ клеткаларындағы су азайып, олардың *су потенциалы* төмендеп, *сорғыштық күші* жоғарылайды. Сондықтан, жапырақ жүйкелерінің ксилемасынан клеткалардың сулы соруы күшейіп, тамырдан түтіктер жүйесі арқылы судың өрлеу ағыны күшейеді [22].

Сонымен өсімдік бойымен судың жоғары жылжуын қамтамасыз ететін *жоғарғы қозғаушы күші* жапырақ паренхимасының клеткаларында сорғыштық күштің ұлғаюына байланысты пайда болады. Сондықтан, транспирация қарқындаған сайын, жоғарғы қозғаушы күш түгел тоқтап қалса да жұмыс істей береді және оған метаболиттік энергия емес, сыртқы орта энергиясы - температура және ауа қозғалысы пайдаланылады.

Сабақтан су жапыраққа сабақша немесе жапырақ қынабы арқылы, содан соң жүйкелер арқылы жылжиды. Әрбір жүйкедегі өткізгіш шоқтардың өлшемі, олар бұтақтанған сайын азая береді. Ең майда жүйкелер тек жалғыз трахеидтік клеткадан тұруы мүмкін. Кейде жапырақ клеткалары түтік элементтерінен екі клетка өлшеміндей ғана қашықтықта болады. Бұл жапырақ жүйкелерінің таралу жүйелері оны сумен, басқа заттармен қамтамасыз ету үшін өте тиімді екендігін көрсетеді [23]..

Көптеген заттардың еруі тамырдан тыныс алуға байланысты бөлінетін көмірқышқыл газына, қышқылдарға, т.б. заттарға тығыз байланысты. Қиындықпен еритін заттар физиологиялық қышқыл тұздардың, мысалы $(\text{NH}_4)_2\text{SO}_4$, әсерінен де ериді. Физиологиялық

қышқыл тұздарды топыраққа суда ерімейтін фосфориттермен бірге енгізгенде, фосфор қышқылы бөлініп, өсімдікке оңай сіңеді де, физиологиялық сілтілі NaNO_3 тұзын пайдаланғанда фосфорит ерімей, өсімдік оны сіңіре алмайды.

Өсімдіктің қоректенуінде топырақтың *қарашірігінің* (гумус) үлкен маңызы бар. Оның құрамындағы көптеген микроэлементтердің (Cu, Zn, Se, Mn, Co, Ni) концентрациясы топырақтағыдан жүздеген, кейде мыңдаған есе көп болады.

Топырақтың органикалық бөлігінде біраз мөлшерде физиологиялық ырықты – витаминдер, тиамин, рибофлавин, биотин, гетероауксин, гиббереллин, ферменттер сияқты заттар да болады.

Қоректік заттардың тамырға сіңу жолдары мен механизмдері

Тамыр жүйесі өсімдікті топыраққа бекітіп, су мен минералдық элементтерді сіңіріп, бірінші болып оларды зат алмасуға енгізетін, өсімдік ұлпалары мен органдарына тасымалдап, тарататын мүше болып есептеледі. Сонымен қатар, тамырда көптеген биосинтездік процестер жүзеге асады.

Тамыр жүйесінің топырақта терендеп, жайылып өсу деңгейі өсімдіктердің қоректік заттарды игерудегі ерекшеліктерін анықтайды. Барлық өсімдіктерде қоректік заттардың негізгі бөлігін тамырдың жас, өсіп тұратын бөліктері сіңіреді.

Тамырдың жалпы сіңіргіштік ауданының ұлғаюы тамыр түкшелеріне тығыз байланысты, кейде тамырдың түкшелер аймағы заттарды сіңірудегі негізгі белсенді бөлігі деп қаралады. Тамырдың жалпы, соның ішінде белсенді, сіңіргіш ауданының ең жоғарылап ұлғаюы өсімдіктің гүлдену кезеңіне тура келеді.

Тамыр түкшелерінің пайда болуы мен даму деңгейі өсімдіктердің тіршілік орталығына тығыз байланысты. Мысалы, өсімдікті суда және ылғалы мол құмда, топырақта қолдан (ыдыстарда) өсіргенде тамыр түкшелері пайда болмайды немесе өте мардымсыз болады.

Тамыр жүйесінің әрекеті өсімдіктің жер үстілік мүшелеріне тығыз байланысты. Тамырда біраз физиологиялық ырықты заттар, амин қышқылдары және белоктар да синтезделеді. Тамырға сіңген

қоректік заттардың барлығы жоғары мүшелерге түгелінен тасымалданбай, біразы тамырдағы зат алмасу реакцияларына қатысып күрделі өзгерістерге түседі.

Өсімдіктің өсіп жетілген төменгі жапырақтарынан тамырға сахароза тасымалданады. Тамырға енген сахароза тамырдың өзіндегі зат алмасуға, өсуге және өсіп жетілген клеткалардың физиологиялық етілген клеткалардың физиологиялық ырықты деңгейін сүйемелдеуге, сыртқа бөлінетін заттардың түзілуіне және нәршырынмен бірге жоғары органдарға ауысатын заттардың құралуына, яғни тамырдың синтездік қызметін қамтамасыз етуге жұмсалады.

Тамырдағы алуан түрлі органикалық қышқылдар да сахарозаның өзгеруі нәтижесінде пайда болады. Өсімдіктің тамырынан сыртқа бөлінетін заттарға ассимиляттардың өте аз белігі жұмсалады. Мысалы, бұршақ тектес өсімдіктердің тамырынан бөлінетін заттардың құрамында жапыраққа CO₂ күйінде енген көміртегінің тек 0,5-0,7 %-тейі ғана болады. Тамырдан бөлінетін заттардың құрамында қанттар, амин қышқылдары, органикалық қышқылдар және өте аз мөлшерде витаминдер, ферменттер, этилен кездеседі

Нәршырынның құрамында өсімдіктің өсуін реттейтін қосындыларға жататын цитокининдер де кездеседі.

Тамыр жүйесінің ең сыртқы, топырақ бөлшектерімен тікелей жанасатын ұлпасы, оның клеткалары топырақтағы судың және қоректік элементтердің өсімдікке ену жолындағы ең бірінші кедергі болып саналады.

1. Жер шарындағы табиғат белдеулері мен климаттық және географиялық белдеулердің жіктелуі негізінен күн сәулесінің түсуіне және мұхиттардан алыс немесе жақын орналасуына да байланысты. 2.

Табиғаттағы осындай жүйелі түрде ауысып келіп отыратын факторларға байланысты өсімдіктер мен жануар тіршілігінде де құбылыстарға үйлесе дамитын бейімделушілік қалыптасады. Осыған орай, әрбір өсімдік пен жануарлардың түрлерінің өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері туындайды. 3. Ол

- анатомиялық-морфологиялық физиологиялық, биохимиялық, т.б.түрдің жеке өзіне тән қасиеттерімен сипатталады. Әрбір түрдің өзіне ғана тән жыл маусымдарына, айнала қоршаған табиғаттың өзгерістеріне қарай даму, көбею, таралу ырғағы қалыптасады.

Мекен ету ортасындағы жылдағы қайталанатын маусымдық өзгерістеріне тірі ағзалардың, соның ішінде өсімдіктердің өміріндегі маусымдық өзгерістер сәйкес келеді. Өсімдіктердің өміріндегі маусымдық өзгерістер мен олардың қоршаған ортадағы өзгерістермен байланысын ботаникалық ғылымның ерекше саласы- өсімдіктер фенологиясы, немесе фитофенология зерттейді. Кейде оның зерттеу саласының құбылыстарын өсімдіктердің «маусымдық ритмикасы» деп те атайды

Жылдық циклде, көктемгі оянудан соң, өсімдіктер төмендегі негізгі маусымдық дамудың кезеңдерінен, немесе фенологиялық кезеңдерден (фенофазалардан) өтеді:

1. Вегетация кезеңі, даму циклының басында біржылдық өсімдіктердің тұқымдарының өнуінен немесе көпжылдықтардың жапырақтарының ашылуынан гүлбүршіктің пайда болуына дейінгі кезең.

2. Гүлбүршіктің пайда болуы.

3. Гүлдеу.

4. Жеміс салу (осы кезеңнен соң кейде диссеминация, немесе жемістер мен тұқымдардың таралу кезеңін бөліп көрсетеді).

5. Даму кезеңінің соңындағы вегетация (жеміс салу аяқталғаннан кейін).

6. Өлу, тіршілігін жою (біржылдықтар үшін – тұқымнан басқасының толық өлуі, көпжылдықтар үшін – шөптесін өсімдіктердің жер бетіндегі мүшелерінің немесе бұталар мен ағаштәрізділердің бөліктерінің).

7. Тыныштық күй.

Өсімдіктердің маусымдық дамуының барысы сыртқы ортаның жағдайларының өзгеруімен тығыз байланысты. Вегетациялық кезеңнің басындағы өну, бүршік жару, жапырақтардың ашылуы, гүлбүршіктің

пайда болуы, гүлдеу және т.б. фенофазаларына әсіресе температураның әсері қатты білінеді. Қандай-да бір фенофазаның пайда болуы ауа немесе топырақтың белгілі-бір температураға дейін қызғанда ғана мүмкін болады. Мысалы, көптеген ағаштәріздес өсімдіктер үшін бүршіктерінің жарылуы 5–10°C аралығында болса, алғашқы бәйшешектер суретте көрсетілгендей топырақ 2–6°C температурада гүлдейді.

Температура фенофазалардың тек басталу уақытына ғана әсер етіп қоймай, оның ұзақтығына да әсер етеді.



Сурет 2. Ерте көктемдегі бәйшешектің гүлдеуі

Сыртқы орта факторларының ішінен өсімдіктердің өсуіне әсіресе температура ерекше әсер етеді. Кез-келген өсімдік тек белгілі бір температура жағдайында өсе алады. Көптеген өсімдіктер үшін температураның ең төменгі шекарасы 0°C-тан сәл жоғары, тропиктік түрлерде – 10°C, жоғарғы шекарасы 30–35°C жетеді. Ыстық бұлақ суларында мекендейтін төменгі сатыдағы өсімдіктерде 70°C. Бір өсімдіктің өзі жасына байланысты температураға қатынасы өзгереді. 2-ші кестеде көрсетілгендей әр өсімдік үшін температураның минималды, оптималды және максималды нүктелерін көрсетуге болады. Экспериментке емен және талшын ағашы таңдап алынды.

Зерттеулер жүргізу үшін Шымкент қаласының территориясында

кеңінен таралған ағаштар – кәдімгі емен (*Quercus*) және талшын (*Castanea*) таңдап алынды.

Кәдімгі емен – шамшаттар тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын не мәңгі жасыл ағаш, кейде бұта.



Сурет 4. Еменнің бұтағы мен жемісі

Емен-біздің еліміздегі ең мықты ағаш болып есептеледі. Биіктігі 40 метрге жетеді, кәрі емендердің діңдерінің жуандығы бірнеше метрге жетеді. Тамыр жүйесі мықты өзекті тамыры 5 м-ге дейін тереңдеп жуан діңнің жетілуіне жағдай жасайды.

Жас өркендердің қабығы тегіс, жылтыр, сұр, үлкен емендердің қабығы майлы қызғыштанып жарылып тұрады, қара-қоңыр түсті. Жапырағының пішіні өте әдемі-ұзын тақтасының үстіңгі беті қою-жасыл, астыңғы жағы ақшыл-жасыл, жылтыр, жиектері терең ойықталған, мұндай жапырақ тақтасының пішіні қалың қабыққа, жапырақтың көп мөлшерде түсуін қамтамасыз етеді .

Кәдімгі еменнің Қазақстандағы туыс түрлерінің жалғыз өкілі, жабайы түрінде тек Батыс Қазақстан облысында ғана кездеседі. Емен отырғызатын жерлер соңғы жүзжылдықта шұғыл қысқарып кеткен.

Пайдасы жағынан қарағанда едәуір бағалысы еменнің сүрегі мықты, қатты, әдемі суретті. Бәрінен бұрын оны кеме жасауда қолданады. Сондай-ақ жиһаз, паркет төсеніштер, арнайы ыдыстар,

бөшкелер жасауда қолданады. Бұл ағаштың қабығы пайдалы. Ерте кезден бері тері өңдеуде қолданылады. Бояғыш заттар алу үшін жас қабық, жапырақ, кесілген ағаштардың өңделген кездегі қалдықтары, үгінділері, бұтақтар, қиындылар және т.б қолданылады.

Еменнің қабығы біраз уақыттан бері заласыздандыратын дәрілік зат ретінде қабынуға қарсы тістің қызыл еті, асқазан және ішек пайдаланылады. Ерте кезде жаңғағы адамдарға азық болған. Қазір кейбір жағдайда олар кофенің орнына пайдаланылады. Үй жануарларына азық ретінде қолданылады. Бірақ, ең жоғары бағалануы бұл ағаштың сәндік мақсатқа пайдалануы және ұзақ өмір сүретіндігі 400-500 жылға дейін ол топырақты қорғап, оның құрамындағы ылғалды сақтайды. Бұл түр қызыл кітапқа енгізілген. Сондықтан табиғи өскен ормандар мен қолдан отырғызылған әрбір ағаш қатаң қорғалуы керек.

Талшын (*Castanea*) – шамшаттар тұқымдысына жататын, жылы климатты аймақта өсетін ағаш. Талшын – Жерорта теңізі жағалауында, Шығыс Азияда және АҚШ-тың Атлантика жағалауында көп кездеседі. Талшын тез өседі, оның бұталары тез көбейеді және ұзақ сақталады.

Ботаникалық сипаттамасы. Егістік талшын (*Castanea sativa*) – бір үйлі, жапырақ тастайтын ағаш немесе бұта болып келеді. Биіктігі 50 м. Ағаш денесі қоңыр түсті, сүрегі қалың. Бүршіктері дөңгелекше, сыртында 4 қоңыр күлте жапырақшасы бар. Жапырақтары екі қатар орналасқан. Олар қарапайым, ланцет тәрізді, жиегі ара тісті. Жапырақтар қысқа сағақты, қанық жасыл түсті, түкті. Гүлдері қос жынысты.

Олар сырға тәрізді гүлшоғырға жиналған, ұзындығы 5-15 см. Аталық гүлдер 3-7. Аталық гүлдер бүкіл сырғаның ішінде орналасқан. Аналық гүлдер 1-3. Олар тұқым жабындысының ішінде орналасқан. Жабындының сырты тікен тәрізді. 7 суретте көрсетілгендей гүлдер маусым-шілде айында гүлдейді. Гүлдері бунақ денелілер арқылы тозаңданады.



Сурет 5. Гүлдеп тұрған талшын ағашы



Сурет 6. Талшынның жапырағы мен жемісі



Сурет 7. Талшынның шар тәрізді жаңғағы

Жоғарыда келтірілген мәліметтер өсімдіктердің тыныштық күйі ағзаның (олай болса, түрдің) тіршілігін қамтамасыз ететін бейімделушілік ретіндегі маңызын көрсетеді. Бір жағынан, тұқымдардың өнуінің кешігуі ауылшаруашылық практикасында үлкен қиындықтар туғызады. Сондықтан, осы кешігудің себептерін туғызатын факторлар мен оларды жоюға көмектесетін әдістерді анықтау қызығушылық туғызады. Зерттеулер тұқымдардың өнбеуінің көптеген себептерге байланыстылығын көрсетті.

Өсімдіктердің ұзақ тыныштық кезеңінен қиын да болса, оның тыныштық қалпын бұзуға болады. Бұл қыс күндері гүл өсіріп алу үшін өте қажетті. Өсімдіктердің тыныштығын бұзудың көптеген тәсілдері бар. Мысалы, өсімдіктерге жылы ваннамен әсер етеді. Бұл үшін гүл бүршігі бар сиреньді отырғызылған ыдысымен бірге жылы суға (30–35 ° C) 10–12 сағат қояды.

Қалада өсетін емен және талшын өсімдіктерінің маусымдық өзгерістерінің экологиялық жағдайларға тәуелділігін зерттеу

Қоңыржай белдеудің ағаштары мен бұталары қысқа қарай өсуін тоқтатып, жапырағын түсіреді (қылқан жапырақтылардан басқа) де тыныштық күйге өтеді. Бұл кезде ағзаның тіршілік процестері өте баяу жүреді де, оның қоршаған ортаның қолайсыз әсерлеріне тұрақтылығы артады. Тыныштық күйдің тереңдігі әртүрлі түрлерде бірдей емес. Күзде, жапырақтар түскеннен соң ең терең, органикалық тыныштықта болады. Бір өсімдіктер бұл күйден ерте шығады, бірақ қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына байланысты мәжбүрліктен туған тыныштық күйде қалады. Басқа түрлерде органикалық тыныштық күй ұзақ кезеңге созылады да, әдетте қыстың соңына дейін сақтал

ады. Егер органикалық тыныштық күй аяқталған соң, қолайлы жағдайларға әкелгенде өсімдіктің өркендері бүршіктері өседі де жаңа өркендер пайда болады.

Қаланың активті автомобиль қатынасы мен қолдан жарықтанған бөліктеріндегі өсімдіктер тыныштық күйге орталық көше мен саябақты салыстырғанда 5–9 күн ерте жүретінін 3–кестеден көруге болады.

Сонымен қатар қоршаған ортаның жағдайлары өсімдіктердің ішкі және сыртқы жағдайына да әсер ететіндігі анықталды. Антропогенді әсер күшті аудандағы жапырақтардың сарғаюы 2-3 күнге ерте, ал жапырақтарын түсіру саябақ өсімдіктерімен салыстырғанда 5-9 күнге ерте басталады.

Кесте 3. Антропогенді ластану және салыстырмалы түрде таза жағдайларда бақылау жүргізу

Жекеленген өсімдіктердің өсу ерекшеліктерін зерттеудің, бұл функцияның өсімдіктердің тіршілік ету жағдайларына тәуелділігін анықтау, өсімдіктердің жекеленген түрлеріне тән өсу ырғағын анықтау маңызды, себебі, өсімдіктердің тыныштық күйден қалыпты өтуі ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне, өсімдіктің жалпы өсуі мен дамуына әсер етеді.

Ғылыми жұмысты орындау барысында қаланың салыстырмалы түрде таза және ластанған (автокөліктердің қарқынды қозғалысы, қосымша жарықтану) жағдайында өсетін өсімдіктердің маусымдық өзгерістеріне ортасының әсері зерттелді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.0. Абдрахманов Төменгі сатыдағы өсімдіктер систематикас, Алматы, Мектеп, 1972, 246 б.
2. Әлімқұлова Р, Дүйсенбаева Б. Өсімдіктану Алматы.: Рауан, 1997, 125 б.
3. Жатқанбаев М. Өсімдіктер физиологиясы .- Алматы.: Мектеп, 1995, 235 б.
4. Систематика растения .- Москва, 1988, 315 с.
5. Систематика высших растений .- Москва.: Высшая школа, 1960, 265 с.
6. Биология , экология, география споровых растений средней Азии. - Ташкент. : 1971, 205 с.
7. Жизнь растений: мхи, плауны, хвощи, папоротники, голосеменные растения/ под редакцией биологических наук С.Р. Жилина. - Москва. Просвещение, 1978, 380 с.
8. Сметов С. С. Ботаника.- Алматы , 2002, 380 б., 265 б.

9. Никитин Н. Растение-природо очиститель.- Ленинград, 1982, 312 с
10. Артамонов В.И. Зеленые оракулы. - Мысль, 1979, 215 с
11. Маматкулов У.И. Лихоиндикация состояния окружающей среды - Томск , 1978, 145 с.
12. Шапиро И.А. Зогадки растение соринкоса.- Ленинград .: Гидромитеоиздательсва, 1991, 320 с
13. Әлімқұлова Р, Дүйсенбаева Б. Өсімдіктану. Алматы.: Рауан, 1997
14. Жатқанбаев М. Өсімдіктер физиологиясы .- Алматы.: Мектеп, 1995
15. Биология , экология, география споровых растение средних

МӘШҲҮР ЖҮСІП – ДІНИ АҒАРТУШЫ АҚЫН

Асылбек Лейла

Тараз қаласы, Жамбыл облысы, Дмитрий Карбышев атындағы №16 орта мектебі
Ғылыми жетекшісі, Джанабаева Дания Абсаматовна
Электрондық пошта: adilbekova.akmaral.007@mail.ru

Аңдатпа

Зерттеу жұмысы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ағартушы, ақын, тарихшы және философ **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының** ағартушылық бағыттағы шығармаларын жан-жақты талдауға арналған. Мәшһүр Жүсіп – қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін терең меңгерген, рухани мұра қалдырған бірегей тұлға. Ол өз еңбектерінде әділдік, адамгершілік, білім мен парасаттылық сияқты құндылықтарды насихаттап, халықтың рухани сауатын ашуға ерекше мән берген. Зерттеудің өзектілігі – ақынның ағартушылық еңбектері діни және әлеуметтік мазмұндағы шығармалармен бірге қарастырылып келгенімен, оның ағартушылық қыры жеке, жүйелі зерттеуді қажет етеді. Жұмыстың негізгі мақсаты – ақынның ағартушылық бағыттағы туындыларын саралап, олардың әдеби ерекшеліктерін, поэтикалық құрылымын, тарихи және мәдени маңызын айқындау. Зерттеу барысында ақынның шығармаларына жанрлық тұрғыдан талдау жасалып, оның қазақ әдебиетіндегі ағартушылық рөлі, шығармашылық мұрасының идеялық мазмұны және жаңа Қазақстан жағдайында қайта зерделенуі қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп мұрасының әлі толық зерттеліп бітпегендігі оның шығармашылығын жаңаша ғылыми ізденістер тұрғысынан қарастыру қажеттілігін көрсетеді.

Түйінді сөздер: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, ағартушылық, қазақ әдебиеті, рухани мұра, тарихи тұлға, поэтика, халық ауыз әдебиеті, әдеби зерттеу, мәдени құндылықтар, шығармашылық мұра.



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, фольклортанушы, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жалықпай жинап, олардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізуші, соңынан сан-салалы қазыналы мол мұра қалдырған ағарту саласының белді өкілі. Алаштың біртуар перзенті. Мәшһүр Жүсіп – өз қазақ халқының әдебиеті, тілі, фольклоры, тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын, этнографиясы мен поэзиясын мейлінше жетік білген. Араб, парсы, шағатай, орыс т.б. тілдерін жетік меңгерген. Өзінің саналы ғұмырын Мәшһүр Жүсіп ағарту саласына арнап, әділдікті, адамгершілікті, парасат пен пайымды насихаттап, дәріптеп өтіп, тер төгіп еңбектену нәтижесінде өз заманының озық үлгідегі мол рухани қазынасын қалдырды. Жаңа Қазақстан жағдайында тарихи тұлғаның мол мұрасы әлі де тың зерттеулерді, ғылыми тұрғыдағы жаңаша ізденістерді, жүйелі сараптамалар мен әдеби-тарихи дәлелдемелерді қажет етіп отыр. Мәшһүртану саласында еліміздің бірқатар ғалымдары тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Өзектілігі: Қазақ әдебиетіне қомақты үлес қосқан Мәшһүр Жүсіптің шығармалары жанрлық тұрғыдан жіктеліп, зерттелініп, бірсыпыра ғылыми жұмыстар жазылса да ағартушылық бағыттағы туындыларын жеке қарастырудың өзектілігі жойылмады. Бұл бағыттағы шығармалары діни тақырыптағы, үгіт насихат тақырыбындағы, әлеуметтік сарындағы өлеңдермен бірге қарастырылып келді. Ақынның ағартушылық бағыттағы еңбектерінің әдебиетте өзіндік маңызы бар екенін байқауға болады.

Жобаның мақсаты: ақынның ағартушылық бағыттағы шығармаларының поэтикасын басқа шығармаларынан бөліп алып, заман талабына сай жаңаша зерделеу, ақынның ағартушылық қырын дәріптеу.

Жобаның міндеттері:

1. Қажетті әдебиеттерді оқу;
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өмірбаянымен танысу;

3. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ағартушылық бағыттағы туындыларын іріктеп алу;

4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ағартушылық бағыттағы туындыларын оқып, талдау жасау;

5. Жиналған мәліметтерді жүйелеу, қорыту, қорытынды жасау.

Мәшһүр Жүсіп әдебиет жанрының барлық саласында қалам тербеген ақын. Өлеңдерден бастау алып, салмағы ауыр эпикалық туындыларға да назар аударған ол соңынан ірі-ірі дастандар қалдырды. Соңынан жиырма томдық мұра қалдырған ғұламаның еңбектері мұнымен шектелмей, прозаға да ұласады. Қаламгердің мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп тұрған мақалалары мен хаттарының яғни публицистикалық еңбектерінің өзі бір төбе. Ақынның шығармашылығы жөнінде бірнеше ғылыми жұмыстар жазылса да, әлі толық зерттелінді дей алмаймыз. Себебі қалдырған мұрасының қамтитын тақырып аумағы өте кең, жанрлық сипаты күрделі, көркемдік ерекшеліктерге бай, шығыс түркі әдебиетімен терең үндестігі, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы қызметі, шығармаларының негізгі идеясы, шығармашылығының зерттелінуі көп жылдық тынымсыз еңбекті талап етеді. Осынау мол мұра иесінің бүгінгі ғылыми жұмысымызға арқау болған туындылары үлкен еңбектің бір тамшысы іспеттес.

Қазақ ұлттық мәдениетінің көп ғасырлар бойы жалғаса дамыған тарихи жолында мәдени мұралары халықтың эстетикалық, гуманитарлық, философиялық дүниетанымын қалыптастырды. Өлемдік өркениеттегі өзіндік тарихи тұғырын, ұлттық дүниетанымын рухани құндылықтарын таныта алған қазақ халқы – қазіргі тәуелсіздік жаңа тарихында бұрын-соңғы мәдени мұраларды түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Дегенмен қолжазбалардың бір орынға жинақталмауы, өз заманында дұрыс бағаланбауы, кешендеп зерттеле бастауы т.б. тарихи мұраны қарастыру мәселесін біршама тежегені анық. Ел арасынан жинаған жыраулық поэзияның үздік үлгілері болсын, фольклорлық

жанрлар болсын, халықтық мақал-мәтелдер болсын, тарихи жәдігерлері болсын – қазақтың әдеби, тарихи мұра сөздерін жазып алып, қағазға түсіріп келген тұлға Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының және оның өз шығармалары т.б. жиырма томдық түрінде жарық көрді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз өлеңдерінде әлеуметтің хал-жайын, қоғамның өзгерісін, дін мен тілді, адамшылық пен имандылықты, тарих пен аңызды: сапар, сын, айтыс нақыштарында т.б. бере отырып, шынайы, тиянақты ой-байламдар жасайды [1].

Жиырма томдықтың алғашқы төрт томы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адамгершілікті, гуманизмді, ар-намысты ту етіп көтерген, ағартушылық идеясын жарнамалаған, оқу оқып, білім алу, жан-жақты өнерлі болу, адам жанын тазартып, биік мұраттарға жетеді деп насихаттаған т.б. өз туындыларынан тұрады. Әр кітаптың соңында алпыс-жетпіс бетті қамтитын ғылыми түсініктемелері де бар. Яғни томға енген әр нұсқаның қағаз бетіне түсу ерекшелігі: қайда жазылғаны, қашан, қай жазбаларда сақталғаны, қандай көшірмелері бар екендігі т.б. – бәрі де мәтіндік сараптаулардан өтіп, өзара салыстырылып қарастырылған.

XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай көрінісі сол дәуір өкілдерінің шығармаларына арқау болды. Себебі әдебиет – өмір айнасы. Бостандыққа, азаттыққа ұмтылу, халықты оқу-өнерге, білім-ғылымға шақыру, саяси-әлеуметтік келеңсіздіктер ұлтына жаны ашыған, жүрегі ұлтым деп соққан әр ұлт жанашырының көкейтесті мәселесіне айналды. Халықты осы келеңсіздіктен құтылудың бірден бір жолы оқу білімде деген идеяны ұстанды. Халықты «оятуға» тырысты. Осы тұстан XX ғасыр басындағы әдебиеті азаттық ұмтылу, халықты «ояту» әдебиеті болғандығында деп тануымыз қажет. Осы мәселелерден Мәшһүр Жүсіп те қалыс қалған жоқ [4].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ қоғамында болып жатқан ірі қоғамдық-саяси өзгерістерге өз үнін қосып отырды. Сондай-ақ қарапайым халықты дін түзеуге шақырып, оларды да өз

шығармаларына арқау ете білді. Оның барша саналы ғұмыры отаршылдық қысымдағы туған халқының мұң-зарын, қайғы-қасіретін т.б. жырлау болатын. Сол жолда өзінің шығармашылық тұлғасын даралайтын, өзіндік сипаттарымен ерекшеленетін т.б. дүниелерін өмірге әкелді: халыққа қызмет ету, туған жер, ел, отан, адалдық пен әділдік, ел тағдыры, халық мұраты т.б. Ол ұлттық әдебиетіміздің дәстүрінен нәр алып қана қоймай, озық ойлы өзге елдер әдебиетімен де сусындағанын байқаймыз: өнер – білім, ағарту мәселелері, еркіндік, азаттық, бостандық идеялары, ұлт тағдыры т.с.с. Адамзат баласын ізгілік пен қайырымдылыққа үндейтін дін тақырыбында көптеген өлең-жырлар туғызған ақын соны ел ішіне таратуға да өз үлесін қосты. Көптомдықтың ғылыми түсініктемелерінде Мәшһүр Жүсіп туындылары түркі әдебиетінің негізін салушы Қожа Ахмет Иасауи (XII ғ.), әлем халықтары мойындаған Жүсіп Баласағұни (XI ғ.) т.с.с. шығармаларымен үндестікте, сарындастықта салыстырыла қарастырылады.

Қазақ даласында орын алған әрбір оқиға, әрбір өзгеріс әдебиет пен тарихта өшпес із қалдырып отырды. Бұл заңды да. Өйткені әдебиет пен тарихтың, мәдениеттің арасында бірін бірі байланыстыратын, көзге көрінбес бір тылсым дүние бар. Сондықтан да әр әдеби туындыда тарих іздері сайрап жатқанын көре аламыз. Сондай халық санасында ерекше сақталған кезеңдердің бірі – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Себебі өткен ғасырдың басында қазақ елінің экономикалық, саяси әлеуметтік жағдайында үлкен өзгерістер орын алды. Өндіріс пен кәсіпорындардың дамуы, теміржол жүйесінің салына бастауы қазақ даласына өзімен бірге жаңа арнаның, жаңа өмірдің легін әкеле бастады. Осы кезде қазақ даласын басқарудың жаңа жүйесі пайда болды. Ресейде орын алып жатқан барлық оқиғалар қазақ еліне әсерін тигізіп жатты. Осы қақтығыстарды шешу үшін патша үкіметі Ресейдің жерсіз шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыра бастады. Бұл саясат қазақтың шұрайлы жерлерінің бәрі патша үкіметінің қарамағына айналғанын білдірді. Сөйтіп қазақ

жеріне қоныс аударушылардың жаңа легі пайда болды. ХХ ғасыр тарихқа жаңа дәуірдің жаршысы ретінде енді. Орын алған жағдайлардың өзгерістеріне сай әдебиет те сол өзгерістермен үндесіп, көкейтесті мәселелерді қозғап, қоғамдық өмірдің көркем суретін жасауға тырысты. Дәл осы тұста қарапайым халықты оқыту үшін оқу-ағарту ісі қолға алына бастады. Кітап бастыру, газет-журналдар шығару ісі жолға қойылды. Ұлы ақын Абайдың дәстүрін жалғастырушы ізбасарлары Шәкәрім, Сұлтанмахмұт, Міржақып, Мағжандар сахнаға шықты. Бұл ірі тұлғалардың басын біріктірген алып күш біреу ғана болды. Ол – ұйқыда жатқан қалың елді ояту. Қай қаламгердің шығармасын алсаңыз да бәрінде ортақ тақырып ретінде ұлт қамы тұрды. Олар өз ұлтының басқа мәдениеті дамыған елдер қатарында болғанын қалап, өз шама-шарқынша осы ойларын туындыларында жеткізуге тырысты. Әдебиеттің ұлттық рухын көтеруге тырысты. Осы тұрғыдан алып қарасақ, ХХ ғасыр басындағы әдебиетке тән ерекшелік ретінде азаттыққа, бостандыққа ұмтылу, халықты «ояту» болғанын айта аламыз. Осы жолда бірі ұлт болып бірігіп, азаттыққа, бостандыққа ұмтылайық деп күрессе, екіншісі оқу-ағарту бағытында көп еңбек сіңірді. ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеушілер оқу-ағарту бағытындағы қаламгерлерді ағартушы-демократтар және діниағартушылар деп қарастырды. Яғни оқу-ағарту мәселесі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің басты тақырыптарының бірі болды[1]. Мұсылмандық идеяны көтерген діни тақырыптағы туындылар қатары көбейді. Патша үкіметінің қазақ жеріне крестьяндарды қоныстандыруы, рухани тонау, шоқындыру шараларының молынан таралуы діни-ағартушы бағыттағы жазушылардың шығармасына әсер етті. Қоғамда орын алып жатқан жағдайларды діни ағымдағы оймен байланыстырып жазды. Бұл бағыттағы қаламгерлер діни сауатты болды, шығыс әдебиетімен сусындап өсті. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерді, діни тақырыптағы шығармаларға қанық, көзі ашық, оқыған азаматтар болды. Осы топтағы ақын-жазушылардың бір қыры олардың кітап шығару ісіне айрықша мән бергендіктері және ел

аузындағы халық ауыз әдебиетін жинап бастыруы. Адамдық қасиеттерді қалыптастыруды дінмен байланыстыруы олардың басқа бағыттардан пікірлерінің алшақтығын көрсетеді. Сондай-ақ олар жастарды, халықты оқу білімге, ғылымға шақыра отырып, жақсы мен жаманның, білім мен білімсіздіктің аражігін ажыратып, барлық адамгершілік игі қасиеттерді діни ұғым-таныммен байланыстырды [2]. Десек те олар тек діни уағыз жолында қалып қойған жоқ, қоғамдық өмірдегі келеңсіз жағдайларды, әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсініп сынап білді. «Халықты ояту» идеясын діни бағыттағы қаламгерлер адамгершілік қасиеттермен, діни іліммен байланыстырды. Осылайша Абай салған сыншыл реализм жолынан алыстамады, XX ғасыр басындағы әдебиет кезеңінде өз іздерін қалдырды. Солардың бірі Мәшһүр Жүсіп Көпеев еді.

Шығыс әдебиетінің мол қайнарынан сусындаған, қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинақтап, тарихы, этнографиясы, шежіресі туралы шығармалар жазған Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Дала уалаятының газетінде» «Баянауылдан» деген айдармен мақалалары кездеседі. – Еркек бол, ұрғашы бол, ғылым үйрен. Ол екеуіне де керек нәрсе. Еркекке бір есе керек болса, ұрғашыға он есе керек. Еркек өзі оқып білмесе, бір жерден естісе де бір сөз үйренеді, ұрғашы бейшара өзі оқып білмесе, ешқайда бара алмайды. Сонан соң қайдан естіп үйренеді? Сол үшін көбіне ұрғашы оқыса екен. – [2] деген ойлармен бөліседі. Бұл пікір Құран әйелді кем тұтады- деген дүмше молдалардың уәжіне дін тұрғысынан қарсы тұра алатын, әйелдің қоғамдағы орнын Құранның да жоққа шығармайтынын оқырманына түсіндіре алатын шығарма. –Сондай-ақ еркек пен әйел арасы, балаға жақсы ат қою, халал сүт, тазалық деген мәселелерді діни пікірлер арқылы дәлелдеп отырады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің осы көлемді мақаласында өз елінің шаруашылық жағдайын да баяндап, ұлағатты аңыздарды мысалға келтіріп отырады. Ондағы ойы ғибратты әңгіме арқылы еңбек етіп, бай екенмін, малым бар да маған келетін кесепат жоқ деп қарап отырмай, жақсы тұрмысқа

жігерлендіреді. Осы автордың «Жақсы молда» [5, 55 б] деп аталатын аңыз әңгімесінде Бағдаттың халифа сұлтанына апара жатқан арақты бір үлкен ғұлама молданың оған жеткізбей сындырғаны жайында баяндалады. Ал, «Тіл білгеннің пайдасы» деп аталатын мақала нақты фактіге құрылған. Мұхаммет Кафали Таши тіл білгеннің арқасында Ғұсман халифаның қолымен жазылған Құран Шарифтің мазмұнына түсінік жазады. Сол Ташкенттегі Құранның Петербор шаһарында сақтаулы тұрғанын барғандар көреді-деп жазады автор. Одан әрі сол имам Мұхаммет Кафали Таши Түркия сұлтанының сұрауы бойынша «Тауратты» аударғанынан мағлұмат береді. Бұқара мен Ташкентте оқып, білім алған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мақалаларын дінді ағартушылық, тәрбиелік мәнінде таза мақсатқа жұмсай білген ғұлама пікірі десе де болады. Қазақ елінің біраз мәселелеріне арналған мақалаларында мал жиып, бай болуды ойлама, ғылым іздеп бай бол деген насихат айтады. «Мал жұмсасаң - азаяды, ғылым жұмсасаң - көбейеді. Малы көп кісінің қияметте сұралуы, тергелуі көп болады. Ғылым өз иесін көп таршылықтан құтқарады» [5, 39б]. Мәшһүр Жүсіптің бұл газетте дін мәселелерінен өзге халықтың ауыр тұрмысын сипаттаған өлеңдері мен мақалалары жиі жарияланады. «Басшымыз ел пайдасын сөйлемейді, білгіштер мұндайлыққа емес разы...», «Қазақ жұрты қоршылықта, момындар биге пара, байларға жем», «Әділдікке жол жоқ» сияқты өткір тақырыптар қойып, батыл пікірлер айтады. Ауылда алған білімін місе тұтпай, сол кездегі беделді оқу орны Бұқарадағы «Көкілташ» медресесіне барып оқып, ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгереді. Құран Кәрімге де жетік ғұлама болып қалыптасады. Абайдың өзі Мәшһүрді: «Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын. Мәшһүр де ақын. Дегенмен де ол ақын болғанымен Құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр адамзаттың әулиесі ғой»- дейді. Замандасы Шәкәріммен де бірнеше рет кездесіп, әңгімелесіп, сырласады. Заманның беталысын айтып, болжайтын тұстары да бар. Филология ғылымдарының докторы Уәлихан

Қалижанұлының «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» деп аталатын монографиясында [5, 19 б] осы бағыттың ірі өкілдерінің бірі ретінде М.Ж.Көпейұлының да әдеби мұралары жан-жақты көрсетілген. Сонымен қатар осы еңбекте Мәшһүр Жүсіптің саналы өмірінде дәретсіз жер баспағаны, отыз күн оразасын ұстап, бес уақыт намазын қаза етпегені, аузынан дұғасын, қолынан Құранын бірде бір рет тастамағанының өзі оның «Алланы бір, пайғамбарды хақ» деп танып, сол жолда еңбек еткендігін көреміз. Оны кеңес тәртібі ұлтшыл, діни ақын деп көрінде де тыныш жатқызбады. Алайда сол тәртіптің өзі келмеске кетіп, Алланы жырлаған, адам бойына шығармалары арқылы ізгілікті сепкен М.Ж. Көпейұлының мол мұрасы қайтып оралды. М.Көпейұлының 1907 жылы шыққан «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал ахуал», кезінде зиянды шығармалар қатарына енген «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» деген үш кітабы көпшілікке мәлім. Осы кітаптары Қазан қаласында шыққаннан кейін бес алты жылдан соң Ресей патшасының тиымына ұшырайды. Өзін де қуғынға ұшыратады. Сол қиянатты сезген ақын қолжазба дұшпандардың қолына іліккен жағдайда өшіріліп кететін құпияларды қарастырғандығын, кейбір қолжазбасын түкіріктеп, парақтау мүмкін емес, уы адам ағзасына зиянын тигізуі де мүмкін деп ата мұрасын зерттеуші ұрпақтары айтып жүр. Мәшһүр Жүсіптің өзі «Мес» деп атаған қолжазба дүниелері осылайша аман сақталып, оны аздап болса да пайдалануға мүмкіндік туды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы азаматтық тарихымызда ерекше орны бар тұлға. Оның мұрасы зерттеушілердің айтуына қарағанда, шамамен отыз томды құрайды екен. Өкінішке қарай, осы еңбек халыққа там-тұмдап қана жетті. Бұлай болуының бірнеше себебі бар-дейді белгілі алаш зерттеушісі Д.Қамзабекұлы [4, 28 б]. Біріншіден, Мәшһүр мұралары халық мүддесіне, яғни ой санасын оятуға, тілін әлсіреттеп, ділін құрметтеуге сай жазылғандықтан әсіре идеология одан ат тонын ала қашты. Діншілдік сарын, ұлтшылдық бағыт іздеп әуре болды. Екіншіден, Мәшһүр мұрасы ескі қаріппен жазылғандықтан,

ғалымдардың өзі оны жеткілікті дәрежеде оқи алмады. Үшіншіден, бойымыздағы ертең де күн бар ғой деген самарқаулық Мәшһүр мұрасын тануды кейіндете берді. Тіпті Мәшһүр Жүсіптің аты атаусыз қалды. Патша заманынан біраз қуғын-сүргін көрген ақынды кеңес үкіметі де маңдайынан сипамады. 1940-50 жылдары Көпейұлы шығармалары мектеп бағдарламасында оқытыла бастағанымен, елуінші жылдар басындағы ұлтшылдықпен күрес науқанында оның шығармалары алынып тасталды. Мұндай нәубеттен мұсылманша сауатты кісілер, араб қарпімен жазылған кітаптар мен қолжазба мұралар да аман қалмай, тоз-тозы шыққаны белгілі. Осы кезде өзінің көзі тірі кезінде салдырған кесенесінің үкімет нұсқауымен қиратылуы да адам рухына жасалған қиянат еді. Елуінші жылдардың ортасында шығармалары жоғары оқу орындарының хрестоматиясына енгізіліп, газет-журнал беттерінде жариялана бастады. Мәшһүр Жүсіптің мол мұрасын С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті бірнеше том етіп 2008 жылы баспадан шығарды. Сол мол мұраның ішінде «Мұхаммедке (с.ғ.с.) пайғамбарлық келгені», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті» сынды туындылары ислам діні, мұсылман парызы, Алланың ризашылығы хақындағы ойлар мен толғаныстарға, өмір тәжірибелеріне толы. Алла бір, Құран рас, Пайғамбар(с.ғ.с.) хақ екені кеңінен көрініс береді. «Бес парыз» – Ислам дінін, бір Алланың ісін, осы жолдағы рақым, ықылас сипаттарын кеңінен ашады. Исламның бес парызы – Иман, Намаз, Ораза, Зекет, қажылық оның адамға, өмірі мен еңбегіне әсер-ықпалы, жан-жақты сөз болады. «Нақыл өлеңдер» топтамасына енген «Бес қымбат», «Дауасыз дерт», «Төрттағандар» туындыларында адами-имандылық мәселелерге кең орын беріледі. Әсіресе, әдеп, иман, ғақыл, сабыр, шүкір сынды жекелеген сөздер сыры мен ғибраты, соған адалдық таныту мұраттары кеңінен қозғалады. Өмір мәні, сыры ашылады. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы негізінен діни ағартушы ақын. «Дін» деген ұғымның тек қана жақсылықпен жанасатыны және адамды ізгілікке, бөлінбейтін бірлікке, бүтіндікке, адалдыққа

тәрбиелейтіні белгілі. Әр халықтың дүниетанымдық ерекшелігі, таным түсінігіне орай ол белгілі деңгейде ұлттық санаға да әсерін тигізбей қоймайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз поэзиясына дінді тұғыр етіп, сол арқылы ағартушылық азатшылдық ойын білдіре отырып, бірлікке, білімге, ғылымға үндеп, адамгершілікті насихаттау арқылы қоғамдық маңызы бар ой айтқан. Осы тұрғыдан келгенде ұлы ойшыл, ғалым шығармашылығындағы діни -рухани -мәдени өмірді өркендетуге үндеудегі басты бағытбағдар».

Мәшһүр Жүсіп - өзі өмір сүрген замананың барлық өзекті мәселелерін, қоғамдық келеңсіздіктерді, бүкіл қазақ халқының тұрмыс тіршілігін шығармаларында кеңірек тоқталып, жан жақты қырынан ашып көрсете білген қаламгер. Әрбір туындысында өткен ғасырдың басындағы оқиғалардың үнін естуге болады. Сондай өлеңдерінің бір тобы діни ағартушылық бағытта жазылды. Қоғамда орын алып жатқан олқылықтарды терең түсінген азаттыққа, бостандыққа үгіттеген өлеңдері осыған дәлел бола алады. Үгіт, насихат сарынында жазылса да бұл өлеңдердің астарында халықты оқу-білімге, өнерге шақырғанын аңғаруға болады. Осы өлеңдерінің табиғатынан көркемдік ерекшеліктерді молынан байқай аламыз.

Ағартушылық бағытта жазылған туындыларына мына шығармаларын жатқыза аламыз: «Қара өлең», «Адам екі түрлі», «Жалқаулар туралы айтқаны», «Жеткізер құдай, пенде қылса талап», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол». Публицистикасының тақырыптары да әртүрлі: оқу-ағарту, элеуметтік мәселелер, қоғамдық жағдай т.б. Осы қатарға «Ғылым-білім» еңбегін жатқызамыз.

«Қара өлең» өлеңінде:

Жатқандай тәтті ұйқыда қазақ халқы,

Айырылмай жақсы менен жаман парқы.

Баласы дін мұсылман, ояныңдар,

Көрінер өз пайдасы, жұрттың нарқы!

Осы өлең жолдарынан бірнеше мәселенің қозғалғанын

аңғарамыз. «Тәтті ұйқы», «жақсы менен жаман парқы», «ояныңдар» деген сөз қолданыстары ақынның өзіне тән ерекшеліктерінің бірі. Зерделесек, ғұламаның ұлттық өрнекті шебер пайдаланғанын көреміз. Жастайынан білім, ғылымға сусындап өскен, шығыс әдебиетін көп оқығаны, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауы өз кезегінде ақынның өнеріне, дарынына да әсерін тигізді. «Тәтті ұйқы» қолданымы сол кезеңдегі адамдарға түсінікті, жақын ұғым. Профессор Қуандық Пазылұлы ғылыми еңбегінде Мәшһүр Жүсіп пен Абайдың шығармашылығын салыстыра зерттеп, «ұйқы», «ұйықтау» сөздерін пайдалану ерекшеліктерін атап өтеді. Екі ақынның да сөз зергері екенін, балама қолданудағы үндестіктері деп атап өтеді. Абайда да осы қолданыстар бар. Бұл мысалда «ұйықтау» бүкіл халықтың қараңғылығын, кенбістігін білдіріп тұр. Ал «ояныңдар» сөз қолданысы арқылы «ұйықтауға» қарама қарсы қолданып, халықтың ойын өзгертуге, көзін ашуға, білімге шақыруға тырысады. Бұдан басқа:

Бәрі де бірауызды болып жатыр,
Оянып бізден басқа халықтың бәрі.
...Оянып бір басыңды көтерсейші,
Шырадай бір ашылсын көзім жанып.

- деген өлең жолдары да бар. Қарап отырсақ, басқа халықтың бәрі оянды дегенде олардың сана сезімі, білімі жоғары екенін байқатады. Екінші жолдарда ұйқыдан оянып, күрес жолына түскендерін қалайды. Көріп отырғанымыздай бір оқығаннан үгіт, насихат сарынында көрінгенімен, астарында халықты оқуға, білімге, өнерге шақырғанын байқаймыз. Осы қолданыстарды жақсы менен жаманның парқын ажырата білу өрнектерімен қатар алып ұлттық нақышпен байланыстырады. Сөзді ауыспалы мағынада қолдану, ұлттық нақышпен әдемі үйлестіру, өзіндік сөз қолданыстарын ұтымды айтумен халықты «ояту» ақынның ағартушылық мақсатын танытады. Осы ойын әрі қарай дамыта түсіп былай дейді:

Өнерге, ғылым-білім, болсаң жерік,

Берілер ақыр бір күн басыңа ерік.

Көп жұртты көз жасыңа қылсаң қуә,

Табылар мұңлы-зарлы саған серік [3].

Бұл өлеңінде жұртты еңбек етіп, бостандыққа ұмтылуға ғана шақырып қоймай, осы тығырықтан шығатын бірден бір жол оқу, білімде деген қағидасын ашып айтады. Алғашқы екі жолдағы сөз қолданыстарын қазіргі заманда да өмірлік ұстаным ретінде алып қарауға болады. Өлеңнің дүниеге келгенінен бір ғасырдай уақыт өтсе де әлі күнге шейін өзінің маңыздылығын, өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі техниканың, ғаламтордың заманында бұл өлең жолдарын халықты, әсіресе жастарды оқуға, білімге, ғылымға шақырудың ұраны ретінде қолдансақ артық етпес. Өміршең дүниелер ешқашан өшпейді. Бірнеше ғасыр бұрын өзекті болды, қазір де өзекті және болашақта да бұл сөз қолданыстарының өзекті боларына күмәніміз жоқ. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығын зерттеген ғалымдардың бірі Бейсембай Кенжебаев «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» еңбегінде ақынды ағартушы демократ бағыттағы жазушылардың бірі ретінде қарастырады. 1907 жылы жарық көрген үш кітабына да жеке-жеке тоқталып, Мәшһүр Жүсіп шығармаларының басты тақырыптары ретінде әлеуметтік келеңсіздіктерді, би болыстарды сынау, халықты ояту, өнер білімге, мәдениеті жоғары ел болуға, ғылымға шақыруын жоғары бағалайды [3, 39 б].

Мәшһүрдің ағартушылық бағыттағы ақын екенін өзінің өмірбаянын жырлаған өлеңдерінен көре аламыз. Жастайынан оқу-білімге сусындап өскен ол «Мәшһүр атты қалай алғандығы туралы» өлеңінде былай дейді:

...Кеудеге он бес жаста ғылым толды

Толыммен тасып кетіп өлең қонды.

Ақындық өнерін қашан қонғандығын жырлай отыра ғылымнан да хабары ерте болғанын көрсетеді. Өзі де ғылымнан хабардар, кітап бастыру ісімен айналысқан, медресені аяқтаған соң бала оқытумен айналысқан шайыр ел өмірінде ғылым мен білімнің

алатын орнын, маңызын, пайдасын терең түсініп пайымдайды. «Қалмады ойлай ойлай басымда ми» атты өлеңінде сол ойын былай дәлелдейді:

Ғылым біл, жұмыс істе, оған серік,
Жарлыға мал, бұл ғылым байға керік!
Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,
Өлік біл, оны жан деп білме тірік! [3].

Бұл өлең жолдарында ғылымның адамды көркейтер ерекше күш, өзін сыйлы ететін, қадір қасиетін танытатын ғажап дүние екенін, ғылымға бет бұрса рухани тұрғыдан байитынын тілге тиек етеді. Тіпті білімсіз, өнерсіздерді өліктердің қатарына қосуға болады деп ұйқыдан ояту үшін нық-нық сөйлейді.

Өнерге өзіңді-өзің ерте баулы,
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы [3]

- деп өнерге жақын болу керектігін айтады. Бұл тұста ақын бейнелеу тәсілдерін сәтті қолданған. «Жастықтың ауылы» деталін қазақтың болмысымен байланыстырып яғни көшпенді қазақтың өмірінде ауылдың тез жиналып, тез қоныс аударуын жастық шақтың тез өтіп кетуімен салыстырған. Бұдан басқа осы өлеңде ақын шығармашылығына тән ерекшіліктердің бірі - дерексізді заттандыру жиі қолданылады. Мәшһүрдің бұл ойын Абайдан да табамыз:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Ғылым білімнің бір орнында тұрақтамай үнемі дамып отыратыны, ғылым-білімді ерте іздеп еңбектенбей кеш қалған соң қанша тырыссаң да жете алмайтыныңды басты назарға алады. Тауы шағылып, екінбес үшін жастықтың қайратымен өнер, білім, ғылым іздеуге шақырады. Екі ғұламаның өлеңдерінен үндестікті, дәстүр жалғастығының байланысын көреміз. Мәшһүр Жүсіп - негізінен діни ағартушы ақын. Шығармаларындағы басты желі діни таным төңірегінде өрбіп отырады. Діни таным ақынның әрбір

азатшылдық, тәуелсіздік ұғымдарына тірек қызметін атқарады. Күрес жолында да, «ұйқыдан ояну» жолында да әрбір күресті, бірлікті діни таныммен, Аллаға деген сүйіспеншілікпен байланыстырып отырады. Яғни діни-ағартушылық идеясы мен азатшылдық идеясы бір бірімен тығыз байланысты. Бүкіл шығармашылығының өн бойынан желі боп тарап отырады. Мысалы «Адам екі түрлі» өлеңінде:

Ораза, намаз пенденің міндетті ісі,
Құтылар қарызынан қылған кісі.
Жалғанда артық сауап қайыр екен,
Қылуға қайыр, ықсан жетсе күші! [6, 56 б]

Діни сауаты бар адамның көзі ашық, көкірегі ояу, сауап алатын мүмкіндігі жоғары екенін дәріптейді. Бұл өлеңінің мазмұнында адамның бойынан табылатын жақсы, жаман мінездерді тізіп жақсылық, қайырымдылық жасау, қайырсыз, зарарлы болудың неге әкеліп соқтыратыны баяндалады. Әр нәрсенің өзіне лайық бағамы, теңі бар деген қағиданы алған тартып иманның он шартын атап өтеді. Түйінінде қайырымдылық жасаудан асқан жақсылық деген түйеді. Осылайша мұсылман қауымға діни сауаттылықтың пайдасы мен маңызын түсіндіріп өтеді. Бұдан басқа да бірнеше шығармаларында ақын діни сауаттылық бағытын үгіт-насихатпен, азатшылдық идеясымен ербітіп отырады. Мысал жанрында да осы бағыттағы шығармалары көп. «Жарты нан хикаясы» атты мысал өлеңі осы ойымызға дәлел бола алады. Ислам дінінің бес парызын дәріптейтін «Бес парыз» деген өлеңі бар, бірнеше қиссалары бар. Мәшһүр шығармашылығының арқауындағы дін оның әрбір айтар ойына тірек қызметін атқарады. Осы жайында Ө.Әбдиманұлы былай дейді: «Діни бағыттағы ақын-жазушылар да орыстың езгісінде езіліп, діні мен имандылығынан айырылып, «ұйқышыл» халде күн кешкен қазақты оятуға тырысты. Бұлар негізінен идея ретінде діни ағартуды ұстанды» [7, 116 б]. «Шайтанның саудасы», «Сәйгелді, сона, бөгелек» туындыларында да Мәшһүр Жүсіп діни ағартушылық шеңберінен алыстамай, қайта сол бағытты, тенденцияны жалғыстыра түскенін аңғарамыз. Адам бойындағы

адамгершілікке жат қылықтардан жиіркеніп, оларды ашына суреттеген өлеңдері де бар. «Жалқаулар туралы айтқаны», «Кедей болады кері кеткен, ұйқысы мол», «Жеткізер, құдай, пенде, қылса талап» және т.б. өлеңдерінен осы сипат айқын аңғарылады. Бұл шығармаларында:

Балалар, жалқау болмай оқы сабақ,
Ашылмас оқымасаң көз бен қабақ.
Айрылса оқу оқып, білгенінен,

Біз оны деп айтамыз, «Арамтамақ!» – деп жастарды ерінбей еңбек етуге, оқу, білімге құштар болып сауаттарын ашуға, сол арқылы алға ұмтылуды үгіттейді [8, 36 б]. Ақынның халықты оқуға, білімге шақырған идеясы өлеңдерінің мазмұнынан ғана емес, сондай ақ түрлі көркемдеуіш құралдарынан да көрініс табады. Жоғарыда айтылған дерексізді заттандыру, деталь, баламаларды қолданудан басқа символдардың маңызы бар. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдерінің жанрлық стильдік ерекшелігіне байланысты ғылыми еңбек жазған профессор М.Н.Баратова бұлардың қатарына «нұр», «күн», «түн», «қараңғы», «жарық» сөздерін жатқызады [8, 39 б]. Мысалы:

Қамалып өмір бойы қалған түнге,
Қадалып қарай қарай ай мен күнге.
Жарығы бұл дүниенің тайып кетсе,
Қараңғы, бір қонарсың, шамсыз қосқа.

Бұл ақынның шығармашылығының алуан түрлілігін көрсетеді. Қай тақырыпта өлең жазса да әрқайсысының астарында бір мағына бар. Үгіт-насихат өлеңдерінде діни ағартушылық бағыты көрінсе, мысал өлеңдерінен де осыны байқауға болады. Тәлім-тәрбие, азатшылдық идея да көрініс береді. Әр туындысынан оқырман өзіне қажетін ала алады. Әрбір тақырыпты бір-бірімен әдемі келістіре білген ақын шығармаларын бейнелеу құралдарымен де байытқан. Жоғарыда келтірілген үзінділер осы пікірімізге дәлел.

Сонымен ,Мәшһүр Жүсіп – әдебиет әлемінде өзіндік орнын белгілеген ірі діни ағартушы ақын [9]. Бұл пікірімізді

өлеңдерінің болмысымен, табиғатымен, ақынның өзіне шеберлігімен дәлелдей аламыз. Діни ағартушылық бағыт – қаламгердің көп томдық шығармаларының ішінен жеке, дара бөлек тұратын тақырып. Арасында қазіргі күнде де өмірлік ұстанымға айнала алатын жеке авторлық сөз қолданыстары, мазмұнымен оқырманы баурап алатын мағыналы өлеңдері, басқа тақырыпты қозғай отыра діни-ағартушылық бағытты ұтымды байланыстырып қолданған шеберліктері қазіргі заманда да өзекті әрі қызықты. Құндылығын жоғалтпады.

«Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғұмырын ғылым-білімге сарп қылсын. Ғылым-білімге ғұмырын сарп қылмаған пенденің жаны өлік сияқты. Өзі өліп жатқан өлікті кім керек қылады» деумен адамзатқа өлмес сөз, өшпес өнеге айтқан зерделі ақынның өзі де өмір бойы ғылым-білімге ұмтылып, өмірі ізденіспен өткен екен. Не табылса да ғылым білімнен табылады деп, қараңғылық түнегінен жол таба алмай дағдарысқа түскен жұртына өлеңмен үндеу тастап, ғылым-білім арқылы халқын оянуға шақырады, азаттықты насихаттайды.

Мәшһүр Жүсіп – діни ағартушы ақын. Бұл ерекшелікті біз ақынның кез келген туындысының желісінен таба аламыз. Ол өзінің діни танымдық ойларын шығармашылығында орын алған басқа тақырыптардың негізімен ұштастырып, байланыстыра білген. Шығармашылығының негізгі тақырыптық желісі халық, ел жұрт. Осыдан келіп басқа тақырыптары шығады. Нені жырласа да, нені айтса да шығармасының өзегінде халық тұрды. Діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларына тән белгілері – оның діни дүниетанымы, түсінігі бүкіл шығармашылығының өн бойынан айқын көрініс беруі.

Ұсыныстар:

1. Әлеуметтік желілерде және Бұқаралық ақпарат құралдарында Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы кеңінен қолданылып, дәріптелсе;
2. Білім мекемелерінде болашақта Мәшһүр Жүсіпке арналған танымдық бағдарламалар орын алса;

3. Мектептерде оқу бағдарламасына Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы енгізілсе;

4. Мектептерде Мәшһүр Жүсіп пен басқа шығыс классиктері мен ақындарының шығармашылығына салыстырмалы талдау жасалынса.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдиманұлы Ө., Шортанбаев Ш., ХХ ғасыр басындағы әдебиет. Электронды оқу құралы. – Алматы, 2017.
2. Әміренов Ә.Д. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. / Ә.Д. Әміренов. – Павлодар: ПМПИ, 2016. – 175 б.
3. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – 535 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1 том. Павлодар қ.: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 436 б.
5. Әбдиманұлы Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900–1940): оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 156 б.
6. Сүтжанов С.Н. Мәшһүртану курсы: оқу құралы. / С.Н.Сүтжанов. –Павлодар: ПМПУ, 2019. – Изд.2-е, доп. – 99 б.
7. Баратова М.Н. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі. Оқу құрал. – Павлодар: Brandprint, 2010. – 256 б.
8. Қонарбаев А. Ағартушы ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2014. – 80 б.
9. Тұрысбек Р.М.Ж.Көпейұлы шығармашылығындағы адами-имандылық мәселелер.//Дін және қоғам қайраткері Халифа Алтай: Елдік іс пен Имани құндылықтар.

ҮЙДЕ ГИДРОПОНИКА ӘДІСІ АРҚЫЛЫ БӘРІН ӨСІРУГЕ БОЛАДЫ

Жақсылықкеліні Ұлжан Ақмолдақызы

№89 IT мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі, Шымкент қаласы,
Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Ғылыми жұмыста өсімдіктерді топырақсыз, яғни гидропоника әдісі арқылы өсірудің тиімділігі мен ерекшеліктері қарастырылады. Гидропоника – өсімдіктің тамыр жүйесі арнайы дайындалған қоректік ерітіндіде орналасатын жасанды ортада өсіру тәсілі. Бұл әдіс арқылы бұрыш, қызанақ, қияр, салат, жидек, гүл және басқа да өсімдіктерді үй жағдайында өсіруге болады. Зерттеу барысында гидропониканың су дақылды, агрегатопоника және хемопоника секілді түрлері сипатталып, олардың айырмашылықтары мен қолдану ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен қатар, мустанг қыша жапырағын гидропоника және дәстүрлі топырақ әдістерімен өсіру нәтижелері салыстырылып, әр әдістің артықшылықтары мен кемшіліктері анықталды. Гидропоника сапалы топырақ тапшылығы мәселесін шешуге, өсімдіктерді арамшөптер мен зиянкестерден қорғауға, өнімділікті арттыруға және су мен тыңайтқышты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолдану арқылы шектеулі кеңістікте көп мөлшерде өнім алуға болады.

Түйін сөздер: Гидропоника, топырақсыз әдіс, өсімдік өсіру, мустанг қыша жапырағы, қоректік ерітінді, агрегатопоника, хемопоника, тыңайтқыш, өнімділік, үй жағдайындағы егіншілік.



Гидропоника (гр. *hydor*– су, *ponos* – жұмыс)–жасанды ортада топырақсыз өсімдіктерді өсіру тәсілі Ол қоректік заттарды судағы ерітіндіден алады. Топырақсыз өсімдікті өсірудің бірнеше тәсілі бар. Өртүрлі жабық, ашық грунттарда бұрыш, гүл, қияр, жидек, қызанақ, жүзім, салат өсіруде қолданылады. Гидропоникада пайдаланатын сұйықтықтар яғни ертінділер құрамы өсімдіктердің биологиялық қасиетіне қарай әр түрлі болады. Өсімдік тамыры сұйық ерітіндіде ауытқымай тұру үшін әр түрлі керамзит, құм және т.б. пайдаланылады. қажетті ауа өсімдікке желдеткіш арқылы беріліп тұрады.

Гидропоника– өсімдіктерді топырақсыз жасанды ортада өсіру екендігі айқындалды– Өсімдік өзіне қажетті қоректік заттарды сулы ерітіндіден алады. Онда өсімдік тамыры арнайы дайындалған субстратта (топырақ орнына қолданылатын заттар) орналасады. Гидропониканың бірнеше түрі бар: су дақылды. Гидропоника – тамыр жүйесінің тіршілік ортасы – минералдық тұздардың судағы ерітіндісі; агрегатопоника – қатты агрегатты субстратта (қиыршықтас, керамзит, вермикулит, шлак, материалдар) дақыл өсіру; хемопоника –менералдық тыңайтқыштардың ерітіндісімен ылғалдандырылатын органик. субстратта дақыл өсіреді. Тамыр жүйесінің тіршілік ортасы – борпылдақ органик материалдары қолданылады. Гидропониканың артықшылығы: бір қалыпты қоректендіру мүмкіндігі, автоматиканы кеңінен пайдалануға болады, бұл әдіспен өндірілетін көкөніс дақылдары топырақта өсірілетін дақылдарға қарағанда өнімді ертерек береді

Жалпы өнімділігі де жоғары болады. Кемшіліктері: қоректік ерітінді жасап, оны жылыжайдағы өсімдікке беретін механизмдер мен құрал-жабдықтар қымбатқа түседі.

Гидропоника сапалы топырақтың жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Гидропониканы қолдану топырақты өңдеуге, арамшөптер мен зиянкестерден қорғауға арналған қаржылық шығындарды төмендетеді, шектеулі отырғызу алаңында өсімдіктердің көп санын өсіруге

мүмкіндік береді. Су мен минералды тыңайтқыштар оларды бірнеше рет пайдалану есебінен ұтымды жұмсалады.

гидропоника әдісін зерттеу, сондай-ақ мұстанг қыша жапырығының топырақ және топырақтық өсіру әдістерін талдау және салыстыру болып табылады.

Гидропоника-бұл өсімдіктерді жасанды ортада топырақсыз өсіру тәсілі. Мұнда өсімдіктер қажетті қоректік заттарды қажетті мөлшерде және де дәл пропорцияда ерітіндіден (судан) алады. Гидропониканы көптеген ғалымдар адамзатқа азық-түлік пен ауыз судың жетіспеуі мәселесін шешуге көмектесетін болашақ технологиясы деп санайды. Бұл жұмыста гидропоника әдістерін қолдана отырып, өсімдіктерді өсіру үшін субстрат ретінде қандай заманауи материалдарды қолданатындығымызды қарастырамыз.

Көптеген өсімдіктер өсірілгенмен, олар әдетте, қолданылатын сыйымдылықтар көлемінің шектеулігіне байланысты топырақтан, өз дамуына қажетті минералдық заттарды алмайды. Іс жүзінде мұндай шектеу барлық өсімдіктердің дамуына өте теріс әсер ететіндіктен, жиі қоректендіруге және қайта отырғызуға мәжбүрлік туындайды. Осы кедергіден шығу жолы, тек гидропон әдісіне өту.

Ежелгі уақыттан бастап пайдалы дақылдар жерде өсірілді. Бірақ, белгілі болғандай, топырақ уақыт өте құнарсызданып кетеді, ал минералды құрамды жаңарту үшін уақыт қажет оның үстіне, адамзаттың қажеттіліктерімен мұны жасау өте қиын. Мұндай тұрақты өсіру, отырғызулар кезіндегі тыңайтқыштың молдығы, көптеген елдерде топырақтың тек қана зиянды заттармен қанығуына алып келді және құрамында да пайдалы ештеңе жоқ.

Гидропоника сапалы топырақтың жетіспеушілігі мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Гидропоника-бұл топырақсыз түрлі дақылдарды өсіру. Оны жүзеге асыру үшін арнайы құрылыстар, үлкен және кіші көлемдегі құрылымдар – олар қандай дақылдарға, санына және қайда пайдаланылуына байланысты жасалады. Гидропоника өсуді жеделдетуге және алынатын дақылдардың сапасын арттыруға бағытталған. Бұл көбінесе қоректік ерітіндісі (немесе су) бар

ыдыс сияқты, ол тормен немесе көшеттің астындағы тесіктері бар пенопластпен жабылған.

Торға кокос талшығы, шымтезек, мүк, керамзит, вермикулит сияқты субстрат салынады. Бұл субстратқа өсімдіктер тұқымын себеді. Түбектегі дақыл өсеу үшін тор және субстраттың өзі қоректік ерітіндімен (немесе сумен) суланады. Егер пенопласт пайдаланылса, онда субстрат қажет емес, өйткені жасалған тесіктерден, тамырлары суға тиіп тұрадындай, ал сабақтары пенопласт үстінде болатындай етіп көшеттерді түсіреді



Үйде гидропоника әдісі арқылы бәрін өсіруге болады

Үйде гидропоника сияқты технологияның көмегімен, жаңа асқөктер күн сайын үстелде болады. Гидропониканың үйде өсімдік өсіру әдістерінің барлық басқа әдістер арасында маңызды орын алуға лайықты. Өз қолдарымен өсірілген өсімдіктер-экологиялық таза өнім.

Гидропонды өсіру әдетте өсу факторларын (температура, жарық, ылғалдылық, қоректік заттар мен су) барынша бақылау үшін жылыжай шаруашылықтарымен үйлеседі. Салатты гидропоника өсіру коммерциялық және үй өндірушілері үшін де танымал іс болып табылады: оны бақыланатын ортада жыл бойы өнім өсіруге болады.

Өсімдіктер морфологиясы, фитоморфология, өсімдіктердің жеке және Эволюциялық-тарихи дамуындағы қалыптасу процестері мен құрылысының заңдылықтары туралы ғылым. Ботаниканың маңызды бөлімдерінің бірі. Морфологиялық зерттеулердің негізгі әдістері – сипаттау, салыстырмалы және эксперименттік. Біріншісі

органдардың нысандары мен олардың жүйелерінің сипаттамасынан тұрады (органография). Екіншісі-сипаттама материалының жіктелуінде; сондай-ақ ағза мен оның мүшелерінің жас өзгерістерін зерттеуде (салыстырмалы-онтогенетикалық әдіс), ағзалардың эволюциясын әртүрлі жүйелі топтардың есімдіктерінде салыстыру арқылы анықтау кезінде (салыстырмалы-филогенетикалық әдіс), сыртқы ортаның әсерін зерттеу кезінде (салыстырмалы-экологиялық әдіс) қолданылады. Соңғы, үшінші-эксперименттік әдістің көмегімен жасанды түрде сыртқы жағдайлардың бақыланатын кешендері құрылады және оларға есімдіктердің морфологиялық реакциясы зерттеледі, сондай-ақ хирургиялық араласу арқылы тірі есімдіктер мүшелерінің арасындағы ішкі өзара байланыс зерттеледі.

Жапырақ-бұл ең маңызды функциялары фотосинтез, газ алмасу және транспирация болып табылатын есімдіктердің жоғары вегетативті бүйірлік органы. Фотосинтез процесінде күннің сәулелі энергиясы органикалық қосылыстардың химиялық байланыстарының энергиясына айналады. Газ алмасу арқасында атмосферадағы O_2 және CO_2 шоғырлануының салыстырмалы тұрақтылығы сақталады, аэробты организмдердің өмір сүруіне жағдай жасалады. Транспирация жапырақтың судың әсерінен булануы. Ол су, минералды және органикалық заттардың қозғалу механизмдерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, жапырақ қоректік заттардың қорына, метаболизм өнімдерінің бөлінуіне, көбеюіне қатысады.

Түскен жапырақтар тамырларды мұздатудан қорғайды, ал шіріген кезде топырақты қоректік заттармен байытады. Жапырақтары биоценоздағы тамақтану тізбегінде үлкен маңызға ие. Олардың ішінде көмірсулар, ақуыздар, фосфолипидтер, микроэлементтер, витаминдер және басқа да пайдалы заттардың болуы арқасында олар жануарларға арналған құнды Жем, микроорганизмдер үшін қоректік орта болып табылады. Көкөніс жапырақтары (қырыққабат, салат, пияз, шпинат және т.б.) және пряновкус есімдіктері (Райхан, майоран, ақжелкен, балдыркөк және т. б.) кулинарияда кеңінен қолданылады. Қытайда, Үндістанда, Цейлонда және кейбір басқа

елдерде шай жапырағын өндіру ауыл шаруашылығының әлемдік экономикасында баға жетпес мәнге ие. Талшықтар парақтың маңызды бөлігі болып табылады. Анатомиялық жағынан олар парақты сумен, минералды және органикалық заттармен қамтамасыз ететін, сондай-ақ парақтан ассимиляция өнімдерінің әкетілуін қамтамасыз ететін өткізуші бумалар болып табылады.

Тамыры-бұл субстратта өсімдікті нығайту және одан су мен ерітілген минералды заттарды сіңіру үшін қызмет ететін өсімдіктің орталық мүшесі. Бұдан басқа, тамырында әртүрлі органикалық заттар синтезделіп, содан кейін ксилема тамырлары бойынша өсімдіктердің басқа мүшелеріне беріледі немесе тамырдың өзінде қалады. Жиі ол қосалқы қоректік заттарды сақтау орны болып табылады Тамырдың негізгі функциялары: тірек функциясы-өсімдікті топырақта бекітеді, судың және онда ерітілген минералдық заттардың топырақ ерітіндісінен сіңіруі, органикалық заттардың синтезі-тамыр жасушаларында өсімдіктер үшін маңызды қосылыстар (алкалоидтар, гормондар, аминқышқылдары) пайда болады, қоректік заттардың қоры тамыры- крахмалды, майды, вегетативтік көбеюді жинақтайды. Тамыр бөлшектерімен, бактериялармен, саңырауқұлақтармен симбиозды жүзеге асырылуы мүмкін. береді.



Нәтижесінде гидропоника өсімдіктерді өсіру жағдайларын

реттеуге мүмкіндік береді тамыр жүйесі үшін қоректену режимін құруға, ол өсімдіктердің қоректік элементтерге қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

Осылайша, гидропоника әдісімен неғұрлым нәтижелі және аз уақыт шығынымен қажетті дақылдарды өсіруге болады, бұл ботаника және агрохимия саласында жұмыс істейтін өнеркәсіптік және ғылыми кәсіпорындардың дамуына қолайлы әсер етуі мүмкін.

- Жиналған ақпаратты талдау барысында гидропоника өсімдік өсіру жағдайларын реттеуге мүмкіндік береді, тамыр жүйесі үшін қоректену режимін құруға мүмкіндік береді, ол өсімдіктердің қоректік элементтерінің қажеттілігін толық қамтамасыз етеді.

- Қоректік заттар бар су, су сорғысының көмегімен айналады. Осылайша, жүйе керамзиттің құрғауын және қайта үрленуін бақылауға мүмкіндік береді.

- Гидропон әдісімен өсіру үшін барлық қажетті жағдайларды дайындап, тәжірибе жүргізілді. Мұстанга өскіндерінің саны белгілі болды. Үлгілердің өсу барысында өлшеулер жүргізілді және өсу динамикасы жасалды.

- Осы жұмыстың нәтижелері бойынша келесі айырмашылықтар анықталды:

- гидропоникадағы, атап айтқанда керамзит пен қоректік ерітіндідегі өсімдіктердің өсу жылдамдығы едәуір жоғары, соның есебінен, қысқа мерзімде өсімдіктер өте үлкен мөлшерге жетті;

- қоректік заттар, оңай нысанда өсімдік тамырларына беріледі;

- сондай-ақ, гидропоника тамырлар үшін қоректену режимін жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Son J. E., Kim H. J., Ahn T. I. Hydroponic systems //Plant factory. – Academic Press, 2020. – С. 273-283.
2. Болсуновская Д. О., Потапчикова С. А. НУЖНА ЛИ ЗЕМЛЯ ДЛЯ ВЫРАЩИВАНИЯ ОВОЩЕЙ //Отв. за выпуск. – С. 11.
3. Wolf R. A. Soiless agricultural system and components therefore : пат. 4584791 США. – 1986.
4. Postma J., Van Os E. A., Kritzman G. Prevention of root diseases in closed soiless growing systems by microbial optimization //Mededelingen-Faculiteit Landbouwkundige en Toegepaste Biologische Wetenschappen Universiteit Gent (Belgium). – 1999.
5. Федоренко А. Как получить чудо-урожай с подоконника круглый год. – М. : АСТ; Кн. Двор, 2003.
6. Лазаревич С. В. Органография (лист). – 2009.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ПӘНДІК БІЛІМ БЕРУ МЕН БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жаксылыкова Т.С., Мухаметказина Г.С.

Абай облысы білім басқармасы Аягөз аудандық білім бөлімінің
«Қалалық көпбейінді қазақ мектеп-гимназиясы» КММ
Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Бастауыш сынып – оқушының тұлғалық дамуының, білім алуының және әлеуметтік ортаға бейімделуінің іргетасы қаланатын маңызды кезең. Осы кезеңде білім беру мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету мақсатында арнайы тәрбие бағдарламасын енгізу тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл бағдарлама оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуын қолдап, оларды адамгершілік пен моральдық құндылықтарды бойына сіңірген жауапты азамат ретінде қалыптастыруға бағытталған. Зерттеуде бастауыш сыныпта пәндік білім беруді біртұтас тәрбие бағдарламасымен ұштастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және пәндер арқылы тәрбиелік ықпал ету мұғалімнің басты міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Осылайша, бастауыш білім беру кезеңінде оқу бағдарламасы мен тәрбие әдістерін тиімді үйлестіру арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасау қажеттілігі айқындалады.

Түйінді сөздер: Бастауыш сынып, білім беру, тәрбие бағдарламасы, тұлғалық даму, адамгершілік құндылықтар, оқу-тәрбие үдерісі, педагогика, әлеуметтік бейімделу, оқыту әдістері, мұғалімнің рөлі. болады.



Бастауыш сынып – оқушының тұлғалық дамуының, білім алуының және әлеуметтік ортаға бейімделуінің негізі қаланатын кезең. Осы кезеңде біртұтас тәрбие беру бағдарламасын іске асыру ерекше маңызды. Бұл бағдарлама білім беру мен тәрбиелеудің бірлігін қамтамасыз етіп, оқушылардың тұлғалық, әлеуметтік және рухани дамуын қолдайды. Оның негізгі мақсаты – адамгершілік және моральдық құндылықтарды қалыптастыру, қоғамға жауапты азамат ретінде тәрбиелеу.

Білім берудің мазмұны мен тәрбие бағдарламасын ұштастыруды бастауыш сыныптағы әр пән арқылы жүзеге асыру – мұғалімнің маңызды міндеті.

Математика сабағы – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, аналитикалық түсінігін және практикалық дағдыларын дамыту үшін маңызды алаң. Біріншіден, математика сабағында пәндік білім мен дағдыларды меңгеру арқылы оқушылардың жауапкершілік, тәртіп және зейін қою сияқты қасиеттерін дамытуға болады. Мысалы, математикалық есептерді шешу барысында оқушылардың логикалық ойлауы, жүйелі жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Бұл қасиеттер өз кезегінде оқушылардың жеке өмірінде де маңызды рөл атқарады. Екіншіден, математика сабағында топтық жұмыстар, жобалар арқылы бірлесіп жұмыс істей білу дағдылары дамиды. Оқушылар бір-біріне көмек көрсетіп, өз пікірлерімен бөлісіп, ортақ шешімдер табуға үйренеді. Бұл әлеуметтік дағдыларды дамытуда және ұжымда жұмыс істей білуде маңызды. Үшіншіден, математика сабағы арқылы балаларда шығармашылық қабілеттерді дамыту мүмкіндігі бар. Мысалы, «Математика күнделікті өмірде», «Сен зерттеушісің», «Шығармашылық ізденіс» тұрғысында берілген есептер мен проблемаларды шешу барысында оқушылар өздерінің идеяларын, тәсілдерін қолдана алады. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады және оқуға деген ынтасын күшейтеді. Осылайша математика сабағында білім беру мен тәрбие бағдарламасын ұштастыру оқушылардың жан-жақты үйлесімді дамуына ықпал етеді. Мектепте математиканы оқыту – тек пәндік білім беру ғана емес,

сонымен қатар тұлғаның өмірлік дағдыларын қалыптастыруға әсер ететін маңызды процесс болып табылады.

Қазақ тілі сабағы – оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, мәдениет пен дәстүрді танытуға арналған маңызды оқу пәні. Білім беру мен тәрбие бағдарламасын ұштастыру, оқушылардың тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Қазақ тілі сабағында тілдік білім беру арқылы оқушылардың сөйлеу мәдениетін, сөздік қорын, грамматикалық құрылымдарды меңгеруіне ықпал етеміз. Бұл оқушылардың өз пікірін еркін жеткізуге, коммуникациялық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылардың тілдік білімдері арқылы мәдени және ұлттық құндылықтарды түсіну қабілеті артады. Поэзия, проза, халық ертегілері мен аңыздар арқылы ұлттық мұраны насихаттап, оқушылардың елге, жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастырамыз. Әдеби шығармаларды талдау барысында оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамиды. Шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқын талдау, оларға қатысты өз пікірлерін білдіру арқылы моральдық және этикалық құндылықтардың қалыптасуына жол ашылады. Сондай-ақ, қазақ тілі сабағында топтық жұмыстар мен жобалық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға болады. Оқушылар бірлесіп тапсырмаларды орындап, пікір алмасу арқылы әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, қазақ тілі сабағының тәрбие аспектілері – ұлттық мәдениет, дәстүрлер және адамгершілік құндылықтарды таныту. Оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту арқылы оларды азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу – бүгінгі күннің маңызды міндеті.

Әдебиеттік оқу сабағы – оқушылардың тілдік, әдебиеттік және мәдениеттанымдық білімдерін дамытуға бағытталған маңызды пән. Бұл сабақта пәндік білім мен тәрбиені ұштастыру оқушылардың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің артуына ықпал етеді. Әдеби шығармаларды талдау арқылы оқушылардың тілдік дағдылары, сөздік қоры, грамматикалық құрылымдары қалыптасады. Әдебиет арқылы адамның эмоциялары, сезімдері, және өмірлік тәжірибелері таныстырылады, бұл оқушылардың эмоционалдық интеллектісін дамытуға көмектеседі. Шығармаларды оқу барысында

балалардың сыни ойлау қабілеті дамиды. Олар мәтіннің терең мағынасын, негізгі идеясын, автордың ойын, әдеби тәсілдерді түсіну арқылы өз пікірлерін қорғай алатын деңгейге көтеріледі. Топтық талқылаулар, пікір алмасулар және әдеби шығармаларды сахналау оқушылардың әлеуметтік дағдыларын арттырады. Әдебиеттік оқу сабағы ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді насихаттауда ерекше рөл атқарады. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің озық үлгілерін таныстыру оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады. Мысалы, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын талдау барысында, ұлттық сана-сезім қалыптасады. Оқушылар әдеби кейіпкерлер арқылы өмірлік сабақтар алады, бұл олардың адамгершілік тұрғысынан қалыптасуына ықпал етеді.

Жаратылыстану сабағында білім беру мен біртұтас тәрбие бағдарламасы элементтерін ұштастырудың маңызы зор. Жаратылыстану пәні- оқушыларға табиғат туралы терең түсінік беретін, ғылыми әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік туғызатын маңызды пән.

Жаратылыстану сабағында ғылыми білім мен тәжірибелік дағдыларды меңгеру арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті қалыптасады. Табиғат құбылыстарын зерттеу, эксперименттер жасау арқылы олар логикалық ойлауға, мәселелерді шешуге үйренеді. Мысалы, экологиялық проблемаларды талқылау барысында оқушылардың бойында жауапкершілік пен қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімі қалыптасады. Сабақта топтық жұмыстар мен оқу-зерттеу әдістерін қолдану оқушылардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Олар бірлесіп жұмыс істей отырып, өзара пікір алмасу, идеяларын бөлісу арқылы әлеуметтік дағдыларын жетілдіреді. Сондай-ақ, осы пән арқылы ұлттық және әлемдік ғылым жетістіктерін таныстыру, оқушыларда ғылыми қызығушылықты арттырады. Ғылым тарихы мен ғылыми тұлғаларды зерттеу балалардың азаматтық санасын қалыптастыруға, ұлттық мақтаныш сезімін оятуға ықпал етеді. Қорыта айтқанда, жаратылыстану сабағында білім беру мен біртұтас тәрбие бағдарламасын ұштастыру, оқушылардың жан-жақты дамуына, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына, қоршаған ортаға құрметпен қарай

отырып, табиғатты қорғау мәселесіндегі экологиялық жауапкершіліктің артуына септігін тигізеді.

Дүниетану сабағы – оқушылардың әлемді, қоғамды, табиғатты және адамды тануына мүмкіндік беретін, тұлғаның бойында әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал ететін пән. Пәндік білім беру арқылы оқушылардың табиғат, қоғам және адам туралы жүйелі түсініктерін қалыптастыруға болады. Бұл білім оларды логикалық ойлауға, сыни көзқараспен қарауға, және өз пікірлерін еркін білдіруге үйретеді. Мысалы, экологиялық мәселелерді қарастыру барысында, оқушылар қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімдері дамиды. Сабақта жобалық және топтық жұмыстарды қолдану арқылы балалардың командалық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады. Олар бірлесіп зерттеу жүргізіп, ақпарат жинап, нәтижелерін ортаға салып, пікір алмаса отырып, әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді. Дүниетану сабағының тәрбие аспектілері – ұлттық мәдениет, салт-дәстүр және адамгершілік құндылықтарды насихаттау. Оқушылар тарихи және мәдени мұрамен таныса отырып, өз елінің тарихына, мәдениетіне деген мақтанш сезімін қалыптастырады. Балаларға әлемнің әртүрлілігі мен көпқұрылымдылығын түсінуге көмектеседі. Әр халықтың мәдениетін, дәстүрлерін және құндылықтарын таныстыру арқылы оқушыларда толеранттылық, құрмет, ынтымақтастық сезімдерін дамыту мүмкіндігі пайда болады. Сонымен, дүниетану сабағында білім беру мен біртұтас тәрбие бағдарламасын ұштастыру, оқушылардың жан-жақты дамуы мен жауапкершілік сезімінің артуына, ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына оң ықпал етеді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы – білім беру жүйесінің негізі, әр баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына негіз қалаушы. Осылайша, бұл бағдарлама білім беру жүйесінің сапасын арттырып, қоғамның дамуына үлкен үлес қосады. Біздің міндетіміз – осы бағдарламаны тиімді іске асыру арқылы болашақ ұрпақты жан-жақты және бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Выготский, Л. С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991.
2. Брунер, Дж. Процесс обучения. – М.: Просвещение, 1977.
3. Сухомлинский, В. А. Сердце отдаю детям. – М.: Педагогика, 1981.
4. Құнанбаев, А. Ғақлия сөздер (қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 2019.
5. Аймауытов, Ж. Психология және тәрбие. – Алматы: Ана тілі, 1995.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім беру стандарты. – Астана, 2022.
7. Тәжібаева, С. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері. – Алматы: Рауан, 2017.
8. Назарбаев, Н. Ә. Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана, 2012.
9. Мұқанов, М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982.
10. Жұмабаев, М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
11. Dewey, J. Democracy and Education. – New York: Macmillan, 1916.
12. Piaget, J. The Origins of Intelligence in Children. – New York: W. W. Norton, 1952.
13. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. – Астана, 2007.
14. Оспанов, Б. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2018.
15. UNESCO. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. – Paris, 2017.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ НАНОТЕХНОЛОГИЯ: ХИМИЯДАҒЫ БОЛАШАҚ ИННОВАЦИЯЛАР WEB 3.0 ДӘУІРІНДЕ

Тулекова Айшолпан Ержановна

Қызылорда қаласы, №212 мектеп – гимназиясының
Химия пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Жасанды интеллект химиялық реакцияларды болжауда, молекулалық модельдеуде, деректерді талдауда және химиялық синтезді оңтайландыруда маңызды рөл атқарады. Нанотехнология химиялық реакциялардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін наноматериалдар мен нанокатализаторларды жасау үшін кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, Web 3.0 технологиялары химия саласындағы зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер әкеледі, атап айтқанда, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін шешуге ықпал етеді. Жасанды интеллект, нанотехнология және Web 3.0 технологияларының интеграциясы химия саласындағы инновациялар мен ғылыми зерттеулерді жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл үш технологияның үйлесуі химиялық процестердің тиімділігін, қауіпсіздігін және тұрақтылығын арттырады.

Түйін сөздер: Жасанды интеллект, нанотехнология, химия, Web 3.0, наноматериалдар, нанокатализаторлар, молекулалық модельдеу, химиялық синтез, деректерді талдау, блокчейн, зияткерлік меншік, болашақ инновациялар, децентрализованған технологиялар.



Қазіргі заманда технологиялар адам өмірінің барлық саласында елеулі өзгерістер енгізіп келеді. Жасанды интеллект (ЖИ), нанотехнология және Web 3.0 – бұл үшеуі ғылым мен өнеркәсіп саласында үлкен маңызға ие болып отыр. Химия саласы да бұл технологиялардың ықпалынан тыс қалмайды. Осы баяндамада біз жасанды интеллект пен нанотехнологияның химиядағы қолдану мүмкіндіктерін және олардың Web 3.0 дәуірінде болашақ инновацияларға қалай әсер ететінін қарастырамыз.

Жасанды интеллекттің химиядағы рөлі. Жасанды интеллект (ЖИ) соңғы жылдары барлық ғылыми салаларға еніп, зерттеулер мен тәжірибелерде маңызды құралға айналып отыр. Химиядағы ЖИ-дің рөлі айтарлықтай үлкен. Бұл салада жасанды интеллекттің негізгі қолдану бағыттары мыналар:

- Деректерді талдау және болжау. Химиялық зерттеулер мен тәжірибелер кезінде орасан көп мәліметтер жиналады. Осы мәліметтерді жылдам және дәл талдау – уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді. ЖИ осы мақсатта қолданылады: ол үлкен деректер жиынын өңдеп, белгілі бір химиялық реакциялардың нәтижелерін болжауға қабілетті. Мысалы, молекулалар арасындағы байланыстарды зерттеп, олардың қасиеттерін дәл болжауға мүмкіндік береді. Осылайша, жаңа материалдарды, химиялық заттарды немесе препараттарды синтездеу үдерісі жеделдетіледі.

- Молекулалық модельдеу. Химиялық заттарды жобалау мен модельдеу – күрделі және ұзаққа созылатын процесс. ЖИ осы үдерісті жеңілдетуге және жылдамдатуға көмектеседі. Молекулалық модельдеу арқылы жаңа химиялық қосылыстарды компьютерде есептеп шығарып, олардың қалай әрекет ететінін алдын ала білуге болады. Мысалы, медициналық химияда дәрілік препараттарды жасау кезінде ЖИ көптеген эксперименттерді алдын ала компьютерде модельдей алады, бұл уақытты қысқартады және шығындарды азайтады.

- Химиялық синтезді оңтайландыру. Химиялық синтез – бұл химиялық қосылыстарды құру процесі. ЖИ осы үдерісті оңтайландыруға көмектеседі. Ол қолданыстағы химиялық

реакциялардың тиімділігін арттырып, энергияны аз жұмсай отырып, көбірек өнім алуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект химиялық синтез үдерісін автоматтандырып, химиялық заттарды өндіріп шығару үдерісін айтарлықтай жетілдіре алады. [1,3]

Нанотехнология және оның химиядағы болашағы.

Нанотехнологиялар химия саласында болашақ инновациялар үшін ең маңызды құралдардың бірі болып табылады. Нанотехнологиялар материалдардың наноөлшемдердегі қасиеттерін зерттейді және оларды практикада қолдануға мүмкіндік береді. Химиядағы нанотехнологиялар бірнеше маңызды бағыттарда қолданылады:

Нанокатализаторлар – бұл химиялық реакциялардың жылдамдығын арттыруға және олардың тиімділігін жақсартуға арналған арнайы наноматериалдар. Наноматериалдар жоғары беткі ауданға ие болғандықтан, химиялық реакцияларға әсер ететін молекулалармен тиімдірек өзара әрекеттеседі. Нанокатализаторлар энергияны аз жұмсап, өнімді көбірек алу мүмкіндігін береді. Бұл өнеркәсіпте және зерттеулерде аса маңызды рөл атқарады. Нанотехнологиялар химиядағы болашақ инновациялар үшін жаңа материалдарды құруға мүмкіндік береді. Наноматериалдар дәстүрлі материалдардан ерекше қасиеттерге ие. Мысалы, графен – көміртек атомдарынан тұратын өте жұқа материал, ол өте мықты және жоғары өткізгіштік қасиетке ие. Графен және басқа наноматериалдар жаңа химиялық реакциялар жасауға және бұрын қол жетпейтін заттар жасауға мүмкіндік береді. Нанотехнологиялар химиядағы болашақ инновацияларға медицина саласында да үлкен ықпал етеді. Нанокапсулалар және наночастицалар химиялық заттарды дененің белгілі бір жеріне дәл жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дәрілік препараттардың тиімділігін арттырады және жанама әсерлерді азайтады. Сонымен қатар, наноматериалдар негізінде жасалған сенсорлар химиялық заттардың өте аз мөлшерін анықтап, диагностикалық мүмкіндіктерді жақсартып алады. Web 3.0 дәуірі және химиядағы инновациялар. Web 3.0 – интернеттің жаңа буыны, ол децентрализованған технологияларға және деректерді қауіпсіз әрі сенімді басқару тәсілдеріне негізделеді. Web 3.0 дәуірінде химиялық зерттеулер

де жаңа деңгейге көтеріледі. Бұл кезеңде химия саласындағы болашақ инновациялар үшін бірнеше маңызды бағыт бар:

- Blockchain технологиясы және химиялық зерттеулер. Blockchain – бұл деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оларды децентрализованған жүйеде сақтау әдісі. Химиядағы зерттеу нәтижелерін сақтауда және таратуда бұл технология үлкен рөл атқарады. Blockchain арқылы ғылыми зерттеулердің нәтижелері ашық түрде сақталып, әрбір ғылыми жаңалықтың шынайылығы тексеріледі. Бұл химия саласында жаңа жаңалықтарды тезірек таратуға және патенттеуге көмектеседі.

- Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау. Web 3.0 дәуірінде химиялық жаңалықтарды және зияткерлік меншікті қорғау мәселесі айтарлықтай маңызды болады. Blockchain технологиясы арқылы химиялық зерттеулердің нәтижелерін қорғап, оларды рұқсатсыз қолданудан сақтауға болады. Бұл химиктерге өз зерттеулерін ашық түрде жариялауға және олардың зияткерлік меншік құқықтарының сақталатынына сенімді болуға мүмкіндік береді.

- *Жасанды интеллект және Web 3.0 интеграциясы.* Жасанды интеллект (ЖИ) пен Web 3.0 технологияларының химия саласында интеграциясы ғылым мен өнеркәсіпке үлкен жаңалықтар әкеледі. Web 3.0 дәуірінде химиялық зерттеулер мен өндірістік процестердің тиімділігі жасанды интеллект арқылы жаңа деңгейге көтеріледі. ЖИ химиялық деректерді талдау, модельдеу және болжау арқылы химиялық реакцияларды жылдам және дәл зерттеуге мүмкіндік береді. Web 3.0 ортасында деректердің орталықсыздандырылуы зерттеушілерге бүкіл әлем бойынша химиялық деректерге қол жеткізуді жеңілдетеді. Блокчейн технологиясы арқылы химиялық зерттеулердің қауіпсіздігі мен деректердің сенімділігі артады. Сонымен қатар, ЖИ көмегімен химиялық қосылыстарды синтездеу және жаңа материалдарды жобалау процестері автоматтандырылып, уақыт пен ресурстар үнемделеді.

Мысалы, дәрі-дәрмек жасау саласында жасанды интеллект Web 3.0 арқылы қолжетімді үлкен деректерді талдап, тиімді дәрілерді табуға көмектеседі. Бұл технологиялар химиядағы зерттеу процесін

жеделдетіп қана қоймай, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін де маңызды рөл атқарады. [2,4,5]

Қорытындылай келе, "Жасанды интеллект және нанотехнология: химиядағы болашақ инновациялар Web 3.0 дәуірінде" тақырыбында жасанды интеллекттің химия саласындағы деректерді талдау және болжау рөлін, нанотехнологиялардың жаңа материалдар мен реакцияларды дамытудағы маңызын, және Web 3.0 технологиясының химиялық зерттеулердегі ашықтық пен қауіпсіздікке әсерін қарастырдық. Бұл технологиялар біріге отырып, болашақ химия саласында инновацияларға жол ашады. Жасанды интеллект, нанотехнология және Web 3.0 бірге қолданылғанда, химиялық зерттеулердің тиімділігі артып, жаңалықтар ашуға мүмкіндік береді.

Ұсыныс ретінде айтар едім, жасанды интеллект пен нанотехнологиялар химия саласында тиімді нәтижелер көрсету үшін бұл бағыттағы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруды ұлғайту қажет. Және де мамандарды даярлау Web 3.0 дәуіріне дайын болу үшін жасанды интеллект, нанотехнологиялар және химия саласындағы мамандарды даярлау маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Құдайбергеноұлы, А. (2020). Жасанды интеллект және оның ғылымдағы рөлі. Алматы: «Мектеп» баспасы.
2. Сейітқазы, Ж. (2021). Нанотехнологияның химия саласындағы қолданылуы. Астана: «Фолиант».
3. Жүнісова, Г. (2022). Web 3.0 дәуіріндегі технологиялық жаңалықтар. Алматы: «Атамұра».
4. Төлеуов, А. (2021). Наноматериалдар және олардың химиядағы қолданылу аясы. Қызылорда: «Сырдария» баспасы.
5. Федорова, Е. Г. (2022). Веб 3.0 и его влияние на химические исследования и инновации. Москва: Просвещение.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА STEM ИНТЕГРАЦИЯСЫ

Тимурқызы Айжан

Қызылорда қаласы, №212 мектеп – гимназиясының
Химия пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Зерттеуде химия сабақтарындағы STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) интеграциясының негізгі аспектілері және оның оқу процесіне ықпалы қарастырылады. STEM тәсілі білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытып, ғылыми көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Сабақ барысында тәжірибелік жұмыстар мен жобалық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың химияға деген қызығушылығы артып, олардың шығармашылық және аналитикалық ойлау қабілеттері дамиды. Зерттеуде химия пәніне STEM интеграциясының әдістері, қолданылатын құралдар мен ресурстар талданып, оның білім сапасына тигізетін әсері қарастырылады. Сонымен қатар, STEM тәсілінің оқушылардың сыни ойлауын дамытып, оларды ғылым мен инженерия саласындағы болашақ мамандықтарға дайындаудағы рөлі сипатталады. STEM принциптерін оқу үдерісіне енгізу химияны оқыту әдістерін жаңғыртуға, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға және олардың практикалық білімдерін нығайтуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: STEM интеграциясы, химия сабағы, зерттеу дағдылары, жобалық оқыту, инновациялық оқыту, ғылыми көзқарас, сыни ойлау, тәжірибелік жұмыстар, пәнаралық байланыс, оқушы белсенділігі.



Химия пәні – оқушылардың табиғаттағы заттардың құрылымын, олардың қасиеттерін және өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік беретін ғылым саласы. ХХІ ғасырдың жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі тек қана теориялық білім берумен шектелмей, тәжірибелік және инновациялық әдістерді қолдануды қажет етеді. Осы тұрғыдан STEM (Ғылым, Технология, Инженерия, Математика) тәсілі білім беру процесін жаңаша ұйымдастырып, оқушыларды ғылымға тартып, олардың қызығушылығын арттыруға бағытталған. STEM интеграциясы химия сабағында күрделі химиялық процестер мен заңдылықтарды түсіндіруде маңызды рөл атқарады.

STEM тәсілін қолдану арқылы оқушылар тек білім алып қана қоймай, өздерінің зерттеу қабілеттерін шыңдап, аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыта алады. Технологиялық құралдар мен жобалық жұмыстарды пайдалану оқушыларға білімді өмірде қолдануға мүмкіндік береді, ал инженерлік есептер мен зертханалық жұмыстар оларға нақты шешімдер табуды үйретеді. STEM интеграциясы оқыту процесін қызықты әрі тиімді етіп, оқушылардың болашақта ғылыми-техникалық салаларда жетістікке жетуіне ықпал етеді. STEM тәсілдерінің химия пәніндегі қолданылуы білім берудің заманауи талаптарына жауап беріп, сапалы білім алуға жол ашады. STEM – пәндерді тәжірибелік және кешенді түрде оқыту арқылы оқушыларды ғылыми әдістермен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл интеграция оқушыларды теорияны практикада қолдануға, химиялық зерттеулерді жүргізуге және технологияларды тиімді пайдалануға баулиды. Химия сабағында STEM тәсілін қолдану оқушыларға күрделі тақырыптарды түсінікті етіп жеткізуге мүмкіндік береді [1,2,3] *Химия сабағында STEM қолдану әдістері*. Жобалық оқыту әдісі – оқушыларды білім беру процесіне белсенді қатыстыруға бағытталған тиімді әдістемелердің бірі. Бұл тәсіл арқылы оқушылар белгілі бір тақырып немесе мәселе бойынша зерттеу жүргізіп, практикалық шешімдер табады. Жобалық оқыту барысында оқушылар топтарға бірігіп, ортақ мақсатта жұмыс істейді, өз идеяларын талқылайды, жоспар құрып, оны жүзеге асырады. Мысалы, химия пәнінде оқушыларға су тазарту жүйесін жасау, экологиялық тұрғыдан

қауіпсіз химиялық процестерді зерттеу сияқты жобалар ұсынылуы мүмкін. Жобалық әдіс оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін, коммуникативтік және көшбасшылық дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдану мүмкіндігін береді, нәтижесінде олар алған білімдерін өмірде пайдалана алады. Жобалық оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Тәжірибелік сабақтар - оқушылардың алған теориялық білімдерін іс жүзінде бекітудің тиімді әдісі. Лабораториялық жұмыстар оқушыларға химиялық реакциялардың өту барысын көріп, зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелер оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, ғылыми зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Тәжірибелік сабақтарда оқушылар қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, тәжірибе нәтижелерін талдап, қорытынды жасайды. Бұл әдіс олардың сыни ойлау және логикалық талдау қабілеттерін дамытады.

Технологияны пайдалану. Заманауи технологиялар химия сабақтарын тиімді және қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Виртуалды зертханалар мен компьютерлік симуляциялар оқушыларға тәжірибе жүргізуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе күрделі және қауіпті эксперименттерді үйрену кезінде пайдалы. Оқушылар химиялық процестерді 3D форматта көріп, модельдеу арқылы реакциялардың өту механизмін терең түсінеді. Бұл технологиялар зертханалық жұмыстарды интерактивті және қолжетімді етеді, оқушылардың білім алу сапасын арттырады.

Инженерлік есептер. Оқушыларды инженерлік міндеттерді шешуге және химиялық процестерді жобалауға тарту.

STEM әдісі арқылы оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеті дамып, ғылыми мәселелерді шешуге бейімділігі артады. Олар химиялық құбылыстарды модельдеу, тәжірибе нәтижелерін талдау, есептеулер жүргізу арқылы өз дағдыларын жетілдіреді. Сондай-ақ, топтық жобаларда жұмыс істеу барысында коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттері қалыптасады.

4. *Химияда STEM интеграциясының құралдары мен ресурстары:*
Компьютерлік бағдарламалар: ChemDraw, ChemSketch.

Интерактивті платформалар: PhET симуляциялары, виртуалды зертханалар.

3D модельдеу: Молекулалардың құрылымын қарастыру және модельдеу үшін бағдарламалар.

Лабораториялық жабдықтар: Қауіпсіздік стандарттарына сай жаңа құралдар.

5. *Жасыл химия және тұрақты даму мәселелерін STEM арқылы түсіндіру.*

Оқушыларды экологиялық таза химиялық технологияларға бағыттау және химиялық қалдықтарды азайту әдістерін көрсету арқылы тұрақты даму идеяларын насихаттау. STEM тәсілдері жасыл химияның негізгі қағидаларын мектеп қабырғасынан бастап оқытуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, STEM интеграциясы химия пәнін дәстүрлі оқытудан ерекшелендіре отырып, оқушыларды шығармашылық және зерттеушілік бағытта тәрбиелейді. Технологиялық құралдар мен жобалық әдістердің қолданылуы оқыту процесін қызықты әрі мазмұнды етеді. Химия сабағындағы STEM тәсілдерінің қолданылуы болашақ ұрпақтың ғылымға қызығушылығын арттыруда және заманауи талаптарға сай білім алуында үлкен рөл атқарады. Оқушылардың химияны терең түсініп, оны өмірде қолдану үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын көрсетеді. STEM интеграциясы – химияны оқытуда инновациялық жолдың бірі [4,5]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айтқұлова, С. Б. (2021). STEM білім берудің негіздері және оның мектеп бағдарламасындағы рөлі. Алматы: Ұлттық Білім Академиясы.

2. Баймұратов, Қ. Т. (2020). Химияны оқыту әдістемесі: тәжірибелік сабақтар мен жобалық әдістер. Нұр-Сұлтан: Білім баспасы.

3. Мұратбекова, Л. Ә. (2022). Химия пәніндегі инновациялық

әдістер мен құралдар. Қарағанды: Инновациялық Білім Баспа Үйі.

4. Зертханалық жабдықтар мен қауіпсіздік стандарттары (2021).
Химия пәнін оқытудың қауіпсіздік нұсқаулығы. Алматы: Білім
баспасы.

5. Құдайбергенов, А. Е. (2023). STEM білім берудегі
тәжірибелер: Химия және биология сабақтары. Шымкент: Білім
баспасы.

ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ CRISPR-CAS9 ЖҮЙЕСІ: ГЕНОМДЫ ДӘЛДІКПЕН РЕДАКЦИЯЛАУ

Абдуллаева Алия Болатбековна

Қызылорда қаласы, №212 мектеп – гимназиясының
Биология пәнінің мұғалімі
Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта: eurasiainnovation@gmail.com

Аңдатпа

Мақалада қазіргі биотехнология саласындағы ең үлкен жаңалықтардың бірі болып саналатын CRISPR-Cas9 жүйесі мен оның геномды дәлдікпен редакциялаудағы рөлі жан-жақты қарастырылады. CRISPR-Cas9 – генетикалық материалға мақсатты түрде әсер етіп, белгілі бір ДНҚ бөліктерін өзгертуге мүмкіндік беретін қуатты молекулалық құрал. Жүйенің тиімділігі мен қарапайымдылығы оны ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ауыл шаруашылығында, медицинада және генетикалық ауруларды емдеуде кеңінен қолдануға жол ашты. Баяндамада CRISPR-Cas9 жүйесінің жұмыс істеу механизмі, оның артықшылықтары мен шектеулі тұстары, сондай-ақ адам геномына араласу арқылы пайда болатын әлеуетті қауіптері сипатталады. Сонымен қатар, бұл технологияны қолданудың этикалық және құқықтық аспектілері де назардан тыс қалмайды. Адам геномын редакциялау – келешекте көптеген ауруларды емдеуге жол ашуы мүмкін, алайда оның теріс салдары да болатынын ескерген жөн. Осы мәселелер төңірегінде ғылыми қауымдастық арасында пікірталастар жалғасуда. Баяндамада аталған технологияны қауіпсіз және жауапты түрде қолданудың маңыздылығы ерекше атап көрсетіледі.

Түйін сөздер: Гендік инженерия, CRISPR-Cas9, геномды редакциялау, ДНҚ, биотехнология, генетикалық модификация, этика, құқық, қолданбалы генетика.



Генетика мен биотехнологиядағы ғылыми жетістіктердің дамуымен гендік инженерия адамзатқа геном деңгейінде өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. CRISPR-Cas9 жүйесі – бұл табиғи түрде бактерияларда кездесетін және олардың иммундық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жүйе. Алайда заманауи ғылымда бұл жүйе ғалымдарға геномды нақты және мақсатты түрде редакциялауға мүмкіндік беретін озық құралға айналды. Бұл баяндамада CRISPR-Cas9 жүйесінің механизмі, оның ерекшеліктері мен қолданылуы, сонымен қатар оның ғылыми және этикалық мәселелері талқыланады.

CRISPR-Cas9 жүйесінің механизмі. CRISPR (Clustered Regularly Interspaced Short Palindromic Repeats) – бұл бактериялар мен археяларда кездесетін ерекше ДНҚ сегменттері. Бұл сегменттер вирус ДНҚ-сын тану және жою үшін бағытталған және бактериялардың иммундық жады болып табылады. Cas9 – бұл CRISPR жүйесінің құрамына кіретін фермент, ол ДНҚ молекуласын нақты белгілі бір жерде кеседі. Жүйе мақсатты геном аймағын дәл анықтау үшін гиді-РНҚ (guide RNA) пайдаланады. Бұл РНҚ жүйені қажетті ДНҚ тізбегіне бағыттайды және Cas9 ферменті дәл сол жерде кесу жасайды.

Артықшылықтары мен шектеулері. CRISPR-Cas9 жүйесінің басты артықшылықтарының бірі оның дәлдігі мен тиімділігі болып табылады. Бұл жүйе басқа геномды редакциялау құралдарынан қарағанда қарапайым және арзан болып табылады. Сонымен қатар, CRISPR-Cas9 технологиясын қолдану арқылы генетикалық ауруларды емдеу, өсімдіктердің және жануарлардың қасиеттерін жақсарту, сондай-ақ жаңа дәрілік заттарды әзірлеу мүмкіндігі пайда болады[1,2,3]

Дегенмен, CRISPR-Cas9 жүйесінің шектеулері мен қауіптері де бар. Көптеген зерттеулер бұл технологияның кейбір кезде мақсаттан тыс ДНҚ кесулерін жасайтынын, яғни, off-target эффектілерін тудыруы мүмкін екенін көрсетті. Бұл күтпеген мутацияларға және геном тұрақтылығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, CRISPR-Cas9 жүйесінің пайдалану этикасы, адам геномын

өзгертуге байланысты моральдық мәселелер жиі көтеріледі.

Қолдану салалары. CRISPR-Cas9 жүйесінің кең қолданыс салалары бар. Оның ішінде:

1. Медицина: Генетикалық ауруларды емдеу мақсатында CRISPR-Cas9 жүйесін қолдану кеңінен зерттелуде. Бұл технология арқылы муковисцидоз, бұлшықет дистрофиясы сияқты ауруларды емдеу және қатерлі ісікке қарсы жаңа емдеу әдістерін жасау қарастырылады.

2. Ауыл шаруашылығы: Өсімдіктер мен жануарлардың өнімділігін арттыру үшін геномды редакциялау әдістерін қолдану жиі кездеседі. CRISPR-Cas9 технологиясы арқылы өсімдіктердің зиянкестерге төзімділігін күшейту, климаттық өзгерістерге бейімделетін жаңа сорттарды шығару мүмкіндігі бар.

3. Ғылыми зерттеулер: CRISPR-Cas9 жүйесі геномды функционалды зерттеу мен гендік экспрессияны талдау үшін таптырмас құрал болып саналады. Ол гендердің функциясын анықтауға және олардың жасушалық процестерге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Этикалық және заңнамалық аспектілері. Геномды редакциялау этикасы – бұл CRISPR-Cas9 технологиясын қолданудың ең күрделі аспектілерінің бірі. Адам геномын өзгерту адамзаттың табиғи дамуына әсер етуі мүмкін. Бұл технологияның дамуы адам геномының тұқым қуалайтын өзгерістерін жасауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде болашақ ұрпаққа әсер етуі мүмкін. Сондықтан кейбір ғалымдар мен этикалық топтар CRISPR-Cas9 жүйесін қолдануда сақ болуға және бұл технологияны қолданудың заңнамалық реттеуін қарастыруға шақырады.

Қорытындылай келе, CRISPR-Cas9 жүйесі – бұл геномды дәлдікпен редакциялаудың қуатты құралы. Оның медицина, ауыл шаруашылығы және ғылыми зерттеулер саласындағы қолданылуы үлкен үміт арттыруда. Алайда, бұл технологияны қолдану барысында этикалық және заңнамалық мәселелерді ескеру маңызды. CRISPR-Cas9 жүйесі адамзаттың болашағын өзгертуі мүмкін, бірақ бұл өзгерістердің пайдасы мен қауіптерін мұқият саралау қажет [4,5]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қуандықов, А. С. (2021). Генетика және биотехнология негіздері. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
2. Мұхамбетова, Ж. Б. (2021). Гендік инженерия және оның медициналық қолданбалары. Астана: Фолиант.
3. Сағындықов, М. Т. (2019). Биологиядағы заманауи технологиялар: CRISPR жүйесінің қолдану аясы. Алматы: Ана тілі.
4. Беляев, Д. К. (2020). Генетическое редактирование: CRISPR-Cas9 и перспективы науки. Санкт-Петербург: Наука.
5. Петров, А. В. (2021). Молекулярная биология и генетика: современные подходы. Новосибирск: Сибирское университетское издательство.

■ Eurasian Innovative Scientific Research Center

Eurasian Science Review

Proceedings of the International Scientific-Practical Conference "Holistic Education:
System of Values, Progress, and Quality"
29-30 October 2024, Baku, Azerbaijan

Special Issues
October 2024

ISSN:3006-1164